In this article, the author revealed the history of the origin of the etiquette of "greeting" in the Kazakh and Chinese oral speaking language style, the level of the research and showed the types of forms of greeting, its linguocultural features. The article examines the language vocabulary used by the Kazakhs and Chinese in greetings, features and similarities of gestures, types and areas of application of "greetings". It was also noted that the Kazakh-Chinese language communication is carried out in accordance with the established rules and principles of the country, and it is necessary to recognize the similarities and differences of the features of the language etiquette in the Kazakh and Chinese languages. Every nation has its own norms of speech in society according to its national level and customs. Speech is used taking into account not only the age and environment of the interlocutors, but also the traditions of the country. In inter-state relations, using speech etiquette without knowledge of the customs and traditions of that country may cause difficulties or resentment. Therefore, when establishing contacts with representatives of a country, it is important to be aware of the consciousness of the people living in that country. Correct use of speech etiquette or language by the interlocutor clearly shows the level of attitude and respect people have for each other. Kazakh and Chinese society was formed in ancient times. However, our study is based on the fact that the speech of the two peoples is based on the laws of nomadic and sedentary way of life, as well as on the transmission and continuation of traditions and customs of this period.

Key words: language etiquette, globalization, mechanism of the tradition, determination, etiquette norms, linguocultural, linguistics.

 © 2022 Al-Farabi Kazakh National University

А.Р. Ибраимова
Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
e-mail: ibraimova.a.r@inbox.ru

Лингвокультурологические особенности этики «*приветствия*» на казахском и китайском языках

В данной статье автором раскрыта история возникновения этикета «приветствия» в устной речи казахского и китайского языков, отмечен уровень исследования и показаны типы форм приветствия, его лингвокультурологические особенности. В статье исследуется языковая лексика, используемая казахами и китайцами во время приветствия, особенности и сходство жестов, типы и сферы применения «приветствий». Также было отмечено, что языковое общение на казахском и китайском языках осуществляется в соответствии с установленными правилами и принципами страны, и необходимо признать сходство и различие особенностей языкового этикета в казахском и китайском языках. У каждой нации есть свои нормы речи в обществе в соответствии со своим национальным уровнем и обычаями. Речь используется не только с учетом возраста и окружения собеседников, но и традиций страны. В межгосударственных отношениях использование речевого этикета без знания обычаев и традиций этой страны может вызвать трудности или негодование. Поэтому, устанавливая контакты с представителями одной страны, необходимо чувствовать сознательность людей, живущих в этой стране. Правильное использование собеседником речевого этикета или языка наглядно показывает уровень отношения и уважения людей друг к другу. Казахское и китайское общество сформировалось в глубокой древности. Однако в основе нашего исследования лежит тот факт, что речь двух народов основана на законах кочевого и оседлого образа жизни, а также на передаче и продолжении традиций и обычаев этого периода.

Ключевые слова: языковой этикет, глобализация, механизм традиции, детерминация, этикет, лингвокультурология, лингвистика.

Кіріспе

Бүгінгі жаһандану заманында көп тіл білетін адамның қоғамдағы алатын орны ерекше. Ал, тіл – ұлттың болмысын, дүниетанымын, рухани байлығын сипаттайтын негізгі құрал болып табылады. Себебі, адам тіл арқылы өз халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпы мен өмір сүру салтының ерекшеліктерін, атадан балаға қалдырған аманатын жеткізе алады. Сөйлеу этикетінің адамдардың әлеуметтік ортада бір-бірімен сыпайы түрде тілдік қарым-қатынас орнатуында, сөйлеу барысында бір-біріне ізеттілік танытуында алатын орны ерекше. Кез келген халықтың ұлттық болмысы тіл арқылы дамып, қалыптасады және тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырады.

Тілдің коммуникативтік қызметінің қоғамдағы атқаратын ролі өте маңызды. Сұхбаттасушылар арасындағы тілдік қатынастың нәтижелі болуы сол қоғамда қалыптасқан сөйлеу деңгейімен, ұлттың мәдениетімен және олардың мінез-құлқының деңгейімен тығыз байланысты. Ал, әр мемлекеттегі ұлт өкілдерімен тілдік қарым-қатынасқа түсу үшін сол елде қалыптасқан халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын жақсы білу қажет.

Тілдік этикетке амандасу, қоштасу, алғыс айту, құттықтау, танысу, кешірім сұрау т.б. нормалары жатады. Бірнеше елдің этикет нормаларын зерттеуші ғалымдар тілдік коммуникацияны зерттеу барысында ұлттардың мәдени ерекшеліктері әртүрлі болу себебінен тілдік қарым-қатынас кезінде де қиындықтар туындайтындығын дәлелдеген.

Көптеген зерттеушілердің пікірінше, тілдік этикетте ұлт дәстүрі міндетті түрде сақталуы тиіс. Себебі, адам шыр етіп дүниеге келіп, өз ортасынан тәрбие алғанда өмір сүріп отырған қоғамның қасиетін бойына сіңіреді. Яғни, адам баласының туған жерге, өз еліне деген сүйіспеншілігі осының дәлелі болып табылады. Сонымен қатар қоғамдағы тілдік этикет мәселесі де ұлттық менталитетке байланысты туындайды. Адам баласы қорғашан ортада тілдік қарым-қатынасқа түскенде тіл мәдениетіне үлкен көңіл бөлуі тиіс. Осыған орай, қазақ және қытай тілдеріндегі «сәлемдесудің» лингвомәдени ерекшеліктерін ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрге негіздей отырып, салғастыра зерттеу қажет.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Қазіргі таңда мемлекеттер арасындағы саяси, экономикалық, әдеби, мәдени, әскери қарым-қатынастар белсенді түрде дамуда. Ал,

екі жақты келісім-шарт пен сұхбаттасудың нәтижелі, табысты болуы тілдік этикет формаларын дұрыс қолдануға тікелей байланысты. Осыған орай, біздің мақсатымыз – қазақ және қытай тілдеріндегі *«сәлемдесу»* ерекшеліктерін салғастырмалы түрде қарастыру. Сонымен қатар, қазақ, қытай тілдік этикетінің лингвомәдени ерекшеліктерін атап өту, сәлемдесудің ұлттық сипаты мен дәстүрін, тілдік қатынас әрекетінің болмысын көрсету, *«сәлемдесу»* тақырыбы бойынша қазақ және қытай тілдеріндегі сөздердің қолдану саласын зерделеу. Әрбір халықтың салт-дәстүрі, эстетикалық талғамы, әдеп нормалары уақыт өте келе өзгеріп отыратын тарихи құбылыс. Олар сол тілде айқын көрініс табады және сөйлеу әдебінің арнайы ережелері ретінде сөйлеу этикетін анықтайды. Адамдардың сөйлеу этикеті әр уақытта мәдени дәстүр механизмі арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырады. Атап айтсақ, *«сәлемдесу»* сөзін дәстүрлі этикет нормасына жатқызуға болады. Сұхбаттасушылардың бір-бірімен қарым-қатынасы жайлы сөз қозғағанда тіл мәдениетін атап өтпеу мүмкін емес. Себебі, адам қоғамда тұлға ретінде өзін жетілдіре отырып, қоршаған ортамен тілдік қарым-қатынас орнатады.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Мақаланы жазу барысында қазақ және қытай тілдеріндегі «сәлемдесу» этикетінің ерекшеліктеріне байланысты талдау, сипаттау, тарихи, салыстырмалы-салғастырмалы және эмпирикалық ғылыми-зерттеу әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Тіл мәдениетінің іліміне тоқталатын болсақ, ең алғаш рет Ежелгі Грециядa Протагор шешендік өнер негізін салған (Ошақбаева Ж.Б., 2018). Сонымен қатар, бұл сөйлеу тілі Египетте, Ассирияда, Вавилонда және Үндістанда дамыған. Орта ғасырдағы белгілі ойшыл Әл-Фараби өз жұмыстарында тіл мәдениетінің проблемаларына тоқталған болса, қазақ этикасының қалыптасуына Қорқыт бабамыз үлкен үлес қосқан, оның үлгі-өнеге, өсиет, нақыл сөздері қазақтармен қатар барша түрік халықтарында кең таралған. Ал, Қорқыт жырлары имандылық пен ізеттілік, адамгершілік пен парасаттылықты меңзеген.

Шығыстың ғұлама ойшылы Әбу Насыр Әл-Фараби (870-950 жж.) өзінің әлеуметтік-этикалық мәселелеріне арналған шығармаларының жинағында қайырымдылық, ізгілік, ар-ождан, даналық, кішіпейілділік секілді қасиеттерге философиялық тұрғыдан өз көзқарасын білдіреді. «Бақыт және оған жету жолдары» туралы: «Адамдар бірлестігі шынайы бақытқа жеткізетін істерде өзара көмектесу мақсатын қойған қала – қайырымды қала болып табылады, ал адамдарды бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын қоғам – қайырымды қоғам. Барлық қалалары бақытқа жету мақсатымен бір-біріне көмектесіп отыратын халық – қайырымды халық деп тұжырымдаған (Қоңырбаева К., 68). Ежелгі Қытайдың ұлы ойшылы Конфуций (б.э.б. 551-479 жж.) алғаш рет адамның кісілік тұлғасы туралы ой қозғаған философ. Ол – «Дәстүрге деген құрмет әрқашан осы дәстүрді беретін үлкендерге, ең алдымен ата-анаға деген құрметпен байланысты» – деп өз көзқарасын білдірген (Сағиқызы А., 2013). Жалпы, лингвомәдениет – XX ғасырдың 90-шы жылдары рәсімделген жеке пәнаралық бағыт болып табылады. Бұл пән тіл м ен мәдениеттің «диалогынан» немесе когнитивтік-прагматикалық байланысынан тұрады.

Қазақ және қытай халқының этикет тақырыбына Ф.Даулетова «Китай: мифы и реальность», Д.Мәсімханұлы өзінің «Қытай туралы қырық сөз» атты еңбегінде тоқталып өткен. Ал, тілдік этикет тақырыбын Қазақстанда мәдениаралық тұрғыда З.Сабитова, Ж.Манкеева, Ж.Кенжебекова, Қырғызстанда П.Кадырбекова, Қытайда Ли Вэй, Суй Жань, Лю Вэй Цзинь, Ху Явэй, Ресейде Б.В.Макаров, Т.А.Бычкова, А.А.Маслов, Э.Я.Соловьев, Н.П.Романова т.б. ғалымдар зерттеген.

Зерттеуші ғалым Н.И.Формановская тілдік этикетке: «Тілдік этикет дегеніміз – қоғамдағы тілдік қатынасты реттейтін, сұхбаттасушымен тілдік байланысты жалғастыратын немесе үзетін дауыс мәнері және қалыптасқан ұлттық өзіндік ерекшелігі бар, стереотипті қарым-қатынас формуласы болып табылады деп анықтама берген (Сабитова З.К., 2012). Ал, зерттеуші Е.А.Журавлева мен А.Г.Немцова – «Тілдік этикет – адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынаста қалыптасқан мінез-құлық ережелерінің жиынтығы» – деп пікір білдірген (Журавлева Е.А., Немцова А.Г., 238). Зерттеушілердің пікіріне сүйенсек, тіл мәдениетінің сөйлеу әдебіндегі алатын орны бөлек. Кез келген ұлт өзінің ежелгі заманнан бері қалыптасқан даму тарихына сүйене

отырып дамиды, қалыптасады. Ал, тілдік этикет сол қоғамның қалыптасу тарихымен бірге жетіліп отырды. Ұлттың мәдени тарихы мен тілдік этикетін бөліп қарастыру мүмкін емес.

Жалпы, лингвомәдениет ұғымы – XX ғасырдың 90-шы жылдары рәсімделген жеке пәнаралық бағыт болып табылады. Бұл пән тіл мен мәдениеттің «диалогынан» немесе когнитивтік-прагматикалық байланысынан тұрады (Бейсенова Ж.С., Ибраева А.Б., 2014). Тілдік этикет ұлттық құбылыс. Бір халықта сыпайы деп саналатын ұғым сұхбаттасушыға басқа тұрғыдан қарағанда сенімсіз қарым-қатынас ретінде түсіндірілуі мүмкін. Халықтың ұлттық менталитетіне сәйкес, сөйлеу мәнері де әртүрлі. Мысалы, Кавказдың кейбір халықтарының салты бойынша бірнеше құттықтау формулалары бар. Олар сәлемдесу кезінде адресаттың жас ерекшеліктерін, атқарып отырған лауазымын, қоғамдағы алатын орнын, тұрмыс-тіршілігін де ескеруі тиіс.

Тілдік коммуникация бірнеше компоненттерден тұрады. Олар – адресант, хабарлама, мәтін, адресат және тіл. Яғни, тілдік коммуникацияны жүзеге асыру үшін берілген шарттар жеткілікті болып табылады. Коммуникация барысында адресант белгілі бір мәтіннен туындаған хабарламаны адресатқа жібереді, яғни берілген мәтінді түсіне отырып, хабарламаны қабылдайды (Успенский Б.А., 2007). Берілген компоненттер *«сәлемдесу»* барысында да кеңінен қолданылады.

Ел мәдениетіндегі ұлттық дәстүрлер, менталитет ерекшеліктері және халық құндылықтары дипломатиялық деңгейде де, іскерлік байланыстар мен халықаралық қызметте де ескерілуі тиіс. Этикет жайлы сөз қозғағанда, мәдениеттің түрлі аспектілерін оның ішінде ойлау, мінез-құлық, іскерлік этикасының ерекшеліктерін де айта кеткен жөн. Лингвомәдени тұрғыдан мәдени сөздерді саралау барысында шет тіліндегі лексиканың тура және ауыспалы мағыналарының қолдану орнын білу қажет.

Адамзат баласының тарихындағы ең ұзақ жасаған (үш мың жыл) әлеуметтік-тарихи формацияның, «атты көшпелі өркениеттің» [М.Әуезов, С.Ақатай] немесе «далалық өркениеттің» [А.Қасымжанов] өн бойында осы территорияны мекендеген көшпелі этностардың үздік жетістіктерін бойына сіңіре отырып, өзіндік көшпелі шаруашылық-мәдени дәстүрін сақтап қалған бірден-бір халықтардың бірі – қазақтар. Сондықтан да олардың дәстүрлі этномәдениетінің негізгі архетипі – көшпенділік (Өмірбекова Ә.Ө., Жаңабаева Д.М., 2013).

Қазақстан тәуелсіздік алған уақыттан бері әлем халықтарымен мәдени, экономикалық байланысын уақыт өткен сайын дамытуда. Сонымен қатар білім беру және ғылым саласында да алдыңғы қатарға шығуға барынша ұмтылуда. Қазақстан көптеген мемлекеттермен тығыз қарым-қатынас жасайды. Олардың бірі – көршілес жатқан Қытай Халық Республикасы. Қазақ және қытай халықтарының даму тарихы бірнеше кезеңнен өткен және әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Тілдік этикеттің дәстүрге байланысты болуының басты себебі де осыдан туындайды.

Кез-келген кездесу, алғашқы танысу, жүздесу барысындағы әңгімелесу *«сәлемдесуден»* басталады және тілдік этикеттің маңызды бір бөлігі болып табылады. Сонымен қатар, әрбір ұлт өкілі кездесу барысында сәлемдесуде өз халқында қабылданған ишарат амалдарын да қолданады. Себебі, әр халықтың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан өзіне тән сәлемдесу әдебі бар. Берілген мақалада сәлемдесу нормаларын негізге ала отырып, қазақ және қытай халықтарының сәлемдесу әдет-ғұрыптарының ерекшеліктеріне тоқталамыз.

Адам белгілі бір мәселені талқыламас бұрын сұхбаттасушымен сәлемдеседі. *«Сәлемдесу»* – адамдардың бір-біріне деген құрметін, жылы ықыласын, мейірімін көрсетудің үлгісі. Қазақ халқының *«сәлем түзелмей әлем түзелмейді»*, «*сәлеміміз түзу*», «*сәлемнен кете қойған жоқпыз*» деген сөз түсініктері екіжақты татулықты, сұхбаттасушы тарапына деген жылы шырайды білдіреді. Көпшіліктің арасына, жиынға сырттан келген адам бірінші болып сәлемдеседі. Ал, жас ерекшеліктеріне байланысты қарастыратын болсақ, жасы кіші адамдар жасы үлкен адамға барып сәлемдеседі.

Қазақ халқы сәлемдесу этикетіне ерте кезден-ақ мән берген және сұхбаттасушының сәлеміне қарай жауап берген. Қазақта *«Сәлем – сөздің анасы»* деген мақал бар, яғни, адамдар сәлемдескеннен кейін барып қал-жағдай сұрасқан. Себебі, сұхбаттасу барысы адресат пен адресанттың көңіл-күйіне байланысты дамиды. Сәлемдесудің ең басты шарты – жылы шырай немесе ізгілік таныту. Сәлемдесу кезінде сәлем беруші (адресант) пен сәлем алушының (адресаттың) қас-қабақ, бет-жүз құбылысы, даусы маңызды қызмет атқарады. Сұхбаттасушылардың тілдік этикетті дұрыс пай-

далануымен қатар, жылы жүзі, әсем күлкісі мен әуезді үні айналадағы адамдарға қуаныш сыйлайды. Сол себептен, әркім сәлемдесуді емес, қалай сәлемдесуді білу, өзінің қас-қабағы, бет-жүзі, дауыс құбылысын қадағалап, алдындағы адамға жақсы әсер қалдыратындай болуына талпынуы керек. Ал, қол беріп сәлемдесу – шынайы ізгі ниетті білдіреді. Осы орайда, адамдардың сұхбаттасушымен сәлемдесу барысында вербалды, яғни, тілдік қарым-қатынастарды амалдардан бөлек бейвербалды және паралингвистикалық амал-тәсілдердің де алатын орны ерекше екендігін атап өту қажет. Себебі, осы ым-ишараттар арқылы сұхбаттасушы өзінің көңілкүйі мен бет-бейнесінің шынайылығын көрсете алады.

Қазақ халқы ежелден көшпенді өмір сүріп, мал және егін шаруашылығымен айналысқан. Қазақтар өз өмір сүру салтын дала, дәстүр өркениетін ұлттық мәдениетпен байланыстырып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып отырған. Мысалы, қазақ халқында кең таралған сәлемдесу түрлеріне:

– *Ассалаумағалейкүм!*
– *Уағалайкумассалам!*
– *Мал-жан аман ба?*
– *Армысыздар!*
– *Сәлеметсіз бе?*
– *Сәлем!*
– *Амансыз ба?*
– *Есенсіз бе?* – түрлері жатады.

Қазақ халқы осы сәлемдесу сөздерін қолданып, туған туыстың, *көрші -қолаңның, ағайын-туғанның, үлкен мен кішінің* хал-жағдайын сұрасып отырған. Сонымен қатар, қазақ халқының мезгілге байланысты сәлемдесу формаларын да айта кетсек:

– *Қайырлы таң!*
– *Қайырлы күн!*
– *Қайырлы кеш!*
– *Қайырлы түн!*
– *Кеш жарық!* т.б. түрлері жатады.

Қытай халқы мәдениеті мен өркениеті ежелгі заманда дамыған елдердің бірі болып табылады. Алайда, қазақ халқы мен қытай халқының даму жолдары әр түрлі. Себебі, қытайлықтар отырықшы және ежелден егін шаруашылығымен айналысқан халық. Қытайлықтардың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан білімі мен даналығы, қарым-қатынас ережелері, адам мен табиғат, адам мен қоғам арасындағы үйлесімділігі әлем мәдениеті қазынасының бұрынғысы мен болашағына баға жетпес үлес қосты (Казакова И., 2017). Себебі, Қытайдағы Конфуций идеологиясына негізделген этикет принциптері ежелгі кезде пайда болып, әлі күнге дейін жалғасын табуда. Этикет принциптері адамдардың іс-қимылынан ғана емес, тілдік нормаларды дұрыс қолдануынан да көрініс табады.

Аспан асты елі өкілдері осыдан 2000 жыл бұрын бір-бірімен қолдарын кеуделеріне қойып немесе иіліп сәлемдесетін болған. Бұл ишаратты қолдануда дәрежесі төмен адам дәрежесі жоғары адамға иілген, немесе, сол алақанына оң жұдырығын қойып, басын сәл иіп амандасқан. Қазіргі уақытта «Батыс қоғамына еліктеу» әсерінен бұл дәстүрлер өте сирек қолданылатын болды. Бүгінгі таңда қытайлықтар бірін-бірі кездестіргенде қол алысып амандасады. Егер де сіз жолыңыз түсіп, Қытайға бара қалсаңыз, қытайлықтармен қол алысып амандасуыңызға болады. Бірақ, сіз емес, керісінше ол бірінші болып қолын ұсынуы тиіс. Керісінше бола қалған жағдайда, сұхбаттасушыны ыңғайсыз жағдайға қалдыруыңыз мүмкін. Қытайдағы күлімсіреу және бас изеу арқылы да амандық сұрау – олардың амандасу барысындағы ым-ишарат білдіру жоралғысы болып табылады.

Ал, ауызекі сөйлеу тілін қолдану арқылы *«сәлемдесу»* этикетіне келетін болсақ, ежелгі қытай қоғамы тарихында ғасырлар бойы аштық орын алған болатын. Сонымен қатар қытайлықтардың тамақ табуы үлкен жетістік болып есептелген. Осыған орай, сәлемдесудің төмендегідей ерекше түрін дәстүр есебінде әлі күнге дейін сақтап қалған. Қытайлықтар әлі күнге дейін *«你吃饭了吗？ (Nǐ chīfànle ma?) – Тамақтандыңба?»* сөзін дәстүрлі түрде қолданып келеді. Алайда, бұл әрекеттің сұхбаттасушының тамақ ішкен-ішпегендігіне еш қатысы жоқ. Бірақ, жауап беру барысында сыпайы түрде *«是的，谢谢。你呢？ – Shìde, xièxie. Nǐ ne? – Ия, рахмет. Сен ше?»* деп жауап берген жөн. Сәлемдесудің (*问候wènhòu немесе 打招呼 dǎ zhāohu)* бұл түрі – қытайлықтардың білдірген сыпайылығының белгісі, еуропалықтардың *«қалыңыз қалай?»* деген сөзіне сәйкес келеді. Сұхбаттасушыдан тамақтанғаны туралы сұраудың тарихы ерте замандағы ашаршылық заманынан бастау алған. Егер де сұхбаттасушы тамақтанған болса, онда *«киімі көк, тамағы тоқ»* дегенді, жағдайының жақсы екендігін білдіреді (Huang Hong, 2007).

Ал, қытай тіліндегі кең таралған сәлемдесу түрі – *«你好! Nǐ hǎo！ – Сәлем!»* Бұл сөз *«сен»* және *«жақсы»* сөздерінен құралады. Ол сөзбе-сөз аударғанда *«сен жақсы»* деген мағынаны

білдіреді. Бұл дегеніміз, сұхбаттасушы сенің жақсы болғаныңды қалайды деген сөз.

Қазақ халқының ерте кезден дамып келе жатқан дәстүрі бойынша оң қолын сол төсіне қойып, басын иіп сәлем берген. Ал, туғантуыстар, жора-жолдастар ұзақ уақыт көріспеген кезде төс қағыстырып немесе құшақ жайып амандасады. Ал, жасы кіші адам жасы үлкен адамға бірінші барып, сәлем береді. Бұл дәстүрлер әлі күнге дейін ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан және әрі қарай да жалғасын табатын тамаша үрдіс.

Осыған сәйкес, қытай тілінде де мезгілге байланысты:

– 早晨好！– *Zǎochenhǎo! – Қайырлы таң!*
– 上午好！– *Shàngwǔhǎo – Қайырлы таң!*
– 下午好！– *Xiàwǔhǎo! – Қайырлы күн!*
– 晚上好！– *Wǎnshàng hǎo! – Қайырлы кеш!* – сөздері сәйкес келеді.

Қытайлықтар кейбір кезде сәлемдесу кезінде *«你 – nǐ, сен»* есімдігінің орнына *«您 – nín, сіз»* есімдігі де қолданады. Қытай тіліндегі иероглифтерді жақсы меңгерген адам бірінші иероглифтің астына «жүрек» кілті жазылғанын біледі. Аталған *«您 – nín, сіз»* иероглифі, жасы үлкен, жоғары мансаптағы адамдарға немесе сыйлы адамдарға қолданылады. Ал, кіші адамдарға *«你 – nǐ, сен»* есімдігін қолдана беруге болады. *«你吃饭了吗？– Nǐ chīfànle ma?* – Тамақтандың ба?» аман сәлем түрі басқа халықтарда кездесе бермейтін, қытай халқында ғана бар ерекше бір дәстүр. Сәлемдесудің бұл түрінің өзінің қолдану уақыты мен ерекшелігі бар (Мәсімхан Д., 2014).

Қытайдың тілдік этикетіне сәйкес адамның атын тек достары мен туысқандары атай алады. Сондықтан да сұхбаттасушыға немесе әріптестерге тек тегін атап тілдік қатынас жасай алады. Мысалы: «王老师 – *Wánglǎoshī – Ван ұстаз», «丁 小姐 – Dīngxiǎojiě – Дин бикеш», «李 大夫 – Lǐdàifu – Ли дәрігер»* т.б. Бұл дегеніміз, қытай халқында дәстүр бойынша жанұя мен қоғам бірінші орында, ал, адам кейінгі орында деген мағынаны білдіреді. Сонымен қатар, «同志 – *Tóngzhì – Жолдас»* деген сөз кең таралған. Мысалы, «王同志 – *Wáng tóngzhì – Жолдас Ван».* Ал, шетелдіктермен сөйлесу барысында адамдарға «先生 – *Xiānsheng – Мырза», «夫人 – Fūrén – Ханым», «小姐 – Xiǎojiě – Бикеш»* қаратпа сөздерін қолдана аламыз (Xia Zhi Qiang, 2021).

Кез келген тілде адамды қоршаған орта, халықтың менталитеті, ұлттық сипаты, салт дәстүрі, ұлттық құндылығы мен ғаламдық бейнесі мәдениет арқылы көрініс табады. Яғни, осы сипаттама арқылы әлем тілдерінің бір бірінен ерекшеленетінін байқаймыз (Ахметжанова З.А., 2006).

Қазақ тіліндегі сұхбаттасу қытай тілінен өзгешелеу болып табылады. Қазақ халқы жасы кішілерге *балам, шырағым, қарағым, айналайын, қалқам, бауырым, қарындасым* деп сөйлесе, жасы үлкендерге *ағай, апай, ата, әже, жеңгей, тәте, аға* деп тілдеседі. Ресми қарым-қатынаста жасы үлкендерге немесе жасы кіші болғанымен лауазымы үлкен болса, оған құрметін білдірудің белгісі ретінде *Бәке, Әбеке, Сәке, Ереке* сөздері, *мырза, ханым* сияқты сөздерді пайдалануға болады. Қазақ және қытай тілдеріндегі этикет сөздерінің қолданылу тәртібінің айырмашылықтарымен бірге ұқсастықтары да бар. Себебі, екі тілде де лингвомәдени норма сақталған. Ал, бұл норманың негізгі фундаменті – әдептілік пен ізеттілік және үлкенді сыйлаудың белгісі.

Бүгінгі қоғамда сөйлеу этикеті қоғамдағы, отбасындағы қарым-қатынастан бөлек, интернет желілері, ұялы телефон, электрондық пошта арқылы байланыстың да маңызы орасан зор. Сұхбат адам мен адамның кездесуі барысында ғана жүзеге асырылмайды, сонымен қатар, телефон арқылы да болуы мүмкін. Телефон шалған сұхбаттасушы алдымен сәлемдесіп барып қана өз шаруасына көшеді. Мысалы, Жапония фирмасында телефонмен үш минут ішінде өз шаруасын шеше алмаған адамды ұзақ ұстамайды. Ал, қытайлықтарға келетін болсақ, олар үшінші жақтан ешқашан сөйлемейді. Олар сөйлеу барысында *«Алло, сәлеметсіз бе! –* 喂，您好*! – Wèi, nín hǎo!», «Мен ...* – 我是。。。。*»* деп айтады. Сонымен қатар, қытай этикеті бойынша *«Сіз кімсіз? –* 您是 谁？*Nín shì shéi?»* деп сұрайды. Ал, қазақ тілінде телефонға жауап беру кезінде *«Алло?», «Ия?», «Бұл кім екен?»* деген сөздер жиі айтылады. Яғни, қазақ тілі мен қытай тілінің телефонмен сөйлесу барысындағы этикет айырмашылықтары бар екендігін, бірақ та, дәстүрінің, ұлттық мәдени ерекшеліктерінің, тілдік сипатының коммуникация барысында, қоғамда қалай қолданылатындығын байқауға болады.

Сұхбаттасушы тілдік этикет нормаларын сақтау үшін сол елдің мәдениетін, әдебиетін, тарихын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрып заңдылықтарын, сөйлеу әдебінің формаларын жақсы білуі тиіс. Тілдік этикет нормаларын меңгеру сол елдің ұлттық болмысы мен ерекшеліктері арқылы жүзеге асырылады. Себебі, қай кезде

болмасын, тілдік этикет адамзат қарым-қатынасының ажырамас бөлігі болып табылады. Сәлемдесу барысында ең бірінші ескеретін жайт, сіздің амандасқалы тұрған адамға жарқын жүз, райлы пейіл танытуыңыз болса керек. Оны менсінбей тұрғандай, қолды селсоқ, ұсына салу тәрбиелімін деген адамға еш жараспас. Яғни,біз сөйлеу этикетінің мәдениетпен тығыз байланысты екенін аңғара аламыз (Өтешева Б.Қ., 2005). Қазіргі кезде қазақ және қытай халқы амандасу дәстүрінің маңызын жоғалтпай, атадан балаға мұра етіп қалдыруда, жаңа үрдістер қосылған жағдайда, түп негізін сақтап қалуға және сол шеңберден ауытқымай, өз деңгейінде дамытуға тырысуда. Салыстыра келе, қазақ және қытай халықтарының «сәлемдесу» дәстүрінің ұлттық сипатын түгелдей жоғалтпағандығын көре аламыз.

Қорытынды және тұжырымдама

Қорыта айтқанда, қазақ және қытай тілдеріндегі «*сәлемдесу»* этикетін салғастыра отырып біз екі халықтың да сәлемдесу дәстүрінің ұқсастығы пен айырмашылығын байқаймыз. Дүние жүзінде сәлемдесудің өзіндік салттары бар. Қазақ халқы секілді қытай халқы да сәлемдесу дәстүрі сонау ежелгі кезден-ақ бастау алған. Қос ұлттың өкілдері жай сәлемдесуді мақсат етіп қана қоймай, сәлемдесу барысында бір-біріне ізеттілік танытып, жылы шыраймен құрмет көрсетеді, атадан балаға жалғасып келе жатқан үрдісті жоғалтпай, әрі қарай жалғастыруда. Екі ел халықтарының дәстүрін салғастыра отырып, әр ұлттың ауызекі сөйлеу барысында өзіне тән сәлемдесу ережесінің бар екендігіне және олардың ұқсастығына көз жеткіземіз. Қазақстан мен Қытайдың сөйлеу этикеті жайлы деректерден аңғарғанымыз – екі елде де «үлкенге құрмет, кішіге ізет» үрдісін жоғалтпау. Бұл дегеніміз қос ұлт өкілдерінің ерте заманнан ақ үлкенге құрмет көрсету әдебінің пайда болуын, қазіргі кезге дейін жоғалып кетпей біздің заманымызға жетіп отырғанын және әрі қарай да жалғасын табатындығын дәлелдейді. Тағы бір айта кететін жайт – Қытай мен Қазақстандағы «Шығыс менталитетіне тән» көріністің орын алуы. Сонау «Шығыс өркениеті» пайда болған кезде «Батыс» және «Шығыс» дихотомиялары орын алған кезде «Шығыс» түсінігін мәдениет тұрғысында қолданылатын болған (Саид Э., 2006). «Шығыс менталитеті» адамды аумалы-төкпелі өмірдің ағымына қарай бейімдейді. Ал, бұл адамның төмендеуіне әкелмейді, керісінше, адам мен өмір заңдылықтарына сәйкес өмір сүруіне талпынуына әсер етеді деген сөз. Демек, әр адамның өзін-өзі ұстауы, сөйлеу әдебі оның өскен ортасына, алған біліміне, әлеуметтік жағдайына, өзін-өзі ұстай білу ережелеріне байланысты болады. Яғни, адамзат осы тілдік нормаларды дұрыс қолданып, ұстанғаны абзал. Себебі, тілдік этикет нормалары атадан балаға келіп жеткен мұра. Ал, біз осы уақытқа дейін жеткен құндылықтарымызды болашақ ұрпаққа аманат етіп қалдыруымыз қажет.

Әдебиеттер

Ошақбаева Ж.Б. Сөз өнері қазақ философиясының рухани негізі // Әлемдік философияның өзекті мәселелері, адам, оның санасы мен адамгершілігінің дамуы III Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕНУ баспасы, 2018. – 1.Т. – 65 б.

Қоңырбаева К. Түркілік ой-толғаулардағы ислам құндылықтары // Әл-Фараби философиялық-саясаттанулық және рухани-танымдық журнал. ҚР БҒМ Ғылым комитетінің Философия, саясаттану және дінтану институты баспасы. – Алматы, 2014. – №1 (45) – 68 б.

Сағиқызы А. Қытайлық саяси этниканың мәні // Адам әлемі. Философиялық және қоғамдық гуманитарлық журнал. – 2013. – №4 (58) – 130 б.

Сабитова З.К. Речевой этикет как условие успешной коммуникации в разных лингвокультурах // Республикалық ғылыми әдістемелік журнал. – 2012. – №4 – 40 б.

Журавлева Е.А., Немцова А.Г. Основные принципы использования форм речевого этикета казахстанцами в глобальной сети интернет (на примере веб-форумов) // Евразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – 2016. – №2 – 238 б.

Бейсенова Ж.С., Ибраева А.Б. Язык как средство трансляции культуры // Германские языки и проблемы переводоведения в современном полилингвальном мире. Сб.мат.Межд.симпоз.германистов. – Астана: ЕНУ им. Гумилева, 2014. – 236 б.

Успенский Б.А. Коммуникация и понимание: Отношение понимания к порождению речи // Язык и коммуникационное пространство. М: Российский государственный гуманитарный университет, – 2007. – 97-98 б.

Өмірбекова Ә.Ө., Жаңабаева Д.М. Дәстүр мен жаңашылдық ара-қатынасының теориялық аспекті // ҚазҰУ Хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 69 б.

Казакова И. Китайский этикет // Белая вежа. №2. – Минск: Международный союз общественных объединений. 2017. – 133 б.

黄宏，吕滇雯. 900句 // – 北京: 外语教学与研究出版社, 2007. – 161 页。

Мәсімханұлы Д. Қытайлар қалай амандасады // Қытай туралы қырық сөз. Ғылыми зерттеулер, очерктер, сұхбаттар. – Астана: Фолиант, 2014. – 140 б.

夏志强。礼仪书。称呼礼仪 //– 南昌: 江西美术出版社, 2021. – 27 页。

Ахметжанова З.А. О результатах выполнения проекта «Казахстан в глобальном межкультурном и языковом сообществе» // Қазақстан Республикасы ғаламдық мәдениет және тіларалық қауымдастықта (қазақ және әлем тілдері). – Алматы, 2006. – 3 б.

Өтешева Б.Қ. Сәлемдесу иірімдері // Этнопедагогика. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. – Алматы, 2005. – 73 б.

Саид Э. Глава 3. Послесловие к изданию 1995 г. // Ориентализм. Западные концепции Востока. – М.: Русский мир, 2006. – 108 б.

References

Xia Zhi Qiang. (2021) Chenghu Liyi // Liyi shu. Nanchang: Jiangxi meishu chubanshe, – p. 27.

Omirbekova A., Zhanabaeva D. (2013) Dastur men zhanashyldyk ara-katynasynyn teoryalyk aspekty [Theoretical aspect of the relationship of tradition and innovation] // KazNU Bulletin Philosophy series. Cultural science series. Political science series. Almaty, 2013. no.1 (42), – p. 63.

Huáng Hóng, Lǚ Diān Wén. (2007) // Hanyu 900. (Everyday Chinese 900). Beijing: Waiyu jiaoxue yu yanjiu chubanshe, – p. 161.

Kazakova Y. (2017) Kitaiskyi etiket [Chinese etiquette] // Belaya vezha. Minsk: International union of public associations. no.2. – p.133.

Uspensky B.A. (2012) Kommunikacya i ponimanye: otnoshenie ponimanya k porozhdeniu reqi [Communication and understanding: the relation of understanding to the speech production] // The language and communication space. Russian Humanitarian State Univercity, – p. 97-98.

Masimkhanuly D. (2014) Kytailar kalai amandasady. Kytai turaly kyryk soz. [How do Chinese greet. Forty words about China] Research, essays, interviews. Astana: Foliant, – p.140.

Sagikyzy A. (2013) Kytailyk sayasi etnikanyn mani [The Essence of Chinese Ethical meaning] // Adam alemi. philosophical and social humanitarian journal] no.4 (58) – p.130.

Zhuravleva E.A., Nemcova A.G. (2016) Osnovnye principy ispolzovania form rechevogo etiketa kazakhstancami v globalnoi seti internet (na primere veb-forumov) vestnik [Basic principles of the usage of etiquette speech forms of Kazakhstanis in the global Internet (on the example of web forums)] // Eurasian humanitarian institutes journal. no.2 – p. 238.

Ahmetzhanova Z.A. (2006) O rezultatah vypolnenya proekta «Kazakhstan v globalnom mezhkulturnom y yazykovom soobshestve» [The results of the project «Kazakhstan in the global intercultural and linguistic community»] // The Republic of Kazakhstan is in the global cultural and linguistic community (The Kazakh and world languages). Almaty, – p. 3.

Said E. (2006) Posleslovie k izdaniu 1995 g. [Afterwords to the edition 1995 y] // Orientalism. Western concepts of the East. Moscow: Russki mir, V.3. – p.108.

Sabitova Z.K. (2012) Rechevoi etiket kak uslovie uspeshnoi kommunikacyi v raznyh lingvokulturah [Speech etiquette as a condition for successful communication in different linguistic cultures] // Republican scientific and methodological journal. no.4, p. 40.

Utesheva B.K. (2005) Salemdesu yirimderi [Greeting flows] // Ethnopedagogy. Republican scientific-methodical journal. Almaty, – p.73.

Oshakbaeva Zh.B. Slovesnoye (2018) Soz oneri Kazak filosofiasynyng ruhani negizi [Verbal art – the spiritual basis of Kazakh philosophy.Topical issues of world philosophy, human development, consciousness and morality] // materials of the 3-rd International scientific-theoretical conference. Astana: L.N.Gumilyov ENU Publishing Office, vol.1. p.65.

Konyrbayeva K. (2014) Turkilik oi-tolgaulardagy islam kundylyktary [Islamic Values of Turkish Philosophy] The Al-Farabi philosophical-political science and spiritual-cognitive journal. Almaty. №1 (45) – p. 68.

Beisenova Zh.S., Ibraeva A.B. (2014) Yazyk kak sredstvo translyacyi kultury [Language as a means of cultural transmission] // The Germanic Languages and problems of translation studies in the modern multilingual world. The collection of materials of the international Germanists symposium. Astana: L.N.Gumiliov ENU, – p.236.

2-бөлім

ШЫҒЫС ДЕРЕКТАНУЫ

Section 2

ORIENTAL SOURCE STUDIES

Раздел 2

ВОСТОЧНОЕ ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

ҒТАМР 02.31.01 https://doi.org/10.26577/JOS.2022.v100.i1.03

Р.С. Мухитдинов

Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: mukhitdinov.rashid@gmail.com

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ «УСУЛ ЪИЛМ АТ-ТАБИЪА» ТРАКТАТЫНА ТЕОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ (еңбектегі «рух» бөлімі негізінде)

Рух ғалымдардың, әсіресе философтар мен мутәкәллимдердің қызығушылығын тудырған және бұл тақырып төңірегінде көптеген еңбектер жазылған. Әбу Насир әл-Фараби де бұл тақырыпты айналып өтпеген.

Әбу Насир әл-Фараби «Китаб мақалат әр-рафиға фи усул әт-табиға» атты еңбегінде рух туралы арнайы бөлім жазған. Бұл мақалада осы кітаптың «Рух» бөлімінде келген мәліметтерге теолингвистикалық талдау жасалды. «Рух» сөзінің түбіріне, этимологиясына зерттеу жасалып, рух сөзінің тілдік мағыналары мен әл-Фараби және теолог ғалымдар келтірген терминдік мағынасының арасындағы байланыс анықталды. Рух сөзінің онымен түбірлес басқа да сөздермен байланысы қарастырылды. Зерттеу барысында салыстырмалы тарихи әдіс, сөздер мен терминдердің әл-Фараби заманы мен қазіргі кездегі мағыналарының арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды анықтау үшін синхронды, диахронды әдістер жүргізіліп, ортағасырлық сөздіктер мен қазіргі кездегі сөздіктер де қолданылды. Әл-Фарабидің рухқа жасаған анықтамасын, рухқың қасиеттері мен уазипасына қатысты жасаған талдауларын муфассир, мутәкәллим ғалымдардың талдауларымен салыстырмалы зерттеулер жүргізілді. әл-Фараби дәлел ретінде келтірген Құран аяттарына герменевтикалық талдаулар да жасалады. Әл-Фарабидің рух туралы түсінігін ақида, тәпсір Құран ілімдері ғылымдары ғалымдарының пікірлерімен салыстыра зерттеу жүргізу барысында, олардың пікірлерінің бір жерден шығады деген тұжырым жасалды.

Бұл мақала діни мәтіндерге теолингвистикалық талдау жасау арқылы автордың ойын анықтаудың маңыздылығын көрсетеді. Жұмыстың нәтижелерін діни мәтіндерге лингвистикалық талдау жасауда және теологиялық ұғымдардың тілдік мағыналарын білуде қолдануға болады.

Түйін сөздер: рух, рух әл-әмір, рух әмин, ақыл, жан, жүрек, дене, Жәбірейіл.

R.S. Mukhitdinov

Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Kazakhstan, Almaty
e-mail: mukhitdinov.rashid@gmail.com

Theolinguistic analysis of Al-Farabi's treatise "Usul 'ilm at-Tabi'a" (based on the chapter "rukh")

The spirit, arousing interest among scientists, in particular philosophers and mutakallims, has become the subject of many research papers. Abu Nasr al-Farabi was no exception, in his treatise "Kitab maqalat ar-rafiga fi usul at-tabiga", the Second Aristotle touches on the concept of "spirit" (we resorted to using the Arabic "ruh" in this work as in the original source, which, on our view fully conveys the meaning of the word). This article provides a theolinguistic analysis of the information in the "Ruh" section of this treatise, as a result, the root, the etymology of the word "ruh", as well as the relationship between its linguistic and terminological meanings, given by al-Farabi and theologians, were determined. The article also considers the word Ruh with other cognate words. The study used a comparative historical method, synchronic and diachronic methods to determine the differences and similarities of this concept through the study of medieval and modern dictionaries. In comparison, the definition, features and functions of "Ruh" by al-Farabi were studied with similar ones – by scholars-mufassirs and mutakallims. In addition to this, a hermeneutic analysis of the verses from the Koran, cited by al-Farabi as an argument, is carried out. As a result, it became obvious that in the concept of "ruh", proposed by both al-Farabi and scientists on tafsir, aqida, there is unanimity.

This article shows the importance of determining the views of the author of the treatise through the theolinguistic analysis of religious texts. The results of the work can be applied in the linguistic analysis of religious texts and the study of the linguistic meanings of theological concepts.

Key words: spirit, ruh, ruh al-amir, ruh amen, mind, soul, heart, body, Gabriel.

 © 2022 Al-Farabi Kazakh National University

Р.С. Мухитдинов
Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Казахстан, г. Алматы
e-mail: mukhitdinov.rashid@gmail.com

Теолингвистический анализ трактата Аль-Фараби «Усул ъилм ат-Табиъа» (на материале раздела «рух»)

Дух вызывая интерес среди ученых, в частности философов и мутакаллимов, стал предметом многих исследовательских работ. Абу Наср аль-Фараби не стал исключением, в его трактате «Китаб макалат ар-рафига фи усул ат-табига», Второй Аристотель затрагивает понятие «дух» (мы прибегли в настоящей работе использовать арабский «рух» как в первоисточнике, что, на наш взгляд, полностью передает значение слова). В настоящей статье проводится теолингвистический анализ сведений в разделе «Дух» данного трактата, в результате были определены корень, этимология слова «рух», а также соотношение между его языковым и терминологическим значениями, данными аль-Фараби и учеными-теологами. В статье также рассматривается слово рух с другими однокоренными словами. В исследовании применялись сравнительно-исторический метод, синхронный и диахронический методы для определения различий и сходств данного концепта посредством изучения средневековых и современных словарей. В сопоставлении изучались определение, особенности и функции «рух» у аль-Фараби с аналогичными – у ученых-муфассиров и мутакаллимов. В добавление к этому, проводится герменевтический анализ аятов из Корана, приведенных аль-Фараби в качестве довода. В результате стало очевидным то, что в понятии «рух», предложенными как аль-Фараби, так и учеными по тафсиру, акиде, прослеживается единомнение.

В данной статье показана важность определения взглядов автора трактата посредством теолингвистического анализа религиозных текстов. Результаты работы могут быть применены в лингвистическом анализе религиозных текстов и изучении языковых значений теологических понятий.

Ключевые слова: дух, рух, рух аль-амир, рух аминь, разум, душа, сердце, тело, Гавриил.

Кіріспе

Бұл мақалада Әбу Насир әл-Фарабидің «Китаб мақалат әр-рафиға фи усул әт-табиға» атты еңбегінінің екінші тарауы «рух» туралы мақаласына теологиялық және лингвистикалық талдау жасалады.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу

Қазіргі таңда әлемде діннің маңыздылығы артып келеді. Дінді өзінің саяси және басқа да мақсаттары үшін пайдаланатын ұйымдар, топтар пайда болды. Олардың барлығы әр діннің қасиетті кітаптары саналатын еңбектеріне түрлі талдаулар жасап, өз мүдделеріне сай түсіндіруге тырысады.

Дінді осындай түрлі топтардың құралына айналдырмау үшін оған ғылыми талдаулар жасау маңызды. Осы тұрғыдан келгенде Құран аяттары мен Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) хадистерін көрнекті ғалымдар өз еңбектерінде қалай түсіндіргенін, өз ойларына қалай дәйек еткендігін зерттеу маңыздылығы, өзектілігі алдынғы орынға шығады. Діннің қасиетті мәтіндерімен қатар дүни ұғымдарды түсіндіруіне де көңіл бөлу, оларды қарастыру, талдау жасау да өзекті. Ислам дініндегі негізгі дереккөз саналатын Құран мен Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) хадистері араб тілінде жазылған. Осы Құран мен сүннеттің мәтіндеріне тек діни талдау жасау жеткіліксіз. Құран мен сүннет мәтіндерінің тілдік астарына көңіл болу де өте маңызды. Әсіресе ислам дініндегі ұғымдарды олардың тілдік семантикасымен, этимологиясымен байланыстыра зерттегенде олардың шынайы мағынасы ашыла түседі. Осы жерде ислам ойшылдары шығармаларындағы діни ұғымдарға теолингвистикалық талдау жасаудың өзектілігі көрінеді.

Ислам ойшылдарының көш басында тұратындарының бірі – Әбу Насир әл-Фараби. Оның еңбектері тек философия ғылымы үшін ғана емес, барша ғылым үшін маңызды, соның қатарында ислам ғылымдары да бар. Әл-Фарабидің еңбектеріне теолингвистикалық талдау жасау арқылы ислам дініндегі талай ұғымдардың мәнін терең түсінуге, басқа қырынан қарауға мүмкіндік аламыз.

Ұсынылып отырған жұмыстың мақсаты Әл-Фарабидің «Китаб мақалат әр-рафиға фи усул әт-табиға» атты еңбегініндегі «рух» туралы мақаласында әл-Фараби қолданған философиялық, діни ұғымдарға лингвистикалық және теология-

лық талдау жасау арқылы ол ұғымдардың мағыналарын аша түсу, оларды басқа да ғалымдардың көзқарастарымен, принциптерімен салыстыру.

Бұл мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді қойдық: «Китаб мақалат әр-рафиға фи усул әт-табиға» атты еңбегінінің «Рух» тарауындағы негізгі ұғымдарды анықтау; философиялық және діни ұғымдардың этимологиясын зерттеу; ұғымдардың діни анықтамаларын жасау; олардың тілдік және терминдік мағыналарына қатысты ғалымдардың көзқарастарын талдау, дәлелдерін келтіру; сол арқылы Әбу Насир әл-Фарабидің көзқарастарын айқындау.

Зерттеу нысаны – «Китаб мақалат әр-рафиға фи усул әт-табиға» кітабының екінші тарауы «Рух» туралы мақаласының мәтіні.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Бұл зерттеу нысаны нақты бір мәтін болғандықтан, осы мәтінге қатысы бар әдіс-тәсілдер ғана қолданылады. Әр зерттеуші, ғалым өзі өмір сүрген ортадағы өзекті саналатын, ғылыми маңыздылығы бар деп есептелетін мәселелерді көтеретіні анық. Сондықтан ол ойын жеткізуде өзі өмір сүрген ғасырдағы, ортадағы, дүниетанымындағы, мәдениетіндегі тілдік ерекшеліктерді пайдаланады. Әл-Фарабидің қолданған ұғымдарына талдау жасағанда сипаттау, жалпылау, жіктеу жүргізу үшін салыстырмалы-тарихи әдіс қолданылды. «Китаб мақалат әр-рафиға фи усул әт-табиға» еңбегі орта ғасырда жазылғандықтан, оған лингвистикалық талдау жасауда диахронды және синхронды әдістерге жүгіну арқылы сөздерді талдау жасалды. Әл-Фараби бұл еңбегін тек философиялық емес, діни еңбек ретінде де қарастыруға болады. Өйткені ол дінге де тікелей қатысты ұғымдарға зерттеу жүргізеді, Құран аяттары мен хадистерді дәлел ретінде жиі қолданды. Сондықтан осы аяттар мен хадистерді талдауда, исламтанушылар «тәуил әдісі», еуропалықтар «герменевтика әдісі» деп аталатын әдіс те қолданылды.

Зерттеу нәтижелері және талқылама

Бұл мақаламызда Әбу Насир әл-Фарабидің «Китаб мақалат әр-рафиға фи усул әт-табиға» еңбегіндегі екінші мақаласы, яғни рух туралы зерттеуіндегі ұғымдарға телогингвистикалық талдау жасаймыз.

Біз осыған дейін Әбу Насир әл-Фарабидің бұл еңбегіндегі «ақыл» тарауына талдау жасап, мақала жариялаған едік. Бұл мақала сол мақаланың жалғасы. Сондықтан бұл мақалада алдыңғы мақалада қолданылған талдаулар өз жалғасын табады.

Алдымен «Рух» мақаласына талдау жасасақ. Әл-Фараби «Рух» мақаласын «Ақыл» мақаласынан кейін екінші мақала ретінде берген. «Ақыл» және «Нәфс» мақалаларына қарағанда бұл мақала өте ықшамды. Әл-Фараби бұл мақалада бір ғана Құран аятына сілтеме жасаған және бірде-бір хадисті дәлелге келтірмеген. Мақалада рухқа анықтама берген және оның қасиеттері мен ерекшеліктеріне, Алла тағаланың ғылым, мағрифа, құдірет, ирада секілді сипаттарымен байланысына, рух әмин, уахи және илһаммен ара-қатынасына тоқталған.

Рух – дін мамандарының, нақтырақ айтқанда мутәкәллимдердің, тәпшірлердің және философтардың көп талқылаған тақырыптарының бірі. Рух пен жанның, рух пен нәпсінің, жан мен нәпсінің ұқсастықтары мен айырмашылықтары туралы талай зерттеулер, талдаулар жасалған. Біз әл-Фарабидің рух туралы зерттеуіне талдау жасағанда осы еңбектердің арасынан тек лингвистикалық және теологиялық зерттеулерге ғана тоқталамыз.

Ең алдымен «рух» сөзіне лингвистикалық талдау жасасақ. Рух – араб сөзі (As-Sikhakh Taj al-luga ua sikhakh al-arabyia, 1987: 367). Бұл сөздің басқа тілдерге, оның ішінде қазақ тіліне де араб тілінен енгендігі баршаға аян (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2009: 494).

Ахмад ибн Фарис әл-Қазуини өзінің «Мақаис әл-луға» атты сөздігінде «рух» сөзінің түбіріне, этимологиясына қатысты былай деген:

(رَوَحَ) الرَّاءُ وَالْوَاوُ وَالْحَاءُ أَصْلٌ كَبِيرٌ مُطَّرِدٌ، يَدُلُّ عَلَى سَعَةٍ وَفُسْحَةٍ وَاطِّرَادٍ. وَأَصْلُ [ذَلِكَ] كُلِّهِ الرِّيحُ. وَأَصْلُ الْيَاءِ فِي الرِّيحِ الْوَاوُ، وَإِنَّمَا قُلِبَتْ يَاءً لِكَسْرَةِ مَا قَبْلَهَا. فَالرُّوحُ رُوحُ الْإِنْسَانِ، وَإِنَّمَا هُوَ مُشْتَقٌّ مِنَ الرِّيحِ، وَكَذَلِكَ الْبَابُ كُلُّهُ. وَالرَّوْحُ: نَسِيمُ الرِّيحِ. وَيُقَالُ أَرَاحَ الْإِنْسَانُ، إِذَا تَنَفَّسَ. وَهُوَ فِي شِعْرِ امْرِئِ الْقَيْسِ. وَيُقَالُ أَرْوَحَ الْمَاءُ وَغَيْرُهُ: تَغَيَّرَتْ رَائِحَتُهُ.

Рауаха – ра, уау және ха үлкен ортақ түбір. Ол кеңдікті, ашық кеңістікті, бірізділіктi білдіреді. Мұның барлығының негізгі түбірі – рих (жел). «Рих» сөзіндегі **иә** әріпінің асылы (яғни түбірі) **уау** әріпі. Ол алдыңғы әріптің харакаты касра болғандықтан, и-ға өзгерген. Рух болса, адамның рухы. Ол рихтан (желден) пайда болған туынды сөз. Осы бапта келген басқа сөздер де осылай. Раух – рихтың (желдің) лебі.

Егер адам дем алса, «араха әл-инсан» (адам желдетті) деп айтылады. Бұл сөз Имру әл-Қайстың жырында да келген. Онда: егер су не басқа нәрсенің иісі өзгерсе «аруаха әл-мәіу уа ғайруhу» деп айтылады» деп келген (Mugjam maqayis al-luga, 1979: 454). Сонымен қатар, бұл түбірдің «түнде жүру», «күннің кез келген бір мезгілінде қозғалу», біреуге не бір жерге бару» деген де мағыналарды беретін раха деген етістігі бар (Al-Mugjam al-wasyt, 1989: 380).

Бұдан байқайтынымыз араб тіліндегі «рух» сөзі денеге жан бітіретін, қозғалтатын деген мағыналарды қамтиды. Сондықтан жансыз дегенің әрекетке түсуіне себепші нәрсен «рух» деп аталған деуге болады. Біздің бұлай тұжырым жасауымызға әл-Фарабидің «Рух» мақала-сындағы мына сөздері де негіз болады: جعلها الله سببا لحياة البدن والانتعاش Алла оны (рухты) дәне тіршілігінің және жандануының себебі етті (Al-Farabi, 1951: 106) және فيودعها حركة الحياة (Алла) оны (рухты) тіршілік әрекеті ретінде қойды (Al-Farabi, 1951: 107).

Мысырдағы Араб тілі академиясы шығарған араб тілінің «әл-Муғжам әл-уасит» атты түсіндірме сөздігінде «рух» сөзіне келесідей түсіндірме берілген:

الروح ما به حياة النفس (يذكر ويؤنث)

Рух – жанның тіршілік негізі, аталық текте де (музаккар), аналық текте де (муаннас) қолданылады (Al-Mugjam al-wasyt, 1989: 380).

Ал араб тілінің ең алғашқы түсіндірме сөздігінің авторы Халил әл-Фараhиди «рух» сөзін былай түсіндірген:

الرُّوحُ: النَّفْسُ التي يحيا بها البدن. يقال: خرجت رُوحُهُ، أي: نَفْسُه، ويقال: خَرَجَ فيُذَكَّرُ، والجميعُ أرواحٌ.

Рух – дене онымен тірі болатын жан. «Оның рухы шықты» (аналық текте) деп айтылады, яғни жаны шықты. Сонымен қатар «оның жаны шықты» деп аталық текте де айтылады. Көпше түрі – әруах (Al-Ayn, 1997: 291).

Араб тілінің ең алғашқы сөздігі мен өткен ғасырда жазылған түсіндірме сөздігінен «рух» сөзінің «жан» деген мағына беретінін және оның аналық текте де (муннас), аталық текте де (музаккар) қолданыла беретінін көреміз. Яғни ол сөздің орта ғасырдағы мағынасы мен бүгінгі күндегі мағынасы арасында айырмашылық жоқ. Дегенмен, әл-Фараhидидің аталық текте қолданылуын екінші беруін және оған يقال «айтылады» деген ырықсыз форманы бергендігіне қарап, «рух» сөзінің аталық текте қолданылуы аналық текке қарағанда сирек екенін түсінеміз. Әл-Фараби де «рух» сөзін аналық текте қолданған. Осы екі сөздіктің авторлары тілдік тұрғыдан «рух» пен «нәфс» (жан) сөздерін бір мағынада қолданған деп ұғуға болады. Бұл ойды араб тілінің төмендегі түсіндірме сөздіктерінен де аңғарамыз.

Араб тілінің атақты түсіндірме сөздігі «Лисан әл-арабтың» авторы Ибн Манзур да

والرُّوحُ: النَّفْسُ، يُذَكَّرُ وَيُؤَنَّثُ، وَالْجَمْعُ الأَرواح. التَّهْذِيبُ: قَالَ أَبو بَكْرٍ بنُ الأَنْبارِيّ: الرُّوحُ والنَّفْسُ وَاحِدٌ، غَيْرَ أَن الرُّوحَ مُذَكَّرٌ وَالنَّفْسَ مُؤَنَّثَةٌ عِنْدَ الْعَرَبِ.

«рух» сөзін «нәфс» (жан) деп түсіндірген және Әбу Бәкір әл-Әнбаридың «Рух пен жан бір. Тек арабтар рухты аталық текте, ал нәфс (жанды) аналық текте қолданады» деген сөзін келтірген (Lisan al-arab, 1414 hijri: 462). Әбу Бәкір әл-Әнбаридың бұл айтқанынан «рух» сөзі тек аталық текте қолданылады деген түсінік туындамауы тиіс деп ойлаймыз. Өйткені ол бұл жерде «нәфс» сөзі тек аналық текте, ал «рух» сөзі аталық та, аналық та текте қолданыла береді дегенді меңзеп тұрған болса керек.

Орта ғасырдағы атақты араб лингвисті әл-Фарра былай деген:

والرُّوحُ هُوَ الَّذِي يعِيش بِهِ الإنسانُ لم يُخْبِر اللَّهُ بِهِ أَحداً من خلقه، وَلم يُعْطِ عِلْمَه العِبادَ.

Рух – онымен адам өмір сүретін нәрсе. Ол туралы Алла ешбір жаратылысқа айтпаған және оның ғылымын пенделеріне бермеген (Tahzib al-luga, 2001: 144).

Араб тілінің «Тәhзиб әл-луға» атты энциклопедиялық түсіндірме сөздігінің авторы Әбу Мансур әл-Әзhари рух сөзіне қатысты:

وَسمعت أَبَا الْهَيْثَم يَقُول الرُّوحُ إِنَّمَا هُوَ النَّفَسُ الَّذِي يتنفَّسُه الْإِنْسَان، وَهُوَ جَارٍ فِي جَمِيع الْجَسَد فَإِذا خرج لم يتنفَّسْ بعد خُرُوجه وَإِذا تَتَامَّ خُروجه بَقِي بَصَره شاخصاً نَحوه حَتَّى يُغَصَّ وَهُوَ بِالْفَارِسِيَّةِ جَان.

Әбу әл-Һәйсамның: «Рух – адам дем алатын нәфс (жан). Ол дененің барлық жерінде жүреді. Егер ол шығатын болса, шыққаннан кейін дем алмайды. Егер оның шығуы тамамдалса, тұншығып қалғанға дейін көз соның соңынан ілесіп қадалып қалады. Ол парсы тілінде «жан» деп аталады» деген сөзін келтірген (Tahzib al-luga, 2001: 144).

Әбу әл-Һайсамның араб тіліндегі «рух» сөзі парсы тіліне «жан» деп аударылатындығын айтқанына қарап, «рух» сөзі қазақ тілінде де «жан» деген мағына береді деуге болады. Қазақ әдеби тілінің он бес томдық сөздігінде «жан» сөзі қазақ тіліне парсы тілінен енгендігі жазылған (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2009: 709).

Осы жерге дейін айтылған ғалымдардың сөздерінен, араб тіліндегі түсіндірме сөздіктердің дефиницаларынан «рух» сөзінің араб тілінен енгендігін және ол араб тілінде қозғалу, үлкен кеңістікте еркін, үздіксіз немесе тұрақты түрде жылжу деген мағыналарды беретін «рауаха» түбірінен шыққан деп тұжырымдама жасауымызға болады. Сонымен қатар, рух бір денеге кіретін болса, ол денеге жан бітіп, әрекетке түсе бастайды, ол денені тастап кеткенде, дене сұлқ түсіп, жансыз, қимылсыз қалады. Сонда «рух» сөзі тілдік тұрғыдан қарағанда қазақ тіліндегі «жан» сөзімен мағыналас болып шығады.

Енді «рух» сөзінің әл-Фараби және ислам теологиясы ғалымдары мен муфассирлердің берген анықтамаларына тоқталып, талдаулар жасасақ.

Әл-Фараби «рух» сөзін түсіндіргенде оған төмендегідей анықтама берген:

فأما الروح فإنها روح لطيفة حيوانية ألطف من النفس طبعها الحياة والحركة ومنشأها ومصدر فعلها من العقل الإلهامي ومسكنها القلب.

Бүкіл түрік әлеміне ортақ ақын Мир Әлішер Науаидың еңбектерін зерттеу және бүгінгі қазақ оқырмандарына ұсыну маңызды тақырыптардың бірі. Мақаланың мақсаты ұзақ жылдар бойы арнайы зерттелмей, ғалымдардың назарынан тыс қалып келген Әлішер Науаидың Алматы кітапхана қорларында сақталған қолжазбалары мен сирек басылымдарымен таныстыру. Әлішер Науаи екі тілді әрі көп шығарма жазғандығымен ерекшеленеді. Бұл күнге шамамен отызға жуық еңбектері жеткен. Осы еңбектерінің біршамасымен қазақ оқырмандары таныс болса, оның біршамасымен әлі жақын таныс емес. Осы орайда ақынның еңбектерін тұпнұсқа мәтінді негізге ала отырып зерттеу мен түпнұсқадан тікелей қазақ тіліне аудару керектігін байқаймыз. Әлішер Науаи көзі тірісінде-ақ үлкен танымалдыққа ие болған, ал оның еңбектері қолдан-қолға өтіп, жиі көшіріліп, көптеген нұсқалары ел арасына таралған. Осы себепті ақынның қолжазбаларын әлемнің ең танымал қолжазба қорларынан кездестіруге болады. Соның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасы мен Орталық ғылыми кітапханасы да бар. Мақалада Әлішер Науаидың осы кітапхана қорларындағы еңбектері жүйеге түсіріліп таныстырылады. Сондай-ақ еңбектеріне деректанулық және тілдік тұрғыдан талдау жасалады. Әлішер Науаидың әрбір қолжазбасы мен сирек басылымының өзіндік тарихы бар. Демек ақын мұраларының сақталуы, жазуы, мұқабасы, көшірушілері, тапсырыс берушілері мен қолжазбалардың иелері де қарастырылатын болады.

Түйін сөздер: қолжазба, литография, шағатай әдебиеті, Әлішер Науаи, Хамса, Махбуб әл-құлуб, Ұлттық кітапхана, Орталық ғылыми кітапхана.

G. Kambarbekova[1*], G. Abikova[2]

[1]Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
[2]Central Scientific Library of RSE "Gylym Ordasy" SC MES RK, Kazakstan, Almaty
*e-mail: qazigurt2016@gmail.com

Manuscripts and rare books of Alisher Navoi in Almaty Library Founds

One of the most important topics is the study of the works of the poet Mir Alisher Navoi common for the entire Turkic world and present them to today's Kazakhstani readers. The purpose of the article is to acquaint with the manuscripts and rare editions of Alisher Navoi, which for many years have not been studied and noticed by scientists. Alisher Navoi is a bilingual poet and left behind many works. To date, we know about thirty of his works. Kazakhstan readers are familiar with some of these works, and with some of them they are still not familiar. In this regard, we note the need to study the works of the poet based on the original text and translate them directly from the original into the Kazakh language. Alisher Navoi became very popular during his lifetime, his works were passed from hand to hand, often copied, many lists of his works were widely distributed throughout the country. For this reason, the poet's manuscripts can be found in the most famous libraries in the world. Among them are the National Library of the Republic of Kazakhstan and the Central Scientific Library. The article systematizes the works of Alisher Navoi, which are stored in the above-named libraries. Also, a source study and linguistic analysis of his works was carried out. Each manuscript and rare edition of Alisher Navoi has its own history. Therefore, issues of conservation, letters, covers, scribes, customers and owners of the poet's manuscripts will be considered.

Key words: manuscript, lithography, Chagatai literature, Alisher Navoi, Khamsa, Mahbub al-kulub, National Library, Central Scientific Library.

 © 2022 Al-Farabi Kazakh National University

Г.А. Камбарбекова[1*], Г.М. Абикова[2]
[1]Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
[2]Центральная научная библиотека РГП «Ғылым ордасы» КН МОН РК, Казахстан, г. Алматы
*e-mail: qazigurt2016@gmail.com

Рукописи и редкие книги Алишера Навои в фондах библиотеки Алматы

Одна из важнейших тем – изучение общих для всего тюркского мира произведений поэта Мир Алишера Навои и представить их сегодняшним казахстанским читателям. Цель статьи – познакомить с рукописями и редкими изданиями Алишера Навои, которые в течение многих лет не изучались и не были замечены учеными. Алишер Навои двуязычный поэт и оставил после себя много работ. На сегодняшний день нам известно около тридцати его работ. Казахстанские читатели знакомы с некоторыми из этих произведений, а с некоторыми из них они все еще не знакомы. В связи с этим отметим необходимость изучения произведений поэта на основе оригинального текста и перевода их непосредственно с оригинала на казахский язык. Алишер Навои стал популярен еще при жизни, его произведения передавались из рук в руки, часто копировались, многие списки его работ широко распространялись по всей стране. По этой причине рукописи поэта можно найти в самых известных библиотеках мира. Среди них есть Национальная библиотека Республики Казахстан и Центральная научная библиотека. В статье систематизированы произведения Алишера Навои, которые хранятся в вышеназванных библиотеках. Также был проведен источниковедческий и лингвистический анализ его произведений. Каждая рукопись и редкое издание Алишера Навои имеет свою историю. Поэтому будут рассмотрены вопросы консервации, письма, обложки, переписчики, заказчики и владельцы рукописей поэта.

Ключевые слова: рукопись, литография, чагатайская литература, Алишер Науаи, Хамса, Махбуб аль-кулуб, Национальная библиотека, Центральная научная библиотека.

Кіріспе

Низамуддин Мир Әлішер Науаи (1441-1501) бүкіл түрік халықтарына ортақ теңдесі жоқ ақын. Бүкіл ғұмырын әдебиетке, ғылым мен өнерге және ғылым мен өнер саласының өкілдеріне қолдау көрсетумен танымал. Әлішер Науаи артынан мол шығармашылық мұра қалдырған және шығармалары оқырмандар тарапынан үлкен қолдауға ие болған ақын. Ақынның шығармалары деректер бойынша отыздан астам болса, соның дерліктей барлығы бүгінгі күнге жеткен. Түркияда жарық көрген Әлішер Науаидың еңбектерінің алғысөзінде ақынның жиырма тоғыз еңбегінің атын жазып көрсеткен. Олар: Ғарайб ал-сиғар, Навадир ал-шабаб, Бадаид ал-васат, Фавайд ал-кибар, парсыша Диуаны, Хайрат әл-әбрар, Фархад-Ширин, Ләйлі-Мәжнүн, Садди Искандар, Саб'а сайар, Мәжалисун-нафаис, Насайимул-мухабба, Рисала-йи муамма, Мизанул-аузан, Мухакаматул-луғатайн, Мунажат, Чихил хадис, Назмул-жавахир, Лисанут-тайр, Махбуб әл-кулуб, Сиражул-муслимин, Тарих-и анбийа ва хукама, Тарих-и мулуки ажәм, Зубдатут-тауарих, Халат-и Саййид Хасан Ардашир, Хамсатул мутахайирин, Халат-и пахлаван Мухаммед, Вакфие, Муншаат (Alī-Šīr Nevāyī, 2015: IX-X).

Кеңес дәуірінде ақынның шығармаларын өзбек әдебиеті шеңберінде қарыстыру жақсы жолға қойылды. Алайда түрік халықтарының бәріне ортақ ақын, ал Әлішер Науаи шығармалары ортақ «түрки» тілінде жазылғандығын ескергенде Әлішер Науаи қазақ оқырмандары үшін жат тұлға емес. Әлішер Науаи шығармаларында өз ұлты туралы нақты ешқандай мәлімет қалдырмаған. Бірақ түрік тілі мен әдебиетінің үлкен жанашыры екендігін әрбір еңбегінде көрсетіп отырған. Қала берді түрік тілінің парсы тілімен бәсекелесе алатынын, тіпті парсы тілімен салыстырғанда оқ бойы озық тұратындығын алдыға тартады. Әлішер Науаидың өмір сүрген кезі Тимурлар әулетінің билікте болған кезіне (1370-1507) тура келеді. Ақын Әмір Темірдің немересі Сұлтан Хусейн Байқарамен (1438-1506) бірге оқып, кейін Гераттың билеушісі атанғанда уәзір болғаны тарихи деректерден белгілі. Әлішер Науаидың өмірі туралы мәліметтер бірқатар түрік және парсы тілдеріндегі дереккөздерде сақталған. Ол өз заманының озық ойлы ақыны, ойшылы, білімді адамы ғана емес, мемлекет қайраткері болған. Әлішер Науаидың есімінің алдына «мир» немесе «әмір» сөзінің қосылып жазылуы оның Сұлтан Хусейн Байқараның тұсында әмір болып қызметте болғандығымен тікелей байланысты. Ақын уәзір

қызметін атқарған кезінде көптеген тарихи оқиғалардың куәгері болған, билеушілер арасындағы саяси және дипломатиялық хаттардың мәтінін жазған, сұлтанның ең жақын адамы, ақылшысы, кеңесшісі және бүкіл құпиясын білген маңызды қайраткер болған. Ортағасырлық бірқатар танымал авторлар Әлішер Науаи туралы өз еңбектерінде атап көрсеткен. Соның бірі және бірегейі – Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр (1483-1530). Бабыр өзінің «Бабыр-нама» мемуарлық шығармасында Әлішер Науаи туралы көптеген құнды мәліметтер жазып қалдырған. Әлішер Науаидың ерекше талант иесі екендігі, өнер адамдарының жанашыры болғандығы мен жан-жақтылығы туралы мәліметті Бабырдың еңбегінен кездестіреміз. Әлішер-бек деп атаған Бабыр ақынның мінезі туралы: «Ол өте сезімтал, өзі туралы қалжыңды қиын қабылдайтын адам еді» деп жазады (Захир ад-Дин Бабур, 1992: 137). Әлішер Науаидың шығармашылығы, қызметі туралы көптеген құнды мәліметтерді Бабырдан басқа сол заманда өмір сүрген бірнеше тарихи тұлғалардың еңбектерінен кездестіруге болады. Соның бірі Мұхаммед Хайдар Дулат. Науаидан кейін ешкім түрік тілінде оның деңгейінде көлемді шығарма жазбағандығын, музыка, тарих, аруз, құсбегілік және т.б. өнер салаларының бәріне ұшқыр болғандығын жазған (Дулат, 2004: 265). Науаи туралы Мұхаммед Хайдардың жазған деректерімен қазақ тіліндегі аудармасы арқылы да танысуға болады (Дулати, 2015: 290-300).

Әлішер Науаидың шәкірті, шынайы жанкүйері болған Хондемир есімімен танылған Ғийас ад-дин ибн Хумам ад-дин ибн Хʷанд-Әмір (941/1534-35 дүние салған) ақын туралы екі бірдей еңбегінде жан-жақты мәлімет берген. Оның біразын Хондемирдің «Хабиб ас-сийар» (حبیب السیر فی اخبار افراد البشر) атты еңбегінен кездестіреміз (Хондемир, 2004: 654). Бұл еңбегінде Хондемир Әлішер Науаидың ақындығы, уәзір болған кезіндегі атқарған қызметі, Сұлтан Хусейн Байқараның ұлы Бади аз-Заманды әкесіне қарсы шықпауға барынша әдемі тілмен көндіргендігі, Астар-Абад билігіне әмір болып сайлануы, осы қызметтен өз еркімен кетуі, тіпті қылыш сермеп қайрат көрсетуі және т.б. көптеген қызықты мәліметтерді келтіреді. Сонымен қатар Әлішер Науаидың дипломатиясына, әдемі сөз саптауына таңданысын жасырмай бірнеше жерде бір-екі бейт өлең арнаған (Хондемир, 2004: 160; 256-257). Хондемир «Хабиб ас-сийар» еңбегінен бұрын «Мукарам ал-ахлақ» (مکارم الاخلاق) атты еңбегінде Әлішер Науаи туралы толық мәліметті қамтуға тырысқан. Жалпы «Мукарам ал-ахлақ» еңбегі Әлішер Науаидің өмірбаяны мен қызмет жолына арналған еңбек деуге болады. «Мукарам ал-ахлақ» кітабының толық мәтінін ғылыми түсініктерімен алғаш рет 1999-жылы Мұхаммад Акбар Ашық жарыққа шығарған (Хондемир, 1999). Хондемир «Мукарам ал-ахлақ» еңбегінің алғысөзінде осы кітапты жазудағы мақсаты бүкіл ғұмырына үлкен әсер қалдырған рухани ұстазы Әлішер Науаидың атын болашақ ұрпаққа жеткізу, ұстазына деген шексіз құрметі мен алғысын білдіру екендігін атап көрсеткен (Хондемир, 1999: 31). Ирандық тарихшы Хондемир алғаш рет 1499-жылы Сұлтан Хұсайн Байқараның сарайына келгенде бірден Әлішер Науаидың назарына ілігеді. Науаи да жас Хондемирдің қабілетін байқап оны қамқорлығына алып, ақыл-кеңесін аямайды. Хондемир Әлішер Науаидың қолдауымен 1499-жылы «Масир әл-мулук» атты алғашқы еңбегін жазады. Жас тарихшы көп ұзамай «Хуласат ал-ахбар» атты еңбегін жазып, оны Әлішер Науаиге тарту (пишкеш پیشکش) етеді. Әлішер Науаи дүние салғанда Хондемир көп қайғырып ұстазына бірнеше өлең арнайды. Рухани ұстазы Әлішер Науаи мен оның замандастарына арнап «Мукарам ал-ахлақ» еңбегін жазып оны Сұлтан Хусейн Байқараға сыйға тартады. Бұдан басқа тағы да бірнеше парсы тіліндегі дереккөздерде Әлішер Науаи туралы мәліметтерді кездестіруге болады. Атап айтқанда «Тарих-и Аламара-йи Сафави» (Шукри, 1971), «Тарих-и жахангушай хақан» (Аноним, 2019), «Тарих-и аламара-йи Шах Исмаил» (Сахиб, 1971). Әлішер Науаи мен оның замандастары және шәкірттері жеке тақырып. Дегенмен Әлішер Науаидың өз замандастарына, өмір сүрген ортасына ерекше әсер еткендігі, ғылым мен білім сүйер қауымға рухани ұстаз болғандығы парсы тіліндегі жазба деректерде жиі кездеседі. Бұл мәліметтердің біршамасы зерттелген болса, бірқатары әлі оқырманға жетпегенін айта кеткен жөн.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Әлішер Науаидың қолжазбаларына келетін болсақ шығармаларының санының көп болғанына қарай бізге жеткен қолжазба нұсқалары да біршама. Бұл құнды жәдігерлер әлемнің түпкір-түркіріндегі кітапхана қорларында сақталған.

Ақынның қолжазбаларының ең үлкен бөлігі сөз жоқ Ташкентте сақталған. Өзбекстан Республикасы Ғылым Академиясы Шығыстану институтының коллекциясында сақталған Әлішер Науаидың қолжазбаларының каталогын 1970-жылы К. М. Муниров және А. Насиров құрастырған (Муниров, Носиров, 1970). Бұдан басқа М. Хакимов «Әлішер Науаи қолжазбаларының сипаттамасы» деген атпен УзССР ҒА Х.С. Сулаймонов атындағы Қолжазбалар институты қорында сақталған Әлішер Науаи қолжазбаларының каталогын жарыққа шығарған (Хокимов, 1983). М. Хакимов бұл каталогта 175 том Әлішер Науаидың қолжазбасы сақталғанын және әрбір қолжазбаның бірнеше нұсқасы бар болуына сәйкес Әлішер Науаидің 24 шығармасының 254 нұсқасы осы каталогқа ғылыми сипатымен енгендігін атап көрсетеді. Соның ішіндегі ең көп нұсқада сақталғаны – «Бадаи' ал-бидайа» (بدايع البدايه) атымен танылған өз қолымен құрастырған диуанына (өлеңдер жинағы) жазылған кіріспенің 31 нұсқасы, «Махбуб әл-қулуб» шығармасының 19 нұсқасы, «Хазойнул маоний» атымен аталатын диуанының 110 нұсқасы, ал бес поэмадан тұратын «Хамса» шығармасының 47 нұсқасы сақталған. Бұдан басқа, Әлішер Науаидың 24 шығармасының кейбірі ең аз дегенде бір нұсқадан, көбісі екі-үш нұсқадан сақталғанына куә боламыз (Хокимов, 1983: 17-18).

Әлішер Науаидың қолжазбалары Ташкент қаласынан басқа Самарқанд, Бұхара, Қоқанд қалаларында және Душанбе, Санкт-Петербург, Москва, Париж, Лондон, Баку, Тбилиси, Ереван, Ашхабад, Қазан, Оксфорд, Кембридж, Дублин, Берлин, Мюнхен, Вена, Рим, Упсала, Нью-Йорк, Филадельфия, Ыстамбұл, Техран, Кабул, Хайдарабад, Каир және т.б. қолжазба қорларында сақталғандығы М. Хакимовтың каталогының кіріспесінде айтылған. Бұдан басқа зерттеу жұмыстарында да ақынның мұралары сақталған қорлар атап көрсетілген. Бірақ, бұл тізімде, басқа тізімдерде де Алматы қаласында сақталған Әлішер Науаидың қолжазбалары туралы сөз қолғалмаған.

Патшалық Ресейдің Орталық Азия елдерін отарлау кезінде көптеген құнды тарихы жәдігерлерді Москва мен Санкт-Петербургке алып кеткендігі белгілі. Отанынан алыстаған құнды жазба ескерткіштердің арасында көптеген араб, парсы және түрік тілдеріндегі қолжазбалар болған. Сондай қолжазбалардың біразы Әлішер Науаидың шығармалары. Бұл шығармалардың көбісі кеңес шығыстанушылары тарапынан зерттеліп, орыс тіліне аударылып кең түрде насихатталған. Кеңес одағы 1941-жылдың басында Әлішер Науаидың 500 жылдық мерейтойын тойлауға шешім қабылдайды. Алайда соғыс басталып бұл мерекелік шара тойланбайды[1]. Дегенмен соғыс біткеннен соң 1948-жылы Ташкентте кең түрде тойланады. Сол кезде Әлішер Науаидың шығармаларын насихаттау мақсатында біршама жұмыстар атқарылған. Кеңес одағы кезінде жан-жақты насихатталған түріктілді ақындардың бірі Әлішер Науаи екендігін айта кеткен жөн.

Әлішер Науаидың 575 жылдық мерейтойының құрметіне 2016-жылы ресейлік бірқатар шығыстанушылар Москва қаласындағы қолжазба қорлар мен музейлерде сақталған Әлішер Науаидың қолжазбалары мен литографиялық басылымдарының каталогын шығарған. Бұл каталогқа Әлішер Науаидың 14 қолжазбасы мен 12 литографиялық жинағы енген (Зайцев, 2016: 208). Каталогта Әлішер Науаидың еңбектеріне арналған зерттеу мақала бар. Мақаланың авторы И.В. Зайцев ақынның әрбір қолжазбасының Москва қаласындағы қорларға келу тарихы туралы мәліметтерді толық беруге тырысқан. Арасында бір қолжазбаны 1865-жылы Самарқандта 8 рубльге сатып алынғандығы туралы мәлімет кездеседі (Зайцев, 2016: 63). Москваға және т.б. қалаларға Әлішер Науаидың қолжазбалары осылайша кең тарап кеткен. Қазақстан жеріндегі Әлішер Науаидың қолжазбалары қалай сақталды, кітапханаларда қанша қолжазбасы сақталған және ҚР Ұлттық кітапханасы мен Орталық ғылыми кітапхана қорына қашан келіп түскендігі туралы мәліметтер ешбір жерде кездеспейді. Себебі бұл тақырып осы күнге дейін арнайы зерттелмеген. Сол себепті мақаланы жазуда алдымызға бірнеше мақсат қойдық. Олар: Алматы қаласы кітапхана қорларындағы Әлішер Науаидың қолжазба және сирек басы-

[1]1941-жылы 10-12 желтоқсанда соғыс болып жатқанына қарамастан Эрмитаждың Школьный бөлмесінде Әлішер Науаидың 500-жылдық мерейтойына орай «Навои оқулары» өтеді. Алғысөзді Эрмитаждың директоры, академик Иосиф Абгарович Орбели сөйлеп, өте қиын жағдайда ұлы ақын Әлішер Науаидың мерейтойын атап өтілуде екендігін атап көрсеткен. Сонымен қатар, түрік әдебиетінің аудармашысы, ақын Николай Федорович Лебедевтың (1901-1941) достарының сүйемелдеуімен келіп, қатты қажығанына қарамастан өлең оқығанын әріптестері жазған. Жалпы соғыс жағдайында Ә.Науаидың 500-жылдық мерейтойы тек қана Ленинградта тойланғаны түрік ақынына деген үлкен құрмет екенін айту керек. Қараңыз: Рукописи и литографированные издания произведений А. Навои в московских собраниях, 2016. С. 34-35.

лымдарының тізімін анықтау, әрбір еңбегіне ғылыми сипаттама беру және алдағы уақытта ақын мұраларын зерттеудің жолдарын ұсыну. Ол үшін мақалада ақынның әрбір шығармасының толық ғылыми сипаттамасын беруді, осы мұралардың сақталуы, зерттелуі, жазуы, көшірушісі және жазу стилін анықтауды міндет етіп қойылды.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Мақаланы жазу барысында салыстырмалы тарихи тұрғыдан талдау, саралау секілді жалпы ғылыми әдістер қолданылды. Сонымен қатар осы тақырыпқа қатысты жазылған ғалымдардың еңбектері қарастырылады. Зерттеу жұмысы тікелей қолжазбалар мен көне кітаптарға қатысты болғандықтан мақаламызда көне кітаптар мен қолжазбалар тарихын зерттеудің әдістері мен қолжазбатану әдістеріне жүгіндік. Осы сала бойынша жазылған танымал ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып зерттеу жұмысы жасалды. Сондай-ақ мәтінтану мен лексикалық талдау әдістері де қамтылды.

Нәтижелері мен талқылама

ҚР Ұлттық кітапханасы Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қоры

Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапхана 1910-жылы құрылған. Ал, Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар бөлімі 1941-жылы Сирек кітаптар мен қолжазбалар секторы ретінде құрылып, орыс және шығыс қолжазбалары қорын, сирек кітаптар мен журналдар қорын біріктіреді (Қасымжанова, Исмаилов, 2011: 47) Сирек қордың кеш ашылуы соғыс жылдарына тура келуімен түсіндіріледі. Сонымен қатар шығыс тілдерін білетін мамандардың аз болуы да Сирек қордың қалыптасуына әсер еткен. Қорда сақталған қолжазбаларды оқып, оның ғылыми анықтамасын жазып беретін мамандардың болмауынан ұзақ жылдар бойы көптеген араб, парсы және түрік тілдеріндегі сирек кітаптар мен қолжазбалардың картотекасы жасалмай келген. ҚР Ұлттық кітапханасының Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қоры бір кезде қалыптаспаған. Алғашқы кезде сирек кітаптар мен қолжазбалардың саны аз болған. Бірте-бірте сирек қор жанашыр адамдар сыйға берген сирек кітаптар мен қолжазбалармен толығып отырған. Ең соңғы рет сирек қор 2004-2006 жылдар аралығында жүргізілген Республикалық «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында бірқатар құнды қолжазбалар мен микрофильмдердің көшірмелерімен толыққан. Кітапханашылардың ауызша берген мәліметі бойынша аталмыш бағдарламасы аясында 69 парсы, 15 түрік-шағатай және 5 араб тіліндегі қолжазбалар, сирек кітаптар және микрофильмдердің көшірмелері әкелінген. Бұл туралы жазбаша арнайы мәлімет жоқ, бірақ электронды картотекада «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында көшірмесі әкелінген қолжазбалар, микрофильмдер мен сирек кітаптардың анықтамасының жанына ММ деп жазып көрсетілген және шетел қорларынан әкелінген әрбір еңбектің ішіне «Мәдени мұра» деген мөр басылған.

Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасы Сирек қорындағы араб, парсы, түрік және төтеше жазудағы қолжазбалар мен көне кітаптардың картотекасының негізінде библиографиялық көрсеткіш жасалған (Сауытбеков, 1981: 749). Оқырмандар осы көрсеткіш арқылы қолжазбалар мен сирек кітаптарға тапсырыс беретін болған. Библиографиялық көрсеткіштерде ең қысқа мәлімет қамтылғандықтан, бұл библиографиялық көрсеткіш каталогты алмастыра алмайтыны белгілі. Ұзақ жылдар бойы Сирек қорда сақталған араб, парсы, түрік және т.б. шығыс тілдеріндегі қолжазбалар мен сирек кітаптардың каталогы жасалып, арнайы зерттелмей келген. Қазақстан республикасы тәуелсіздік алған жылдардан бастап сирек қорда сақталған көне кітаптар мен қолжазбалардың каталогын жасау қолға алына бастады. ҚР ҰК Сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар қорындағы парсы тіліндегі қолжазбалардың каталогы алғаш рет 2008-жылы жарық көрді (Абдулло, Камаледдини, 2008). Бұл каталогқа парсы тіліндегі 112 қолжазбаның аннотациясы енген және каталог орыс тілінде. Ал парсы тіліндегі литографиялық сирек кітаптардың каталогы алғаш рет 2011-жылы қазақ тілінде жарық көрген (Қамбарбекова, 2011). Бұл каталогқа Иран, Үндістан, Орталық Азия, Еуропа, Ресей, Азербайжан, Түркіменстан, Түркия және Грузия елдерінде жарық көрген парсы тіліндегі 247 көне кітаптың ғылыми аннотациясы енген. Биыл ҚР Ұлттық кітапханасында сақталған араб жазуындағы түрік тіліндегі сирек кездесетін кітаптардың каталогы жарық көрді (Kabadayi, Shadkam, 2021: 394). Бұл каталогқа 417 түрік тіліндегі литографиялық кітаптардың ғылыми аннотациясы енген және каталог түрік тілінде жарық көрген. Көріп тұрғанымыздай

жоғарыда атап көрсеткеннен басқа әлі күнге дейін араб, түрік, татар және өзбек тілдеріндегі қолжазбалар мен сирек кітаптардың жеке каталогтары жасалмаған. Демек, бұл бағытта шығыстанушыларға жүктелетін жұмыс көп. Соның ең бастысы осы қордағы қолжазбалар мен сирек кітаптардың каталогын дайындау және осы жазбаша мұраны зерттеп ғылыми айналымға енгізу.

Әлішер Науаидың қолжазбалары мен сирек басылымдары

Әлішер Науаидың қолжазбалары туралы сөз болғанда ҚР Ұлттық кітапханасының Сирек қорында сақталған түрік тіліндегі қолжазбалардың каталогы әлі күнге дейін құрастырылмағанын айтуымыз керек. Осы күнге дейін дайындалған библиографлық көрсеткіштегі шағатай тіліндегі қолжазбалардың саны шамамен 70. Бұл қолжазбалардың ішінде Әлішер Науаидың әр түрлі шығармаларының он қолжазбасы кездеседі. Өлең жинақтардың аты әртүрлі: «Диуан-и Мир Әлішер Науаи» және «Диуан-и Науаи» деген атпен бес қолжазба сақталған. Сонымен қатар, «Махбуб «әл-қулуб» шығармасының екі қолжазбасы мен «Хамса» (Бес поэма) шығармасының екі қолжазбасы кездеседі. Бұған қосымша 75 шифрлы қолжазбада Әлішер Науаидың бірнеше қысқа шығармасы кездеседі. Қолжазба бірнеше қысқа шағатай және парсы тілдеріндегі шығармалардан тұрады және нақты аты жоқ. Сирек қорда Әлішер Науаидың қолжазбаларынан басқа литографиядан жарық көрген сирек басылымдары да сақталған. Картотекада немесе библиографиялық көрсеткіште шағатай тіліндегі кітаптар жеке жазылған. Шағатай тіліндегі литографиялық кітаптардың ішінде Әлішер Науаидың 16 шығармасы кездеседі (Сауытбеков, 1981: 169-174). Сонымен қатар, өзбек тіліндегі литографиялық кітаптардың тізімі жеке жазылған. Бұл бөлімде Әлішер Науаидың тағы үш шығармасын кездестіруге болады (Сауытбеков, 1981: 142-143). Әлішер Науаидың шығармалары шағатай тіліндегі және өзбек тіліндегі шығармалар деп екі бөлімде берілген. Ал, жақында ғана түрік тілінде жарық көрген ҚР Ұлттық кітапханасында сақталған араб жазуындағы түрік тіліндегі сирек кездесетін кітаптардың каталогына Әлішер Науаидың литографиялық 16 жинағы енген. Науаи шағатай және өзбек тілінде жеке-жеке шығармалар жазбағаны белгілі. Демек ақынның еңбектері бір тілдің астына топтастырылуы керек. Бірақ әлі күнге дейін бұл жайында жүйесіздік бар екендігін байқаймыз. Сонымен сирек қорда сақталған Әлішер Науаидың литографиялық шығармаларының саны – 19. Оның ішінде ақынның он екі диуаны (өлеңдер жинағы), үш «Махбуб әл-қулуб», екі Хамса, бір «Мухакаматул луғатайн» және бір проза түріндегі «Науаидың проза түріндегі Хамсасы» (Насре Хамса-йе Навои) атты шығармасы бар. Әлішер Науаидың литографиялық еңбектерінің көбісі Ташкент және Санкт-Петербургтегі литографиялардан жарық көрген.

Әлішер Науаидың ҚР Ұлттық кітапханасы Сирек қорындағы қолжазбаларының сипаттамасына келсек ақынның шығармаларының ішіндегі ең қомақтысы – Хамса (Бес поэма). Сирек қорда Ниауаидың екі бірдей Хамсасы сақталған. Олардың бірі خمسهٔ نوایی – Науаидың Хамсасы деп аталады. Әр поэманың жеке унваны[2] бар, 330 парақта мөр болған, бірақ ол кейіннен өшірілген. Шығарманың жазуы насталиқ, мұқабасы сақталған және конверт пішіндес, әр беттегі мәтін 4 бағанға бөлінген, әр бетте 13 жол, 334 парақ; 28.5х18 см. Қолжазбаның көшірушісі мен көшірілген жылы белгісіз. Бес поэманың жинақтағы тәртібі төмендегідей:

1. Хайрат әл-әбрар (خیرت الابرار) поэмасы 1-70 пп.
2. Фархад – Ширин (فرهاد و شیرین) поэмасы 71-164 пп.
3. Ләйлі – Мәжнүн (لیلی و مجنون) поэмасы 164-219 пп.
4. Садди Искандар (سد اسکندر) поэмасы 220-331 пп.
5. Саб’а сайар (سبعه سیار) поэмасының аты жазылған, бірақ бұл поэма жинаққа енбеген.

Жалпы, бес поэма жазған ақындардың еңбектерін көшіргенде бір немесе екі поэмасының енбей қалуы жиі кездеседі. Науаидың Хамсасын құрастыруда да бұл жағдай кездеседі. М. Хокимовтың каталогында үш поэмадан тұратын, төрт поэмадан тұратын және бес поэмадан тұратын Хамсалар кездеседі (Хокимов, 198: 138-143). Бұлай болуының өзіндік себептері бар. Қолжазба жазуда ең бастысы жақсы қағаз дайындап алу. Егер жеткілікті мөлшерде қағаз болса, онда көшірушіге тапсырыс беріледі. Ары қарай көшіруші бетті өлшеп, өлең жолдарын есептеп жазып шығады. Бірақ қағаз дайындауда дұрыс есептелмей кейде парақ саны жетпей қалады немесе бірнеше парақ соңында бос қалып жатады. Бұл қағаздың тапшылығынан

[2] Унван –атау, ат. Қолжазба өнерінде унван деп шығарманың аты жазылған титулды бетті атайды.

болады немесе бір бетке жазатын өлең жолдарының санын дұрыс есептемегеннен болады. Сондықтан кейде бес поэманы жазуға жоспарлағанмен төрт поэма немесе үш поэма жазылады. Сирек қордағы Науаи Хамсасының жағдайы осыған ұқсас. Поэманың аты жазылып орны дайындалған, бірақ парақ саны аз қалғандықтан бесінші поэма симай қалған.

Сирек қордағы Хамсаның екінші қолжазбасы Хамса-йи Әмир Әлишир Науаи – خمسهٔ امیر علی شیر نوایی деп аталады. Поэма төрт бағанға бөлініп, тақырыптар қызыл сиямен жазылған. Әр поэманың басында жеке унваны бар және көркем безендірілген. Сонымен қатар қолжазбаның ішінде бірнеше миниатюра бар. Миниатюралардың сапасы төмен. Қолжазбаның 309 және 312 парағында мөр бар. Мөрдегі жазу: Масуд ибн Ташмухаммед, 1337». Шығарманың жазуы ұсақ насталиқ, мұқабасы қайта қалпына келтірілген, әр беттегі мәтін 21 жол; 1279/1865-жылы көшірілген, көшірілген жері – Түркістан; 314 парақ; 31х16,5 см. Форзац бетінде вақфие وقفیه деп жазылған. Сонымен қатар қолжазбаның форзац бетінде кейінірек сиямен жазылған жазу бар: شاعر نوایی دك شعری ناوایی اقین نڭ وله ڭی *Шайыр Науаидың шері, Науаи ақынның өлеңі.* Бұл жазуға қарап бұл Хамсаның иесі қазақ оқырманы болғанын аңғару қиын емес.

Бес поэманың құрастырылу тәртібі төмендегідей:

1. Хайрат әл-әбрар (خیرت الابرار) поэмасы 1-48 пп.

2. Ләйлі – Мәжнүн (لیلی و مجنون) поэмасы 49-99 пп.

3. Хусроу – Ширин (خسرو و شیرین) поэмасы 100-175 пп.

4. Саб'а сайар (سبعه سیار) поэмасы 176-233 пп.

5. Садди Искандари (سد اسکندر) поэмасы 234-311 пп.

Бұл Хамсаға бес поэманың бәрі енгеніне куә боламыз. Айта кетер жай, бұл Хамсаның жазуы ұсақ әріптермен жазылған және қолжазбаның көлемі алдыңғы қолжазбаға қарағанда үлкенірек. Қолжазбаның парақ саны жағынан бірінші Хамса 334 парақ, ал екінші Хамса 314 парақ. Сиымдылығы жағынан екіншісінің парақ саны аз болса да оған бес поэма сиып кеткен. Сондай-ақ Хамса дәстүрінде бес поэманың да орналасу тәртібі ауысып отырған. Бірде көшіруші «Хайрат әл-әбрар» поэмасынан бастаса, бірде «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасынан бастайды. Бірақ негізінен бес поэма «Хайрат әл-әбрар» поэмасынан басталады. Ал Хамсаның соңы әдетте «Ескендірдің қақпасы» немесе «Жеті планета» поэмасымен аяқталады. Бұның бәрі қолжазба өнерінің ерекшеліктерінен туындайтын қызықты деректер.

Сирек қорда «Махбуб әл-қулуб» атты ақынның қара сөзбен жазылған өзі көрген-білген, қоғамдағы әртүрлі жағдайлар туралы қорытынды пікірлері жазылған шығармасының екі нұсқасы сақталған. Оның біріншісі Махбуб әл-қулуб Әмир Әлишир Науаи محبوب القلوب امیر علیشیر نوائی деп аталады. Қолжазбаның мұқабасы қайта қалпына келтірілген. Колофоны жоқ, тиісінше көшірушісі де көшірілген жылы да белгісіз. Қолжазбаның жазуы насталиқ, әр беттегі мәтін 17 жол; 125 парақ; 23.5х15 см. Екінші Махбуб әл-қулуб محبوب القلوب шығармасының басында парсы тілінде діни шығарма бар (1-15 п.). Содан кейін «Махбуб әл-қулуб» шығармасы басталады (16-80 п.). Шығарманың бастапқы екі-үш беті кем. Қолжазбаның жазуы насталиқ, мұқабасы қайта қалпына келтірілген, әр беттегі мәтін 15 жол; деф: басы мен аяғы жоғалған; 80 парақ; 21.5х13 см. Бұл қолжазбаның басы парсы тіліндегі шығармадан (15 п.) басталуына байланысты парсы тіліндегі қолжазалар каталогына енген (Абдулло, Камеледдини, 2008:146). Бірақ каталог жасау тәртібіне сай бұл қолжазба түрік тіліндегі қолжазбалар каталогында болуы тиіс. Махбуб әл-қулуб шығармасы ақынның ең соңғы шығармасына жатады. Науаидың бұл еңбегі туралы М. Әуезов былай деп жазған: «Мұнда өмірдің тәжіриесі, көрген-білген үлкен халдер, қоғамдық халдер туралы өзінің қорытынды пікірлерін айтады. Халық қамы мен патшалық ниетінің арасындағы бітімсіз жаулықты, елдің ызасын, жиренішін, қорлығын айтады. Жуандардың әділетсіздігін, залымдығын, жыртқыштығын таңбалайды. Жұрт мұңына соншалықты жақын келген бұл шығарманың тілі де халық тіліне, халық шешендігіне, мақал-афоризмдеріне аса жақын, асыл, бай өрнектеп жазылған» (Әуезов, 2014: 257).

Әлішер Науаидың Сирек қорда бес диуанының (өлеңдер жинағы) қолжазбасы сақталған. Оның бірі Мәдени мұра бағдарламасы аясында жеке коллекциядан сатып алынған. Аты – «Диуан-и Науаи» دیوان نوایی, шығарманың жазуы шикасте аралас насталиқ, мұқабасы қайта қалпына келтірілген, әр беттегі мәтін 11-13 жол; 113 парақ; 27х17 см. Келесі өлеңдер жинағының жазуы насталиқ, мұқабасы қайта қалпына келтірілген, әр беттегі мәтін 11-12 жол; 215 па-

рақ; 29.5х17 см. Бұл екі жинақтың да көшірушісі де көшірілген жылы да белгісіз. Үшінші диуанның да жағдайы тура осылай: жазуы насталиқ, мұқабасы қайта қалпына келтірілген, әр беттегі мәтін 15 жол, көшірілген уақыты 1231/1813; қолжазбада екі мөр бар, жазуы оқылмайды; 149 парақ; 25.5х16 см. Төртінші қолжазба диуанның аты Диуан Мир Әлишир Науаи دیوان میر علی شیر نوایی жазуы шикасте аралас насталиқ, мұқабасы қайта қалпына келтірілген, әр беттегі мәтін 13 жол; көшірген – Молла Мұхаммед Құлқари, көшірілген уақыты 1276/1858; 344 парақ; 25х14 см. Форзац бетінде сиямен «Түркістанда табылды» деп араб графикасында жазылған жазу бар. Бұл жазуға қарап, Түркістан өңіріндегі мектеп-медреселерде Науаидың шығармалары сұранысқа ие болған деген ойға келеміз. Бесінші диуанның нақты атауы жоқ. Басында хадистер бар (1-45 б.), сосын Фасихи диуанынан үзінді ғазалдар (67-69 б.), ары қарай Науаидың ғазалдары беттің ортасына, жиектеріне түсініктер жазылған (69-814 б.). Біраз парақтар бос қалдырылған (815-816), одан ары қарай түрлі қыталар мен таржибандтар кездеседі (817-844). Бұл жинақтың көшірушісі де көшірілген жылы да белгісіз. Шығарманың жазуы көркем насталиқ, мұқабасы сақталған, әр беттегі мәтін 17 жол; 844 бет; 31х19 см.

Әлішер Науаиге қатысты соңғы қолжазбаның аты жоқ. Қолжазба бірнеше араб, парсы және шағатай тілдерінде жазылған шығармалардан тұрады. Негізінен Әлишер Науаидің еңбектері. Қолжазбадағы түрлі шығармалардың реті төмендегідей:

1. 1а бетінде Махдум Азамның мінәжәті, парсы тілінде.

2. Бұдан кейін 11 жол өлеңнен тұратын «мунажати дигар» (басқа бір мінәжат), парсы тілінде.

3. Әлишир Науаидің «Махбуб әл-қулуб» шығармасы (1-6 п.). Проза түрінде жазылған шығарманың басы ғана жазылған.

4. Мінәжат (6b.п.), парсы тілінде. Мінәжат жиекке ретсіз жазылған.

5. Хәзіреті шах Маруанның лақабтары (7-8 п.). Төрт бағанға бөлінген парсы тіліндегі өлең 6 жолдан тұрады.

6. Әбдірахман Жәмидің 8 жолдан тұратын өлеңі (8-9 п.). Өлең парсы тілінде және бетке қиғашынан жазылған.

7. Рисала-йи Әмир Әлишир – Әмир Әлиширдің рисаласы (9-14 п.), парсы тілінде.

8. Арбаин-и Әлишир Науаи – Науаидің қырық хадисі (14-20 п.), түрік тілінде.

9. Шарх-и маджма әл-бахрайн, араб тілінде (20-21 п.).

10. Хамсат әл-мутаххайирин, Науаидың шығармасы (21-61 п.). Бұл еңбекте Әлишер Науаи сопылық шығармаларға талдау жасайды. Проза түрінде жазылған, шағатай тілінде, 1227-жылы көшірілген.

11. Әбдірахман Жәмидің мінәжәты (61-62 п.). Әр беттегі өлең 15 жол, парсы тілінде.

12. Әбдірахман Жәмидің мінәжәті (62-64 п.). Әр беттегі өлең 17-18 жол, парсы тілінде.

13. Молла Муиннің мінәжәті (64-65 п.), әр беттегі өлең 19-20 жол, парсы тілінде.

14. Мизан әл-аузан – Өлшемдердің өлшемі (64-87 п.). Науаидың бұл шығармасы өлең өлшемі арузге арналған, шағатай тілінде.

15. Хазреті Әлиден басталатын имамдардың тізімі, парсы тілінде және ірі насталиқ жазуымен жазылған (88а-б).

16. Хазреті Шейх Хасан Хирқанидің мінәжәті (89а). Мінәжат 10 жолдан тұрады, парсы тілінде ірі насталиқ жазуымен жазылған.

17. Хазреті Шейх Сағди Рахматуллахтың мінәжәті (89-90). 25 жолдан тұратын мінәжәт парсы тілінде жазылған.

Қолжазбаның бастан-аяқ жазуы насталиқ, мұқабасы сақталған, әр беттегі мәтін 13 жол, қоқан қағазы, белгілер қызыл сиямен жазылған; 90 парақ; 25х12.5 см. Бұл жинаққа қарап, көбінесе парсы тіліндегі мінәжаттар мен Науаидың үш шағын шығармасының топтастырылғанын және мұндай әдістің тиімді болғанын байқаймыз. Көлемі шағын шығармаларды осылайша бір кітап етіп жазу дәстүрі Иранда, Үндістанда, Түркия және Орталық Азияда болған.

Сирек қорда сақталған Әлішер Науаидың литографиялық басылымдары

Жоғарыда ақынның литографиялық басылымдарының саны 19 екенін айтылды, соның үшеуі өзбек тіліндегі кітаптар бөлімінде берілген.

1. Өзбек тіліндегі литографиялық кітаптар бөлімінде кездесетін үш еңбектің біріншісі – Мухакамат ал-луғатайн محاكمة اللغتين – ترک لغتی بیلان فارسی نینک محاکمه سیدن عبارت دور. Бұл кітап Ашур Аала Тахиридің тапсырысымен 1936-жылы Қоқандтағы паровая литографиясынан жарық көрген. Кітапты баспаға әзірлеген – Махдум ибн Шах Юнус. Беттер саны – 39, жазуы ортаазиялық насталиқ. Кітаптың алғысөзі бар. Алғысөзінде құрастырушы Әлішер Науаи-

дың қысқаша өмірбаяны мен еңбектері туралы мәліметті қамтыған.

2. Насре Хамса-йи Навои – Науаидың хамсасының проза түріндегі үзіндісі, екінші атауы Ескендірнама. Басында ақынның қысқаша өмірбаяны берілген. Ташкент: Арифжанов литографиясы, 1326/1908 жылы басылған. Жазуы насталиқ, беттер саны – 100. Бұл шығармаға қарап, поэманы проза түрінде баяндау дәстүрін байқаймыз. Мұндай дәстүр парсы әдебиетінде кездеседі. Фирдаусидың көлемі үлкен Шахнама поэмасын кішігірім дастандарға бөліп проза түрінде баяндау дәстүрі болған. Мұның себебі қарапайым халыққа поэзия тіліне қарағанда проза тілі жақын болғандығымен түсіндіріледі. Қазірше Науаи поэмаларының ішінде тек Ескендірге арнаған поэмасы ғана проза түрінде баяндалғанын кездестірдік.

3. Ақынның екі Хамсасы сақталған, бірі өзбек тілі бөлімінде, екіншісі шағатай тіліндегі кітаптардың ішінде. Бірақ екі Хамсаны салыстыра отырып бір екеніне көз жеткіздік. Хамса 1923/1905 жылы Ташкенттегі О.А. Порцев литографиясында басылған. Жазуы насталиқ, беттер саны – 508.

4. Махбуб әл-қулуб шығармасының 3 нұсқасы сақталған. Оның екеуі бір басылым, Ташкентте 1325/1907 жылы Бұхарадағы литографиядан жарық көрген. Ал үшіншісі Стамбұлдағы Амира литографиясында 1289/1872 жылы жарық көрген.

5. Диуан – Әлішер Науаидың өлеңдер жинағының 12 басылымы бар. Бұл жинақтардың бәрі Ташкентте 1886-1916 жылдар аралығында жарық көрген. Көлемі мен жинаққа енген өлеңдердің мазмұны жағынан өте жақын. Кейбір жинақтар бір-біріне толығымен ұқсайды және бір-бірін қайталайды. Әлішер Науаидың төрт түрлі атаумен құрастырылған жинақтары болған. Соның бірі – Ғарайб ас-сағир. Сирек қорда сақталған Науаидың өлеңдер жинағының бәрі осы Ғарайб ас-сағир жинағы. Бұл диуандардың тапсырыс берушілері мен көшірушілері бөлек, бірақ кейде қайталанады. Баспаға әзірлеушілердің аты Молла Абдолла Жами ибн Асадулла Қажы, Молла Ғұлам Хасан, Мырза Ахмад Мырза Карим, ал көшірушілер Молла Юлдаш Қоқанди, Молла Юсуфжан ибн Молла Закиржан.

«Ғылым ордасы» Орталық Ғылыми кітапханасының Сирек кітаптар мен қолжазбалар және ұлттық әдебиет бөлімі

Орталық ғылыми кітапхана 1932-жылы құрылған. Бұл кітапхана Ғылым Академиясының ғимаратында орналасқан. Бұл күндері аталмыш ғимарат «Ғылым ордасы» деп аталады. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі Ғылым комитеті «Ғылым ордасы» Орталық ғылыми кітапханасының (БҒМ ҒК ҒО) Сирек кітаптар мен қолжазбалар және ұлттық әдебиет бөлімінде көптеген араб, парсы, түрік, татар, өзбек және т.б. батыс және шығыс тілдеріндегі сирек кітаптар мен қолжазбалар сақталған. Орталық ғылыми кітапхананың Сирек қорында сақталған қолжазбалар мен сирек кітаптардың зерттелуі де Ұлттық кітапханадағы жағдайға ұқсас. Парсы тіліндегі кітаптардың каталогы алғаш рет 2015-жылы дайындалып, жарық көрген (Қамбарбекова, 2015). Бұл қорда сақталған сирек кітаптар мен қолжазбалардың каталогы тілдерге қарай жеке-жеке әлі құрастырылмаған және өз зерттеушілерін күтуде. Оқырмандар дәстүрлі картотекалар мен электронды кітаптар жүйесі арқылы іздеген қолжазбалары мен сирек басылымдарына тапсырыс бере алады.

Орталық ғылыми кітапханасы Сирек қорындағы Әлішер Науаидың қолжазбалары мен сирек басылымдары

Бұл қорда Әлішер Науаидың үш қолжазбасы мен он төрт сирек басылымы сақталған. Қолжазбалардың бәрі ақынның өлеңдер жинағы. Қысқаша сипаты: бірінші қолжазбаның басы-аяғы жоқ, қалың қағаз, жазуы насталиқ, 104 парақ; 24x16 см. Көшірушісі және көшірілген жері мен жылы белгісіз. Шығарманың басы: ای نو بهاری عارضینک صخیفه جان پرورهوا Екінші қолжазба да толық емес, 1324/1906 жылы көшірілген, 110 парақ; 24x16 см. Қолжазбаның нақты аты жоқ бірақ өлеңдерінің мазмұнына қарап Әлішер Науаидің диуаны екенін білеміз. Бұл қолжазбаның басында Науаидың ғазалдары 1-17 п., барлығы 30 ғазал енген. Ал қалған 18-108 п. Әбдул Қадыр Биделдің ғазалдары. Бұл қолжазбаның да көшірушісі мен көшірілген жері белгісіз. Үшінші қолжазбаның жағдайы да тура осыған ұқсас. Басы-аяғы сақталмаған, көшірушісі, көшірілген жылы белгісіз, мұқабасы қайта қалпына келтірілген диуан. Бұл үш қолжазбаның бәрі де Науаидың «Бадаидул-васат» деп аталатын өлеңдер жинағы екенін қолжазбалардың ішіндегі ғазалдарына қарап анықталды.

Орталық ғылыми кітапхананың қорында сақталған Әлішер Науаи шығармаларының си-

рек басылымдары он төрт. Оның үшеуі Махбуб әл-қулуб, екеуі Хамса, қалған тоғызы ақынның әр жылдары жарық көрген өлеңдер жинағы. Айта кетерлік жай осы қорда сақталған үш «Махбуб әл-қулуб» бір шығарма. Үшеуі де Бұхарада 1325/1907 жылы жарық көрген. Ал, қалған екі Хамса да бір басылым. Оны Хорезмде 1297/1880 жылы Молла Мұхаммед Юсуф ибн Хорезми көшірген. Ақынның өлеңдер жинағы ғана әр жылдары жарық көрген. Соның бірі – Стамбұлда Ариф Әфенди литографиясынан 1317/1899 жылы жарық көрген, 208 бет. Көшірушісі Мұхаммад Садық Афған Қандыхари, ал тапсырыс берушісі Қажы Мұхаммед Садық ишан Хужандиоғлы. Қалған диуандарының бәрі Ташкент қаласындағы түрлі литографиялардан жарық көрген. Диуандардың ішінде нашар сақталғандары да бар, бірінің алғашқы парақтары жоқ, бірінің соңы жоқ. Науаи диуандарының мазмұнына қарай, екі түрлі жинағы сақталғанына көз жеткіздік. Біріншісі – «Ғарайб ас-сиғар», екіншісі – «Навадир ал-шабаб». Осы екі түрлі өлеңдер жинағы түрлі литографияларда жиі жарық көрген және халық арасына кең тараған. Әрине, қалған екі диуаны да халық арасына кең тарағаны күмәнсіз, бірақ қазірге Ұлттық кітапхана мен Орталық ғылыми кітапхана қорларынан кездеспеді.

Орталық ғылыми кітапхананың Сирек қорында Науадың тағы екі шығармасы сақталған. Бұл шығармалар типографиядан жарық көрген кітаптар, бірақ Науаидың еңбектерін зерттеуде маңызды басылымдарға жатады. Оның бірі Париж қаласында 1841 жылы жарық көрген Науаидың екі шығармасының факсимиле мәтіні. Кітаптың аты – Chrestomathie en Turk Orientales De L'emir Ali-Schir (Әлішер Науаидың еңбектерінің хрестоматиясы). Бұл хрестоматия ретінде шығарылған еңбек екі томдық, бірақ Сирек қорда оның бір томы сақталған (Quatremère, 1841). Хрестоматияға ақынның «Мухакаматул луғатайн» мен «Тарих-и ажәм» және бір Маснавиі енген. Мәтінін баспаға әзірлеген танымал француз шығыстанушысы Этьенн-Марк Катрмер (Etienne Marc Quatremère 1782-1857). Катрмер сондай-ақ Бабыр-нама, Бахтияр-нама, Тазкират ал-аулия шығармаларының мәтіндерін хрестоматия етіп жарыққа шығарған. Егер басылымның шыққан жылы мен Науаидың Сирек қорда сақталған көптеген литографиялық басылымдарының жылын салыстыратын болсақ, француз ғалымының хрестоматиясы тіпті кейбір қолжазбалардан да бұрын жарық көргенін байқаймыз. Сондықтан Науаи шығармаларының мәтінімен жұмыс істегісі келетін зерттеушілер үшін бұл басылым таптырмайтын дүние деуге болады. Бұдан басқа Сирек қорда бұл күнде сирек басылым болып саналатын екі еңбек сақталған. Оның бірі – Махбуб әл-қулуб. Бұл еңбектің мәтінін 1948-жылы белгілі ғалым А. Н. Кононов (1906-1986) ғылыми түсініктерімен бірге жарыққа шығарған (Кононов, 1948). Екінші басылымның аты – Саб'а сайар (Жеті планета) поэмасы. Бұл поэма Хамса деп аталатын бес поэманың бірі. Поэманың мәтінін шағатай тілінде, қайта теріп баспаға әзірлеген Парса Шамиев. Сыртқы анықтамасы: Ғылыми-сыни мәтін, Төртінші дастан. Ташкент: Фан, 1956. Мәтіннің қысқа алғысөзі бар және ол араб графикасында жазылған. Кітаптың оң жақ мұқабасына авторы мен басқа да мәліметті өзбек тілінде бірақ араб графикасында жазған: سبهء سیار. علیشیر نوایی. علمی تنقیدی متن. تورتونچی داستان. طیارلاوچی: پارسا شمییف. Байқағанымыздай мұндай басылымдар бірнешеу болуы мүмкін және ондай басылымдардың бәрі де Әлішер Науаи еңбектерінің түпнұсқа мәтінімен тікелей жұмыс істейтін зерттеушілер үшін аса құнды материал деп санаймыз.

Қорытынды және тұжырымдама

Әлішер Науаидың Алматы кітапхана қорларында сақталған қолжазбалары мен сирек басылымдарына арналған зерттеу жұмысымызды қорытындылай келе төмендегідей шешімге келеміз. Алматыдағы екі үлкен кітапхана қорларында сақталған Әлішер Науаидың қолжазбалары мен сирек басылымдарының саны аз емес. Екі кітапхана қорындағы Әлішер Науаи қолжазбалары он үш (13), сирек басылымдары отыз үш (33), жалпы саны қырық алты (46). Ақынның отыз шақты еңбегінің ішінде мақалада қарастырған екі кітапхана қорында сақталғандары: Хамса, Махбуб әл-қулуб, Мухакаматул луғатайн, Арбайин, Хамсат әл-мутаххайирин, Мизан әл-аузан, Ғарайб ас-сағир, Навадир ал-шабаб. Әдетте бес поэма жеке-жеке бес шығарма болғандықтан ақынның барлығы 12 түрлі шығармасы сақталған. Кейбір шығармалары екі немесе одан да көп нұсқада сақталған. Атап айтқанда:

Диуан – 25 нұсқасы сақталған, оның төртеуі қолжазба, 21 литография;

Хамса – 4 нұсқасы сақталған, екеуі қолжазба, төртеуі литографиялық басылым;

Махбуб әл-қулуб – 7 нұсқасы сақталған, екеуі қолжазба, бесеуі литография және бір факсимиле мәтін;

Мухакаматул луғатайн – бір литографиялық басылым және бір факсимиле;

Арбайин – бір қолжазба нұсқа;

Хамсат әл-мутахххайирин – бір қолжазба нұсқа;

Мизан әл-аузан – бір қолжазба;

Тарих-и мулуки ажәм – бір факсимиле басылым;

Ескендір-нама – бір литографиялық проза түріндегі басылым;

Жеті планета – бір факсимиле мәтін.

Екіншіден, шағатай тілінде жазылған тарихи, әдеби және т.б. тақырыптардағы жазбаша мұраларды парсы тілінсіз зерттеу мүмкін емес. Ол туралы көптеген шығыстанушылар толымды пікір қалдырған. Сондықтан Әлішер Науаидың шығармаларын зерттеуде парсы тілі мамандары, яғни ирантанушылардың турколог мамандармен бірге зерттеуі қажет екендігін ерекше атап көрсеткен жөн. Сөзіміз дәйекті болу үшін мақалада қарастырған Әлішер Науаидың өлеңдер жинағындағы жеті ғазалдан сексенге жуық парсы сөздері кездесетінін нақты мысал негізінде көрсетеміз. Ол сөздер: – پیدا پرورده – نفس افسا – قطره – کویا – شیدا – رویش – پروانه – جاهل – رخسار – دیباچه –غوغا – بسی – مشکل – فریاد – کاه کاه – همان – سایر – پاسبان – جاوید – آثار – نشان – خورشید شان – داغی – نومید (نا امید) – ناکهان – زهی – جولان – کنبد – میل – چرخ – نسیم – سنبل – سراسر – سرکشته – رنج – وصل – منزل – خوشکو – پرده – خاک – شتاب – جرم – کناه – مه (ماه) – لاله – ساغر- ساقی – زنا – صدا – زنگ غم – غم زده – می – جام – وحدت – کبر – مثل – نثار – رسوا – دیوانه – جلوه – چهره – تا – که – تشنه لب – هر دم – ندا – خسته – دوا – ازل – سطح – طرفه – نو پیدا – خرمن برق – خطا – برک – کل – بلبل

Бұл сөздердің ішінде араб кірме сөздері де бар және бұл кірме сөздер Науаи заманына дейін парсы тілінің төл сөзіне айналып кеткенін айта кеткен жөн. Екіншіден, шағатай тіліне енген парсы сөздерінде «г» әрпі «к» болып жазылған. Үшіншіден, парсы кірме сөздерінің көбісі үйқасқа келіп түседі. Яғни, әр бейттің соңында ұйқас болу үшін таңдалатын сөздер осы парсы сөздері. Мысалы: шейда, гуйиа, ғауға, пейда, нафс-афса, хаста, чихра, хата, лола, желва, нупейда және т.б. Жалпы алғанда Әлішер Науаи шығармаларында парсы сөздерінің жиі кездесуі XV-XVI ғасырлар үшін қалыпты жағдай. Ақын өмір сүрген кезде парсы сөздерін араластырып сөйлеу және парсыша жазу дәстүр болған және бұл сөздерімізге көптеген әдеби және тарихи шығармалар дәлел бола алады. Бірақ Әлішер Науаидың ерекшелігі мен мықтылығы парсы тілі мен әдебиетінің жетегінде кетіп қалмай түрік тілінде жырлағанында. Әлішер Науаи парсы тілі мен түрік тілінің терезесі тең, қатар жырлана алатынын өз шығармалары арқылы дәлелдеп кеткен.

Үшіншіден, Әлішер Науаидың шығармаларын сақтаушылар мен тапсырыс берушілеріне қарап мынадай ойға келеміз. Ақынның еңбектері Қазан төңкерісіне дейін Бұхара, Ташкент және Хиуа секілді қалалардағы литографияларда жиі жарық көрген. Оған қосымша қолжазбалары да көшіріліп отырған. Ал тапсырыс берушілердің аты-жөніне қарап бәрінің есімдерінде молда (мулла) деген анықтауыш сөзі бар екенін ескере отырып тапсырыс берушілер сол кездегі медресе-мектеп ұстаздары болған деп шамалаймыз. Ол дегеніміз Науаидың еңбектері сол кездегі орта білім беретін ғылым ошақтарында оқытылғандығын және сұранысқа ие болғандығын білдіреді. Жалпы қолжазбаға тапсырыс беру де литографиялық басылымын арнайы рұхсат алып шығару да қаражатқа тірелген. Бірақ сұраныс болғандықтан бұл мәселе шешімін тапқан деп ойлаймыз. Осы ретте Ұлттық кітапханада сақталған Науаидың бір Хамсасы мен Диуанының Түркістаннан табылғаны ерекше назар аудартады. Түркістан аймағындағы медреселерде Науаи шығармалары оқытылғаны жоғарыда айтылды. Бірақ тек қана Түркістан аймағында емес Қазақстанның көптеген аймағында Әлішер Науаидың еңбектерін Хафиз, Сағди, Фирдауси, Низами, Бидил еңбектерімен қатар оқығанын Абай Құнанбайұлы мысалынан анық байқаймыз. Бұл туралы белгілі шығыстанушы Ө. Күмісбаев «Науаи және Абай» атты зерттеуінде жан-жақты қарастырған (Күмісбаев, 2012: 264-273). Сонымен қатар, Ұлттық және Орталық ғылыми кітапхана қорларында сақталған Әлішер Науаидың қолжазбалары мен көне басылымдары алыстан келмегені анық. Бұл шығармаларды бір кездері қазақ жеріндегі түрлі медреселерде білім алған көптеген қазақ зиялылары оқыған және әсерленген деп айтуға негіз бар. Бір кездері Әлішер Науаидың еңбектерін Абай Құнанбайұлы, Шәкерім Құдайбердіұлы, Мәшхүр Жүсіп Көпеев, Қалжан ахун және т.б. жүздеген зиялылар аудармасыз емін-еркін оқып пайдаланса бұл күндері аударма арқылы түсінетін жағдайда екенімізді де айта кеткен жөн.

Зерттеу барысында Ұлттық кітапхана мен Орталық ғылыми кітапхана қорларында Әлішер Науаидың отыз шақты шығармаларының 12-13 түрлі еңбегі сақталғандығына көз жеткіздік. Негізінен ақынның ең қомақты шығармасы Хамса, Махбуб әл-қулуб, Мухакаматул луғатайн, қысқа үш шығармасы мен Диуандары сақталған. Бұл ақынның еңбектерінің жартысына да жетпейді. Қалған шығармаларымен қазақ оқырмандары бұрын таныс болған ба немесе қазіргі таңда таныс па деген сұрақ ашық күйінде қалады. Ақынның еңбектерінің жартысына жуығы қазақ оқырмандарына азды-көпті таныс және бұл бағытта бірқатар іргелі жұмыстар жасалған. Әр жылдары ақынның өлеңдер жинағынан таңдамалы өлеңдер аударылып оқырманға ұсынылған. Ұзақ жылдар бойы уақыт жұмсаған ақын Н. Айтұлы көне өзбек тілінен тәржімалаған Хамсаның «Ләйлі-Мәжнүн» және «Ескендір қорғаны» атты екі дастаны жарық көрген (Науаи, 2019). Ақын туралы зерттеу жұмыстарын саралай отырып ақынның әлі қаншама шығармасы қазақ оқырмандарына таныс емес екендігін байқаймыз. Хамсаға енген бес поэманың бесеуі де қазақ тілінде әлі сөйлемегенінің өзі көп жағдайды аңғартады. Біздің ойымызша бұл мәселе Әлішер Науаидың шығармаларының тіліне тікелей қатысты. Әр егіз жол өлеңінде көптеп кездесетін парсы сөздері зерттеуге де аударуға да қолбайлау болғаны белгілі. Осы орайда Әлішер Науаиды танудың тағы бір жолы ақынның мұраларын зерттеуге парсы тілі мамандарының қатысуы қажет екенін көрсетеді. Алдағы уақытта Науаиды танудың жаңа кезеңінде отандық ирантанушылар белсенділік танытады деген ойдамыз. Сонымен қатар ҚР Ұлттық кітапханасы мен Орталық ғылыми кітапхана қорларында сақталған және елімізде кездесе бермейтін Әлішер Науаидың басқа да қолжазбалары мен сирек басылымдары зерттеліп, сараланып тікелей түпнұсқа мәтіннен қазақ тіліне аударылады деп күтеміз. Сондай-ақ жеке коллекцияларда сақталған және қолдан қолға өтіп жүрген Әлішер Науаидың қолжазбалары мен көне басылымдары да сирек қорларға тапсырылады және өз зерттеушілерін табады деген үміттеміз.

Әдебиеттер

Аноним (2019). *Жахангушай хақан (Тарих-и Шах Исмаил)*. Табриз: Табриз университеті.

Әуезов, Мұхтар (2014). *Шығармаларының елу томдық толық жинағы*. Т. 28. Алматы: «Дәуір».

Бабур, Мухаммад Захир ад-Дин (1992). *Записки Бабур (Бабур-наме)*. Ташкент: Главная редакция энциклопедий.

Дулат, Мұхаммед Хайдар (2004). *Тарих-и Рашиди*. Редекциясы мен алғысөзі: Аббасқұли Ғаффари-фард. Тегеран: Мирас-и Мактуб.

Дулати, Мұхаммед Хайдар (2015). *Тарих-и Рашиди*. Аударған М.Қазбек, Ә.Нуралиев. Алматы: «Мирас».

Каталог рукописных книг на персидском языке из собрания Национальной библиотеки Республики Казахстан (2008). Составители Абдулло С., Бакир Камаледдини С.М. Алматы: «Дайк-Пресс», 2008.

Kazakhstan milli kutuphanesindeki arap harfli Turkce nader eserler katalogu (2021). O. Kabadayi, Z. Shadkam. Almaty: Hoje Ahmet Yesevi Universitesi Avrasia Arastirma Enstitusu (ERI).

Күмісбаев, Өтеген (2012). *Алтын сандық*. Алматы: «Қайнар».

Кононов, Андрей Николаевич (1948). *Возлюбленный сердец*. Сводный текст подготовил Кононов А.Н. М.Л: АНССР.

ҚР БҒМ ҒК «Ғылым Ордасы» Ғылыми кітапханасы қорындағы Парсы тіліндегі кітаптардың каталогы (2015). Құрастырған: Ғ.Ә. Қамбарбекова., ғылыми редактор Ә.Қ.Муминов. Алматы: Ғылым Ордасы.

state. This unity was a mixture of cultural, linguistic and economic values that built up Pakistani nation. However, the sectarian, ethnic, religious and cultural groups of the society and their political and economic interests generated challenges to this unity. The separation of the East wing and the role of other socio-political and economic crises can be recognized alarming factors for the stability of the state. (Ahmed Feroz, 1998)

Pakistan is a country of pluralistic cultural, ethnic, political, economic and linguistic traditional values with rural and urban demographic divide. Different regions with separate languages, cultural norms, ethnic and tribal values claim separate identity. All these are the factors contributing in the social transformation in Pakistani society. The tension between ethnic-political, socio-cultural, rural-urban and regional identities are the issues that are the concerns for state stability and harmony. Economic disparities and sectarianism strife and contrast between gated estates of the feudals and the poor peasant and worker class is adding to this social discomfort. These are reflecting conflict between the labours social groups and the religious class respectively. (Sabeeha Hafeez, 1991)

India has witnessed massive changes in the field of social stratification. Admittedly, there have come changes in the caste system but there has also emerged class system which cuts across caste, religion and region. Changes in Indian society are massive indeed. But what is the direction of this massive change. On the strength of material generated by sociologists and anthropologists it could be stated that much has been said about caste, family, kin and village and the changes occurring in these fields of social life. The stress is on social aspect of nation's life. What has been tried by sociologists is to evaluate social change from the vantage point of tradition. If the traditions witness change, it is social change. Sometimes breakdown of or deviation from traditions is analyzed as disintegration. And, therefore, sociologists have much talked about the breakdown of caste system or joint family. The stress, therefore, is on the breaking up of traditions. Interestingly enough, no serious effort has been made to identify the direction of India's social change. (Pandey M.T., 2010a)

Scientific research methodology

General scientific methods, such as analysis, analytical analysis were used during the writing of the article. Materials related to the research topic were collected, processed and structural analysis of foreign authors' works was carried out. Methods of logical and historical-comparative analysis were used in the study of social reality.

Results and discussions

The policies of the Indian nation-state and its constitution revolve round making India a modern nation. It means nation have adopted modernization as goal. In other words, capitalism, democracy, rationality, industrialism, science and technology, and above all secularism constitute society's structural and value components.

It is also expected that categorical values would provide continuity as a nation. It should also be clear that national social structure should aim to attain secularism, democracy, rationality and equal relations between people as a mark of modernity.

Indian sociologists have their own problems. They are in the grip of ideology. India is different from the west. It has a historical depth and plurality of traditions. On the other side, it is confronted with the task of building a nation-state, which is designed to be democratic, secular and rational. In this situation, it is difficult to evaluate the nature of social change, which the country has witnessed. (Pandey M.T., 2010b).

In Pakistani society, the sovereignty, provincial autonomy, regional autonomy and self determination are the forms in which the elites of the dominated ethnic groups impose their will on others. They demand for freedom, association with the central government and greater autonomy within the federal structure. Moreover they want to change the provincial boundaries of regional and non-regional groups to bring ethnic harmony/unity. The language and cultural base ethnic groups also demand for the protection and development of their languages and cultures. These are the constant features motivating the ethnic groups to secure their own identity and culture.

After the establishment a proper structure of common social institutions was essential in Pakistan. The society was fully organized in their historical, social and traditional formations and was ready to constitute the structure of prosperity through the social unity. That was considered essential for the national and regional development.

The process of modernization is continues through the modern education, electronic media, advance technology, westernization and urbanization. In this process the outlook of life,

the customs and costumes, the tastes and modes of livings of people are also in the transitional process, especially in urban areas. However, the urbanization/modernization without social planning is causing many problems in the society. These conflicts are also leading the people to the conflict between their traditional values and social, cultural, ethical and linguistic norms of supremacy. (Qadeer, Mohammad A., 2011)

According to the socialists the social transformation and traditional history of Pakistani society evolves around its political development and policies. The gradual changes in the government from elected to military rule, dictator type politics, corruption, economic plans and foreign gratitude are affecting the social traditional structure and moral orders of the people. These elements work to change the ideologies of the people and slowly, the society is moving towards modernity and materialism by modification i.e. the traditional modes and values.

The race or confrontation between traditionalism and modernism is beneficial as well as harmful for the society as unnecessary advancement creates some challenges for the survival of the people. However, traditional ceremonies of marriage and other religious performance have seen little change as far as their scale and expenses are concerned. The ideological and socio-cultural values of these ceremonies cannot be denied, but is sacrificing just for the modernity and advancement.

The socio-cultural transformation is one of the essential elements of the development, always complemented with economic growth. The economic historians acknowledge that the rise of the west from poverty to prosperity was based on the development of trade, commerce and modernity.

The economy of Pakistan is changing with new trends. The economic trends show continuing changes, balance of payments and reserves difficulties that at times paralysis of industrial and commercial activity. These new trends are also influencing the socio-economic relations of the society. For the economic development, the society requires multiple processes, the dispersion of modern materialism, consumerism and indigenization of technologies, products and institutions. Each of these is providing a range of class segments and cultural groups. From Karl Marx to Ralph Dahrendorf, a member of economic theories focus that the competition for the means of production, authority and power is the force to break the traditional dominance of relationship. In Pakistani society, the institutions and social divisions are the symbols of economic and material needs being in conflict with the social and political practices.The basic necessities of life, such as food, clothing, residence, education, and medical treatment should provide for the people, irrespective of cast, creed and race. In actual, Pakistan should develop as a welfare state and provide basic needs of life to the people. There should be a harmonizing environment for the social development. It's necessary for the developing nations that they learn from their past experiences, inspect them and do not ridicule. Even, if they are millennial in their approach, should avoid discussion of controversial issues until trust is built. The communal groups of society should cooperate with the modernists, wherever they show a desire for change. They should avoid the confrontations and try to understand their responsibilities in positive way. (Bajwa, Khalid W., 2013)

In Pakistan, the urbanization is a force of social transformation and modernization. Through the urbanization the rural areas including towns are converting into urban cities. Moreover, the urban ways of living are spreading in the less developed and rural societies. However, the urbanism is required the institutional reforms and the provision of infrastructure and services. In the urban societies, the interests, moral orders and the relations of the people/communities change rapidly. So, the Pakistani society is experiencing the loss of traditional ideals, culture and community. (Sabeeha Hafeez, 1991)

Indian sociologists have a very strange kind of fancy for exaggerating the evils created by modernity. Anwar Alam (in Brass and Vanaik, 2002) points out to this serious fallacy of some of eminent sociologists: At the other end of the spectrum there is a small but growing number of social scientists, prominent among whom are Ashis Nandy, T.N. Madan and the late M.N. Srinivas, who have called for a re-examination and even challenged the relevance of the concept of secularism as a means to ensure inter-religious harmony and tolerance.

In this critique of the modernist historiography to understanding the nation-building process they hold that the very logic of modernity and its various attributes such as, centralized state power, industrialization, nationalism, democracy and secularism are responsible for society's ills, particularly growing violence reflected in caste, communal and rural-urban conflicts. (Ommen T.K., 1998).

Modernization processes have not only brought changes within the framework of industrialism, but

also affected change in the roles of family, position of caste and tribe in the realm of power structure, emergence of new factions, dominant caste in villages, acceptance of bureaucracy at different levels of administration, new social movements, labour movements, urban growth (including emergence of slums) and industrial demographic changes. These social changes are found in various sectors of nation's life. There are, in other words, impacts of modernization on social life.

The processes of restructuration in Indian society have been set into motion under specific historical contexts of public policy and national ideology. Historical forces define the initial social conditions. From these conditions the processes of social transformation and restructuration began in India. The main feature of social condition has been the principles of inter-structural autonomy in the social system.

The main structures concerned are the social stratification, political system and the cultural ideology. Caste comprises the central principle of social transformation and traditionally it enjoyed great deal of internal autonomy. The process of social change ushered in by the British rule set into motion social and cultural dynamics that started reorganization of structural pattern of traditional Indian society.

The inter-structural autonomy of the social components in the traditional Indian society has deeply influenced the nature and direction of social change. Their role could be evaluated through various stages of historical transformation. The first stage coincided with the beginning of the Western contact through British rule. The western contact through the British rule set the pace for cultural renaissance, initial industrialization and growth of new political consciousness. (Pandey M.T., 2010b)

These forces brought about major changes in the Indian society, specially in the areas of institution-building for a civic society such as the growth of modern education and judicial-administrative structures. Indian society was marked paradoxically by a process of de-industrialization and realizations of economy on the one hand. On the other hand, it was marked by the emergence of colonial mode of industrialization and modernization on the other.

These innovations convulsed the traditional social structure, led to downward mobility of several privileged classes. These innovations also led to selective upward mobility of others drawn from the traditional business classes, literati and feudal nobility. This mobility created new classes of educationists, administrators, company agents, businessmen and others. These classes took advantage of the opportunities available in the early phases of colonial transformation.

The emergence of these social groups along with cultural awakening and reform movements in various parts of the country prepared the ground for political awareness and national movement. A strategy not only for political independence but social, economic and cultural modernization of the society was evolved. But the process of change, however, had a segmentary character. (Pandey M.T., 2010b)

It did not affect the large parts of rural peasantry, working classes the scheduled castes and Tribes possibly; the inter-structural autonomy of Indian society was responsible for this. Only selective modernization could take place in India. Massive areas of society remained untouched from the processes of social change.

The process of change could start and filter down without major breakdown in the social structure and without the loss of cultural identity. The strategy of social change after independence underwent fundamental changes. The State took the responsibility of conscious planning of social transformation its objectives were the creation of a society based on democratic political participation, social justice and cultural and religious pluralism within the framework of a secular State. A policy framework was introduced which meant the abolition of age-old principles of inter-structural autonomy in the Indian Society. (Qadeer, Mohammad A., 2011)

The principles of inequality based on caste, birth, religion and sex were in normative sense, derecognized if not successfully abolished. In some areas, the policy of change began to show immediate results. These were electoral politics, industrial and economic expansion, agrarian reforms etc. This was compounded by abolition of intermediary rights in land, introduction of Panchayati Raj and community development schemes in village. The rural areas were thus exposed to major forces of social change

Conclusion

The social development in India and Pakistan is based on the modernization, but the traditionalism also forms essential as the base of transformation and modernity. There is required an organized system and struggle for the positive social changes. The individuals should organize social movements for the rights, fair justice, minorities, religious

toleration and equality. The political authorities should sponsor social legislation and basis of a modern society through the welfare rights of the poor, reforms, modernization of laws, freedom of information act and social insurance for the unemployed people. The administrative, educational and health reforms should be reorganize by the local and provincial authorities and the citizens.

In fact, India and Pakistan has multi-lingual, multi-cultural and multi ethnic social groups who demanded for them individual rights. All these ethnic groups should equally treated by the government and provide equal opportunities. All languages and culture should promote and develop feelings of respect, tolerance and national integration among the people in every field of life. The integration is necessary for the social harmony and to reduce the social conflicts in India and Pakistan.

The ethnicity poses the greatest challenge to eliminate ethnic disparities for national harmony and integration. The national integration is a desirable goal for the stability and progress of both countries. The primary emphasis on integration in the past has led to explosive policies about ethnic diversity and disparities. By the modernist and traditionalist idealistic approaches can promote the equity and harmony among different ethno-linguistic, regional and national groups. However, the suppression of the traditionalists and their rights in the name of modernity, security, unity, and integrity may leave opposite effect on the society. It can be harmful for the progress and the stability of both countries.

References

Ahmed, Feroz, (1998), Ethnicity and Politics in Pakistan, Oxford: Oxford University press, p.14.

Afzal, M., (1978), The Population of Pakistan, Pakistan Institute of Development Economics, Islamabad, p. 68.

Aman, Akhtar, (1974), Pakistan and the Challenge of History, Lahore: Universal Books, p. 74.

Ahmed, Feroz, "Transformation of agrarian structure in the North-West Frontier Province of Pakistan", Journal of Contemporary Asia, 14:1 (1984), p.

Feroz, Ahmed, "Ethnicity, the State, and National Integration in Third World Societies: The Case of Pakistan". Paper read at the annual meeting of the American Sociological Association, held in New York on August 16–20, 1996.

Giddens, A., (1981), Sociology, New York: Harcourt Brace Jovanovich, p.10.

Jalalzai, M., (2001), Sectarianism in Pakistan, Lahore: A. H. Publishers, pp. 78-9.

Sabeeha Hafeez, (1991), The Changing Pakistan Society, Karachi: Royal Book Company, p. VII.

Mitra, Subrata K. & Lewis, R. Alison (1998) (edit.), Subnational Movements in South Asia, Segment Books, New Delhi, p. 01.

Bajwa, Khalid W., (2013), Urban Pakistan, New York: Oxford University press, p. 20.

Oommen T.K. (1998). "Emerging Diversity: Birth of a New World Society". The Times of India. New Delhi: October 30.

Pandey M.T. (2010a). "Ventilating the Predicament of Development: New Economic Enclaves and Structural Violence in India" in Kumar R. The Anthropol. Heart of the Matter: Development, Identity and Violence – Reconfiguiring the Debate. New Delhi: Aakar Books.

Pandey M.T. (2010b). Globalisation and the Indian Urban Middle Class: The Emerging Trend. New Delhi: Uppal Publishing House.

Qadeer, Mohammad A., (2011), Pakistan, Social and Cultural Transformations in a Muslim Nation, Lahore: Vanguard Books, p. 303.

Robertson R (1992). Globalisation: Social Theory and Global Culture. London: Sage.

4-бөлім

ШЫҒЫС ЕЛДЕРІ ТАРИХЫ

Section 4

HISTORY OF THE COUNTRIES OF THE EAST

Раздел 4

ИСТОРИЯ СТРАН ВОСТОКА

ҒТАМР 04.71.21 https://doi.org/10.26577/JOS.2022.v100.i1.09

Р. Пандей, С. Исмагулова*

Банарас Хинду университеті, Үндістан, Варанаси қ.
*e-mail: symbatisa@mail.ru

ЕЖЕЛГІ АО НАГАЛАРЫ ҚОҒАМЫНДАҒЫ «БАС АЛУ» ТҮСІНІГІ

XIX ғасырдын ортасына дейін өз бетінше сыртқы саяси ықпалдан тыс, оқшау өмір сүрген Ао Нагалары ғасырлар бойы бас алу тәжірибесін жүзеге асырып келді. Көп жағдайда, оны мән-мағынасыз, кездейсоқ "біреудің басын кесіп алу" немесе көлденең келгенді бір себеппен, ия себепсіз оңды-солды шаба беру деп түсінеді. Алайда, бұл тәжірибе – Нагалалардың уақыт тезінен өтіп, өз даму жолымен белгілі бір дәрежеде шыңдалған, соғыс тактикасындағы өзіндік бір дәстүр-салтқа айналған қорғаныс пен шабуыл тәсілі болды. Ауыл тұрғындарының қауіпсіздігі бүтіндей тек тайпа еректерінің әскери дайындығына тәуелді еді. Басқаша айтқанда, монархиялық құрылымдағы шағын, саяси қоғамдық бірлікті құраған Нага халықтары үшін бас алу тәжірбиесі – олардың айналасындағы өздері секілді басқа да бәсекелес тайпарлардан қорғанып қана қоймай, сол тартыста тәуелсіз өмір сүруге ұмтылудан туындаған қажеттілік пен өмір үшін күрес механизмі деп те анықтауға болады. Алайда, қазіргі кезде бұл тәжірибе толық дерліктей христиан дініне бет бұрған жаңа Нагалардың бүгінгі ұрпақтары үшін өткен тарихтың нышаны ғана боп қалды.

Түйін сөздер: Бас алу салты, Ао Нагалары, Арен, Ариджу, тайпалық дәстүрлі қоғам.

R. Pandey, S. Ismagulova*

Banaras Hindu University, India, Varanasi
*e-mail: symbatisa@mail.ru

Concept of headhunting in the ancient Ao Naga society

Until the mid of the 19th century, the Ao tribes had lived isolated from foreign political influence and practiced "headhunting" for thousands of years. In most cases, this horrendous practice was understood as a senseless and accidental "cutting off someone's head" for some reason or even for no reason. Nevertheless, the "headhunting" practice was a method of defense and attack, which had constituted a tradition in Ao Naga military tactics. The safety of the villagers depended entirely on the level of military training of the tribe's male population. In other words, for the Naga tribes, who represented socio-political units in a monarchical structure, the practice of "headhunting" meant not only self-defense from the hostile tribes, but also as a mechanism for survival. However, the practice has become only a symbol of the past Naga history for the modern generations today that entirely have converted to Christianity.

Key words: Headhunting, the Ao Nagas, Aren, Ariju, tribal custom, traditional society.

Р. Пандей, С. Исмагулова*

Банарасский университет, Индия, г. Варанаси
*e-mail: symbatisa@mail.ru

Концепция «охоты за головами» в древнем обществе Ао Нагов

До середины XIX века племена Ао жили в относительной изоляции от иностранного политического влияния и тысячелетиями практиковали "охоту за головами". Во многих случаях эту грозную практику понимали как бессмысленное и случайное "отсечение чьей либо головы" по каким-то причинам или даже вовсе без причины. Тем не менее, этот опыт был способом обороны и нападения, ставшим своеобразной традицией в военной тактике племен. Безопасность жителей деревни полностью зависела от военной подготовки мужчин племени. Иными словами, для народов Нага, которые представляли собой небольшие своеобразные социально-политические единицы в монархической структуре, практика "охоты за головами" означала не только самозащиту от окружающих их враждебных племен, но и как механизм борьбы за выживание. На сегодняшний день этот опыт является всего лишь символом прошлой истории для нынешних поколений Нагов, которые почти полностью обратились в христианство.

Ключевые слова: Охота за головами, племена Ао, Арен, Ариджу, племенное традиционное общество.

 © 2022 Al-Farabi Kazakh National University

Кіріспе

Әрбір дәстүрлі қоғам қоршаған ортасын танып, түсіну, оны басқаға түсіндіру немесе алдын ала болжау, сондай-ақ, оны бақылауға алып, тізгінде ұстау үшін дінге жүгінетіні белгілі. Нага тайпалары да бұл орайда, аталмыш тарихи үрдістен тыс қалмайды. Ежелгі Нагалардың діни нанымдары анимистік негізде дамыды. Массивті таулы қыраттары мен бөктерлерінің беткейлерін жағалай қоныс тепкен көптеген ірішағын қауымдық бірлестіктер ғасырлар бойғы тұрмысында діни наным-сенімнің тайпалық қоғамға тән өзіндік жүйесін қалыптастырды.

Ао Нагалары Үндістанның солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан Нагаленд штатының негізгі он бес шақты ірі тайпаларының бірі. Жер бетіндегі тіршілік атаулының Иесі, жер мен көкті жаратушы ең жоғарғы бір Құдіреттің бар екендігіне сену ежелгі тайпалардың өмірінде кең ете алған құбылыс. Аолардың өз арасында тараған аңыз бойынша, тайпа *Луң-Тхорок*, яғни аударғанда, Қасиетті алты тастан бастау аладымыс. Ол аңыз-мекен қазіргі Саңтам аймағындағы *Чоңлиймти* деген жерде орналасқан. Нагалар тарихының белгілі зерттеушісі, Алемчиба қолдағы бар мәдени дереккөздерге сүйене отырып, “олар, (яғни Аолар) алдымен бүгінгі Манипур штатындағы Таңкхулдар аймағынан өтіп, солтүстікке қарай орналасқан Чаксаң шекараларын бойлай жүріп, *Йумчүң* жеріне енеді, бұл арадан тағы солтүстікке қарай бет алып, Саңтам аймағы арқылы *Чоңлиймтиге* жеткен соң, осы арадан батысқа қарай ығысып, Дхико өзенін кесіп өтіп, *Оңпаңкоң* тау бөктерлеріне қоныс тепкен. Әрі қарай осы өңірде тоқтап, бұл аймақты Аолардың тұрақты мекеніне айналдырып, өсіп-өніп, тамыр жайған” деген қортынды жасайды (Alemchiba, M., 1970).

Аолар – XIX ғасырдың соңына таман американдық баптист миссионерлерінің уағызымен христиан дініне кірген нагалар арасындағы ең алғашқы тайпалар. 1894 жылы Ао жерінің кіндігі саналған Импурде ең үлкен діни орталық – Американдық баптистер миссиясының негізі қаланды. Бұл миссияның ашқан алғашқы мектептерінде ең алдымен, Ао ауылдарының басшылары, яғни ру косемдерінің балалары мен ауқатты отбасылардан шыққан жеткіншектер латынша хат танып, дін үйрене бастады (Ganguli, M., 1984).

Алайда, батыс білім жүйесі христиан дінінің негізін қалай отырып, тайпалардың төл мәдениетін тамырынан ажыратты. Бұған дейінгі өмірінде жазу мәдениеті болмаған қарабайыр қоғамда тысқары саяси не мәдени күштердің ешбір ықпалын көрмей, өз сорпасында өздері қайнаған Нага халықтары үшін бұл түбегейлі өзгерістердің алғашқы қадамдары осылай басталған еді.

“*Хэдхантерс” (Headhunters)* – ағылшын тілінен тікелей аударғанда мағынасы *“бас аулаушылар”* немесе қазақшалайтын болсақ, “бас алғыштар” дегенді білдіретін бұл термин, негізінен жазықтағы халықтардың Үндістанның солтүстік-шығысындағы таулы аймақты мекен еткен барлық Нага халықтарына берген жалпы атауы.

Нагалар туралы ең алғашқы деректер шамамен б. з. 1228 жж. Ахомдар шежіресі *–буранджилерде* кездеседі. Бұл аталған XIII ғасырдағы Ахом патшаларының тарихнамасында Нага тайпалары жайлы аса көп мағлұмат берілмегенмен, Ассам жерінің солтүстігіндегі орналасқан биік тау бөктерлерінде бірін-бірі қырып-жойып, жауының басын шауып, бас сүйектерін тізіп қоятын табиғаты тағы жауынгер халықтардың мекендейтіні туралы қысқаша баяндалады.

Бас алу тәжірбиесінің шығуы туралы Аолар арасында мынадай бір көне аңыз бар: *“Жаратылыстың басында тек бір зәулім ағаш қана болыпты-мыс. Жануарлар мен құстар сол ағаштың жемістерімен қоректенеді екен. Бір күні бір құстың аузынан жеміс жерге түсіп кетеді. Түскен жемісті кесіртке жеп қояды. Құстар кесірткеден жеміс қайда деп сұраса, кесіртке жемісті қызыл құмырсқа жеп қойды деп жауап береді, бірақ құмырсқа бұны жоққа шығарады. Ақыры екеуінің арасында басталып кеткен қызу шайқастың соңы құмырсқалардың жеңісімен аяқталады. Кесірткенің басын бөліп тастаған құмырсқалар жеңгендеріне қуана, би билеп айқайға басыпты. Бұл жанталас ұрысты адам бастан аяқ бақылап қарап тұрған екен деседі”* (Penzu, T., 2009). Міне, осылай адам баласы өзінің жауын жеңу үшін оның басын алуды сол күннен бастап үйреніп салтына айналдырған екен деседі.

Бас алу тәжірибесінің қалыптасу тарихын түсіндіруге тырысатын әрі шындыққа көбірек жанасатын тағы бір тұжырым мынадай: шайқас кезінде елде қалған ауыл тұрғындары соғыс нәтижесін тақымын қысып, тағасыздана күтіп отырады. Алайда құр сөзбен сүйінші сұрап хабар жеткізгеннен гөрі, жетістіктерін дәлелдейтін нақты бір белгі қажет болса керек. Сондықтан,

жауынгерлер дәлел ретінде құрбандарының басын өздерімен бірге әкеле бастайды. Сонымен қатар, батырларының соғыс туралы әлқисасын тыңдауға құмар руластарына жауынгерлердің осы дәлелдерін көрсете отырып айтқан әңгімелері сенімдірек те, әрі өсіп келе жатқан жастарды жігерлендіре түсетіндей өте әсерлі болатын. Осылайша, тайпалар бас алуды әдетке айналдыра бастаған екен.

Қазіргі замандағы өркениетті қоғам жабайылықтың белгісі саналатын бас алу секілді көне тәжірибені ешбір себеппен де ақтамайтыны белгілі. Дегенмен, Ао Нагаларының өткен тарихын түсіну үшін оқырманымыз дәл осы бас алу тәжірибесіне зер салу арқылы бұл тайпалардың ескі қоғамындағы динамизм мен мәдени құндылықтарды толығырақ елестетуге мүмкіндік алады.

Тақырыпты таңдау негіздемесі мен мақсат-міндеттері

Отаршылдық заманында тарихи, саяси, ғылыми-техникалық тұрғыда ілгері ұмтылған Батыс қоғамының жаңа көзқарасы өзімен салыстырғанда анағұрлым артта қалған Шығыстың ірі-ұсақ мемлекеттері мен халықтарының тағдырында шешуші роль атқарғанын білеміз. Капиталистік жүйеге негізделген батыс экономикасының қарқынды дамуына қажетті шикізат көзі ғана емес сондай-ақ, саяси-идеологияның да құрбанына айналып, тарихының бұрмалануы немесе теріс пікір, көзқарас қалыптастыру үрдісі орын алғанкездер жетерлік. Отаршыл идеологияның ықпалына түскен Шығыс елдерінің, әсірісе, ру мен тайпалық құрылымда батыс өркетниетінен мүлдем алшақ, қаннен қаперсіз өмір сүрген халықтардың тарихы күрделі һәм қиын, тіпті кей жағдайларда қайғылы тәжірбиелерге толы.

Мақалаға арқау болған тақырып осындай халықтардың бірі, тек бір ғана бас алу тәжірибесін ұстанғаны үшін өзіне “жабайы”, “тағы” деген таңба тағылып, ғасырлар бойғы мәдени мұрасының негізінен айырылып қалған Нагалар, оның ішінде ежелгі Ао тайпаларының өмір салты мен әдет-ғұрпы жайында қазақ тілді аудиторияға барынша толық мәлімет беру – зерттеу жұмысының негізгі мақсаты болып табылады.

Зерттеудің ғылыми әдістемесі

Мақала қазақ тілді ғылыми орта мен оқырманға бұрын-соңды еш танылмаған тақырыпты талқыға салғандықтан, тек ағылшын тілінде жазылған еңбектердің нақты дерек-фактілерлерін, дәлірек айтқанда, ағылшындардың билігі тұсында әкімшілік қызметті қоса атқарған батыс авторларының этнографиялық монографиялары мен Үндістанның тәуелсіздінен кейінгі ғалымдар зерттеулерінің деректері негізге алынды. Сонымен қатар, тайпалар тарихының басқа арнаға бұрылуына тікелей түрткі болған алғашқы христиан миссионерлерінің жазбалары мен естеліктері де дереккөз ретінде берілген жұмыстың құндылығын арттыруға үлес қосты. Зерттеуде сипаттамалық, жүйелеу қағидаттарына мән беріліп, тарихи-танымдық сараптау, талдау тәсілдері мен жинақтау әдістеріне басымдылық берілген.

Зерттеудің нәтижелері мен талдануы

Бас алу тәжірибесі мен оның тарихи себеп салдары

Бүгінгі күні тек тарихқа айналса да, Нага халықтарының бас алу тәжірибесі олардың ғасырлар бойы қалыптасқан мәдениетінде өзіндік өрнек, терең із қалдырған өткен өмірінің бір бөлігі екені талассыз. Өкінішке орай, Нагалардың өткенінен маңызды орын алған және белгілі бір мақсатпен жүзеге асырылып отырылған, алайда бір қарағанда, қатығез һәм үрей туғызарлық бұл дәстүр сырткөзге әркез тиісті дәрежеде түсінікті бола бермейтіні де анық. Көп жағдайда, оны мән-мағынасыз, кездейсоқ «біреудің басын кесіп алу» немесе көлденең келгенді бір себеппен, ал кейде тіпті ешбір себепсіз де оңды-солды шаба беру деп түсінетіндер жиі кездеседі. Шындығына келгенде, Нагалар үшін «бас алу» ұғымы соғыс жүргізудің маңызды тәсілдерінің бірі және «қорғаныс пен өмір үшін жанталас», сондай-ақ, жаттың езгісінде қалмай, емін-еркін, тәуелсіз өмір сүру жолындағы қажеттіліктің айғағы болды (Vashum, R., 2000).

Бас алу салт-дәстүрі, ең алдымен тайпа аралық әскери басымдылық пен саяси билік күшінің көрнекті мысалы, өйткені XIX ғасырдың ортасына дейін Нага халықтары түгелдей дерлік тәуелсіз тіршілік еткені мәлім, олардың бір ортақ

саяси тұрғыда біріккен, бір билікке бағынған мемлекеті болған жоқ. Бір ауыл бір ауылдың алдында өзінің әскері қабілеті мен күш-құдіретін көрсетуге барынша тырысып, ағашқа іліп қоятын жауының бас сүйегінің қаңқасын жинауда бәсекеге түсетін. Бас алу салтын ұстанатын барлық Нагалар арасында бастарды арнайы үйге жинап, өткен сұрапыл шайқастардағы ерліктерін еске түсіріп тұратын ескерткіш ретінде сақтап қоятын әдет кеңінен тараған (Vashum, R., 2000). Тіпті қазірдің өзінде де, кейбір Нага ауылдарынан ағылшындар үкіметінен әлдеқайда бұрын ұстанып келген бұл көне салттың қалдықтарын – адам мен жабайы аңдардың бас сүйек қаңқаларын сақтаулы күйінде ара-кідік кездестіріп калуға болады.

Аолар арасында күйеуі Э. Кларкпен бірге миссионерлік қызметке отыз жылға жуық өмірін сарп еткен Мэри Мэд ханым тайпаның бас сүйектер үйіндегі "олжаларының" көптігімен даңқы шыққан, аты аңызға айналып дүркіреген Мераңқоңның қалай Ао руының қаhарман ауылына айналғаны туралы естелігінде:

"Нага бөктерлеріне келген алғашқы күндерімізде бізге жол көрсеткендер Мераңқоңды біз тұрақтаған Молуңнан кейінгі христиан уағызшысын жылы қарсы алған бірінші ауыл деп еске алады. Нагалардың айтуынша, ондағы шайқастардың көп болатындығы сонша, санасаң шаш жетпейтін, соғысқа әбден бейімделген әскері қуаты орасан зор, ірі ауыл еді; әрі олар мұны үлкен мақтанышқа балайды; ал ауыл отрасындағы арнайы үйде тізіліп тұратын бас қаңқалары оның теңдесі жоқ құдіреттілігінің көзбен көрер бұлтартпас айғағы болатын" деп жазады (Clark, M.M., 1907).

Бас алу тәжірбесі – Нагалалардың уақыт тезінен өтіп, өз даму жолымен белгілі бір дәрежеде шыңдалған, соғыс тактикасындағы өзіндік бір дәстүр-салтқа айналған қорғаныс пен шабуыл тәсілі. Басқа сөзбен, бұл көне заманғы қарабайыр тайпалардың бірі біріне үстемдік етіп ең мықты дегені тірі қалады деген қатал қағидаға сүйенген ежелгі қоғамның талаптарынан туған тарихи шындық.

Ауыл-ауыл болып қоныстанған бір ру немесе бір тайпаның екіншісіне саяси күшін дәләлдеп, тіршілік құрған бұл шағын қауымдық бірлестіктер жаңа заманның тарихи даму кезеңінде әлемнің басқа халықтарымен салыстарғанда әлдеқайда артта қалып қойғаны белгілі. Оның себеп-салдарын алдымен Нага тау халықтарының геосаяси алғышарттарына сілтеуге болады. Үнді субконтинетінің солтүстік шығыс аймағында XIX ғасырдын ортасына дейін өз бетінше сыртқы саяси ықпалдан тыс, оңаш-оқшау өмір сүрген бұл тайпалар отаршыл үкіметтің өркениеттендіру саясатына мүлдем кездейсоқ ұрынды десек жаңылмаймыз. Олардың ғасырлар бойы салт-дәстүрлерінен баз кешіп, христиандану мен заманауи өмірге бейімделу бір сөзбен айтқанда өркениеттену тарихы өз алдына бір бөлек зерттеліп келе жатқан ауқымды тақырып.

Ао Нагаларының патриоттық сезімі мен жан беруге дайын батырлық пен ерлікке ұмтылуы дәл осы бас алу тәжірбесімен астасып жатыр. Ариджу жүйесі (ерлер жатағы) жас жеткіншектерді қатаң әскери тәртіпті ұстанып үздіксіз соғыс өнерінің қыр сырын жетілдіре түсуде маңызды роль атқарды. Ауыл тұрғындарының қауіпсіздігі бүтіндей тек тайпаның ерек қауымының әскери дайындығына тәуелді болды.

Әрбір Ао ауылы орталықтанған не біріктірілген үлкен бір билікке (хандық, патшалық) бағынбай, өзіне өзі тәуелді саяси бірліктерді құрай отырып, әр ауыл өзінің ішкі жағдайы мен хал-ахуалын өзі реттеп отырған. Тіпті араларында түрлі дау-дамай туындаған жағдайда мүмкіндігінше бейбіт жолмен шешуге тырысқан. Алайда, қанша тәуелсіз тіршілік жасады десек те, қыр астында жау барын және сырттан келер шапқыншылық қауіпін қашанда қаперінде ұстаған.

Қалай болғанда да тайпалар арасындағы шапқыншылық пен шайқас әр кезде бірдей оқыстан, аяқасты бір біріне тап беруді білдірмейтінін түсінген абзал. Батыс өркениетінде тағы танылған тайпалар мұндай әрекетті не болса да мақұлдамаған, қасиет тұтпағанын айта кету керек. Көп жағдайда жаушы жіберіп, соғыс болатынын алдын ала жұмбақтап хабарлайтын болған. Әдетте тұтқиылдан себепсіз соғыс бастау әділетсіз әрі нағыз батыр жауынгер халық үшін жат нарсе болып есептелген, яғни қандайда бір бөтен жұртты шауып, бас алуға қандайда бір нақты себеп болуы негізгі шарт.

Бас алудың бір белгіленген заңдылықтарға сүйене, әдет-ғұрыпқа сай жүзеге асырылғандығына да дәлел көп. Жалпы тайпалардың мінез құлқынан турашылдық, адалдық пен әділдік секілді қасиеттерді құрметтеп, дәріптей білгенін көруге болады. Мәселен, тайпа тарихында бірқатар ортақ мәселелелер мен үлкен дауды қан төгіссіз шешуге барынша тырысқан жағдайлар жоқ емес және оның өзіндік жолдары да болған.

Бұл істі “Аолидаңгер”, яғни елші аттандырып қарсы жақтың жауабын күткен, бұл әрекет ойдағыдай шешілмеген жағдайда ғана даудың арты соғыспен бітетін болған (Bendangangshi, I., 2000). Аолардың ең ірі Мераңкоң ауылы мен Кониактардың тоғыз ауылының біріккен әскери күші арасындағы шайқаста дәл осы дәстүрдегі соғыс кодексінің сақталғаны туралы Т. Пензу төмендегідей мысал келтіреді:

“Кониак біріккен күштері Мераңкоңға жабайы ағаш жапырақтарына туралған құрай бөлшектері мен пальма ағашының жапырақтары, ағаш көмір түйірлері мен ащы қызыл чили бұрышы оралған сәлемдеме жолдайды. Орама сыртынан ұзындығы екі қарыс тоғыз бамбук талшықтарымен айналдыра буылған. Бұл ежелгі сфинкстер жұмбақтарына ұқсас астарлы жолдаманың мағынасы: құрай мен бамбук – ауыл жұртының үйлері, көмір – өрттің нышаны, яғни ауылыңды отқа орап, күлге айналдырамын дегенді меңзесе, ащы бұрыш – құрбандардың жан күйігі мен зарын, ал тоғыз талшық – Мераңкоңды жан-жағынан қысып, бағындыруға бекінген тоғыз ауылдың күшін білдірсе керек” (Penzu, T., 2009).

Әдетте мұндай астарлы хабар алған тарап өзіне қойылатын үш шарттың біріне тоқтауы тиіс: 1) жеңілгенін мойындап берілу және жыл сайын немесе бір мәрте салық төлеуге келісу; 2) ауылдан тыс алыс жерде бекініс құрып басқа оңтайлы деп санаған уақытта шайқас болатын күнді белгілеп уағдаласу; ия болмаса 3) жаумен бетпе-бет келіп, шапшаң соғыс қимылдарына көшу.

Ара-тұра екі ауылдың арасында дау туғанда белгілі бір жерде кездесіп, сұрапыл шайқастар да болатын. Мұндай жауапты күнде ру батырлары бар салтанатымен бұрынғы ерліктерінің белгілерін тағынып, саймандарын сайлап, сауыттарын киіп шығатын болған. Аталмыш ресми шайқаста алынатын бастардың саны әдеттегіден аз болуы мүмкін. Екі жақ та бір біріне тура және ашық шабуылдауға бірдей мүмкіндік алатын; сондай-ақ, жеңімпаз тарап өлтірілген жауынгердің ауылы мен үй-іші, туыс-туғанына естірту үшін қажетті ақпаратты беруге міндетті болған. Ол үшін марқұмның басы алынбастан бұрын оның аты-жөні, тегін не әкесінің атын, қай ру, қай ауылдан екенін білуі шарт, яғни қарсында тұрған жауы туралы жалпы ақпаратқа қанық болуы керек, осыдан соң марқұмның ауылына оның кімнің қолынан өлгенін хабарлайтын болған. Бұл өлген жауынгердің ұлдары мен туғантуысының өзі үшін кек қайтаруға толық құқы бар екенін мәлімдеудің бір түрі болып табылады, яғни әділ болуға ұмтылған тайпалардың өзіндік заң қағидаттары болғандығының бірден бір дәлелі осы. Бұл өлтірген hәм өлген жауынгердің екеуінің де жеке басына қатысты барлық мәлімет ашық жариялануы – тайпалар арасындағы жазылмаған заң іспетті болды, әрі оны бұзу жазаға лайық әділетсіздік болып саналған. Бұл салтты басқа қырыннан қарастыратын болсақ, әрбір бас алу тәжірбиесі өткендегі шайқастарда қаны төгіліп, басы алынған бауырының, әкесі не жақын туысының кегін ашық майданда алу үшін әрбір еркек кіндікке берілетін бір мүмкіндік деуге де болады.

Соғысу тактикасында Аолар орман арасына жасырынып тұтқиылдан шабылдау тәсілін жиі қолданды. Ауыл жұрты егіс алқаптарында күнделікті тірлігімен айналысып, қаперсіз жүрген кезде не тыныш жатқан ауылдарға ойда жоқта тап беріп немесе жол тораптарына тұзақ құрып, өткен кеткен жау әскерінің байланысын үзуге тырысып тұтқиылдан шабуылдаған. Қалың орман ағаштары мен бұталардың тасасынан найза, садақ, жебе секілді қару-саймандарын сайлап, сақадай сай тұратын. Кей кезде шабуылдаушы тарап қарсыласының ауылына өрт қойып, түн жамыла шабатын жағдай да жиі кездеседі. Шабуыл күтпеген жерден болғандықтан, қорғанушы тарап тұрағын тастай сала орманды паналап, мәжбүр күйде жасырын шабуыл тәсіліне көшкен, осы жерден қарсылық көрсетіп ауылын қайтарып алуға тырысқан. Осылайша, шабуылдың бұл түрі қарсыласқан екі тараптың бірі беріліп, жеңімпаз жақтың шартын орындап, сұраған құнын толық өтеуге келісім бермейінше жалғаса беретін болған.

Ескі Нага қоғамында бас алу тәжірибесіне тікелей қатысты тағы бір маңызды рәсім – әр жорық пен ұрыста ерекше ерлігі үшін даңқа бөленген хас батырларға арнайы сый тартып, жөн-жоралғы жасау дәстүрге енген. Бұл орайда әр Аоның қоржынында тек адам басының болуы шарт емес-тін, себебі, әр Ао отбасына қауіп-қатер тек адам баласынан келмейтінін олар жақсы білетін. Орман ішін өз мекеніне айналдырған бұл тайпалар тағы табиғаттын әрбір тосын сыйына дайын тұруға әбден дағдыланған. Сондықтан, Ао қаhарманының қоржынынан жолбарыс пен жабайы қабан, қасқыр, жабайы бұқа секілді орман жырқыштарының бастары да табылуы таң қалдырмайтын әдеттегі жағдай. Әрбір төнген қауіп-қатерден өз отбасын, елін, жұртын жан

беріп қорғау әрбір жауынгердің қасиетті борышы болғанын атап өткен жөн.

Бас алу тәжірбесі мен құнарлылық ұғымының байланысы

Ежелгі Аолар түсінігінде бас алу салтының тайпа күш-қуаты мен жердің құнарлылығына тікелей қатысы болды. Сайып келгенде, Аолар жеңген жауларының бастарын неғұрлым көбірек жинаған сайын, тайпаның жан қуаты күшейе түседі деп білді және онымен қоса арнайы құрбандық ұсынып өздерінің табынатын тәңірі – Лиджабаның жарылқауын асыға күтті (Smith, W.C., 2009). Бас алу тәжірбесі, шындығында, жан алу үшін жасалатын қарекет болып табылады, ал оның нақты бір салтқа айналуы тайпалардың адам жаны оның басында болады деген сенімнен туындайды, әрі жауының бүкіл денесін сүйреп келгеннен гөрі басын ғана әкелу әлдеқайда жеңіл жұмыс екенін де ескеру керек (Mills, J.P., 2003). Аолар үшін бас алу тәжірбесі табиғаттың тылсым күштерінен күш алып қуаттанудың бір құралы болды. Дж. П. Милс өзінің кітабында Аоларлың құрбандық шалу көрінісін төмендегідей суреттей келе «*Тир,* яғни тайпа әскерінің қолбасшысы *маңкотероң* талының астында тұрып, апылғұпыл тірі тауықтың жүнін жұла “бұл алынған бастар – жау күнәларының жалғыз өтемі және олар елімізге өсіп-өркендеу мен мол өнімді егін, ырыс-береке әкелсін! Бұдан кейін де шалынатын сансыз құрбандар үшін жасалған дұға!” деп бамбуктен жасалған пышақпен жануардың өңешін орып түседі” деп жазады (Mills, J.P., 2003).

Аолардың бас сүйекке деген сұранысы белгілі бір уақыттарда, әсіресе, жаңадан Ариджу құрылысына кіріскен кезде, құрғақшылық салдарынан егін шықпай қалғанда немесе тайпаны індет жайлап, елдің басына нәубет төнгенде ерекше жоғарлайтын. Осылайша, ежелгі Аолар бас алу салтының жан мен мал ырысын арттыруда бұл діни жоралғыларды жүзеге асырудың өмірілік маңызы зор деп түсінді.

Бас алу салтының «Арен» ұғымына қатысы

Бас алу тәжірбесінде белгілі бір шектеу болған жоқ; еркек не әйел болсын, немесе кез келген жастағы балалар болсын, барлығының дерлік басы бірдей құнды олжа саналды. Алайда есінен айырылған немесе кемтар және бүкір адамдар, саңыраулардың басының бағасы болмады. Жас әйелдердің басы бірнеше себептерге байланысты анағұрлым құнды деп есептелген. Генерал-майор Джеймс Джонстоунның пікіріне жүгінсек, нәресте мен әйел адамды өлтіру – ер кісімен салыстырғанда оңай шаруа емеседі, себебі бұл ерекше қатыгездікті талап ететін және жау елінің ең қиын түпкірлеріне еніп, ең қастерлісін алуды білдіретін (Johnstone, J., 2002). Екіншіден, оның тағы бір себебі, жауының әйелдерін өлтіру арқылы олардың санын азайтуға ұмтылу және бағалы әшекей болып саналатын әйелдер шашының тапшылығында болды. Бас алу шындығында өте қауіпті әрі қиын тәжірибе болды, өйткені жауынгер құрбанының басын ғана емес, оның жанын да қолға түсіру үшін арпалысты. Тайпалардың адам жанының «көп түрлілігі» туралы түсінігіне сәйкес адамның басы оның денесінің ең қасиетті бөлігі саналған (Andrew, C.,1985).

Ежелгі Аолар *арен,* яғни адам жанының күші немесе рухы оның басында болады деп есептеген, сол себептен оның бар тіршілігінің тынысы, ырыс-берекесі, бақ-дәулетінің бәрі осы қайнар көзіне тікелей тәуелді болады сенген. Ұрпақ өсімталдығының негізгі де Аолар үшін осы *аренге* байланысты еді. Сондықтан, өз руының *арен* қуатын қамтамасыз етудің бірден-бір жолы – бәсекелесінің басын алып, оның рухына қожалық ету болды. Аолар қарсыласының жаны *арен* үшін «тыңайтқыш» қызметін атқарып, жеке бастың ғана емес, бүтіндей тайпаның өсіп-өніп, өркендеуіне көмектеседі деп сенді. Мунда тайпаларының арасында да бас алу мен егін өнімділігіне қатысты қалыптасқан ұғымдардың Аолармен параллель тұстарын табуға болады. Бұл тайпалар жаудың қолына түспесін деп өзінің өлген жауынгерлерінің басын өздері бірінші кесіп алатын болған, ал соғыстан қайтып келе жатқан жауынгерлерінің алдынан бидай шашып, егін түсімі мол болсын деп ырымдайтын болған. Осылайша, Мундалар мен Ао Нагаларының бас алу тәжірбесіне қатысты наным-сенімдерінің ұқсастығын байқаймыз.

Әдетте жас жауынгердің ең алғашқы бас алу тәжірбесі сәтті өткен жағдайда жорықтан кейін көптеген рәсімдер мен әдет-ғұрыптар жасалып отырған. Мысалы, Сема Нагалары ауылына кірместен бұрын бас шапқан қолдарының қаны кеппей тұрып, жауының ас-суынан дәм татуы шарт екен. Бұның мағынасы – жеңілгеннің рухы мен оның ырыс-берекесі осылайша жеңімпазға өтуі тиіс. Ао әйелдері алынған бастың құдды бір рухын жұбатқандай оған ас ұсынып: «Енді сені мен асыраймын. Өз артыңнан әке менен шешеңді, ұлдарың менен қыздарыңды да ала кел!» деп оның туыстарынның да рухын шақырады екен (Aglaja, S., Peter, V.H., 2002). Бұдан кейін оны *маңкотероң* ағашына іліп күнге

әбден кептіреді де, соңыра бас сүйектер үйі – *Ариджуға* немесе кейбір тайпалар бөренеден жасалған үлкен дауылпаз секілді дабыл қаққыш аспап – *суңкоңның* үстіне қатар қатар тізіп қояды екен (Bendangyabang, Ao, 2004).

Бас алу тәжірбесі мен жауынгердің қоғамдағы мәртебесі

Аолардың *аренге* жетумен қоса бас алу тәжірбиесін жүзеге асырудың басқа да маңызды мотивтері баршылық. Бұл Ао жұртының әшекейлер мен арнайы өрнектелген қолдан тоқылған жамылғылар Ао қоғамында ер кісінің әлеуметтік дәрежесін білідеретін болған, соған байланысты оның әйелі де қызына да еркеше құрмет берілген (Bendangyabang, Ao, 2004).

Көне Ао қоғамында мұндай ата-баба дәстүріне деген үлкен құрметпен шебер безендірілген қасиеті сауыт-сайманды киюге құмартпайтын жас жігітті елестету қиын болды. *Маңкотепсу, талептатсуңгерсу, нокинкертесу* деген бірнеше атаулармен белгілі қораз, жолбарыс, арыстан, митхун (жабайы бұқаның түрі), піл, мүйізтұмсық құс, Ай мен Күн, *жапилий* (Нагалардың көне теңгелері), дао найзалары, бассүйектен жасалған найзалар т.б. бейнелерін салып тоқыған қызыл және қара жолақты жамылғы-шәлілер мен аюдың терісінен жасалып, оның Аолар *озуми* деп атайтын бөлігі мүйізтұмсықтың қанаттарымен әшекейлендірілген *демку* деп аталатын бас киім де жауының бас алған жауынгерге ғана киюге рұсат етілетін. Сонымен қатар, басқада тайпа тіршілігінен талай сыр шертетін түрлі өрнектермен безендірілген бұйымдар да аз емес; *сукхуйю* әшекейі (ақ ешкінің ұзын қылдарын қызылға боялған қылдармен араласырып өрнектелген зат), *сукхупоң* (ұзын шаштың қылдармен әшекейленген жебе салатын құты), *кепдаң* (кеудеге киетін қалқан), *шепу* немесе *сапха* (жабайы қабанның азу тістерінен тағынанатын алқа), *кхаңсерие* (мыс сырғалар), міне, бұл жоғарыда айтылғанның барлығын кию мәртебесі текбас алу тәжірбиесінен өткен, осы құрметке лайық деп табылған нағыз Ао батырына ғана тиесілі болды (Bendangangshi, I., 2000). Басқа сөзбен айтқанда, бас алу тәжірбиесінде елеулі табысқа жету – қоғамның қошеметіне бөленіп үлкендердің батасын алудан бөлек, жас Аоның әлеуметтік дәрежесі де өсіп руының батырға лайық, үлкен-кіші тамсанатын керемет сый-сыяпаты, яғни жауынгердің қасиетті сайманданын алу деген сөз.

Ао бозбалаларының бас алуға барынша асығуының тағы бір себебі осы арқылы олар өздерінің қалаған сұлуына оңай үйлене алатын еді. Себебі, мұндай ерекше дәрежеге жеткен қаhарманды кез келген ару армандайды, отбасын кез келген қауіп-қатерден қорғай алатын нағыз ер – әрбір Ао әйелі үшін қауіпсіз өмірдің ең сенімді кепілі. Сондай-ақ, көне Ао қоғамы бұл рәсімнің өз ұрпақтарының болашағына да тікелей әсері етеді деп білген: басын алған адамның рухы жеңімпаздың еркектік қасиетінің еселеніп, әйелінің құрсақ көтеру қабілетін жоғарлатады-мыс, нәтижесінде, дүниеге келетін ұлдары жүрек жұтқан батыр болып туады деп сенген (Clark, M.M., 1907). Ао қыздары болашақ жұбайларын бұл рәсімнен негұрлым ерте өтуіне барынша ат салысып, жігер беріп отыруға тырысқан, ал шайқастан қоржынын толтырып, «олжалы» оралғанда оларды Ао әйелдері бірінші болып дауыс шығарып қарсы алатын болған (Hutton, J.H., 1982). Бас сүйектерді көзге көрсетіп, іліп қоятын арнайы үй – Ариджуға өз үлесін қоспаған әрбір Аоны руластары еркек деп атауға асықпаған, тіпті, керісінше келемеждеп, намысын оятуға тырысқан. Басын алып жауын тізерлетпеген Ао жігітінің бойжеткенге ұнауы да қиын еді (Smith, W.C., 2009).

Ежелгі Ао нагаларының ұғымында жердің құнарлылығы мен егіннің шұрайлылығын артыру үшін бірден-бір маңызды және қажет деп саналатын бұл тәжірбие тек ата-бабаларынан қалған мұра ғана емес, сондай ақ, ол алынған бастардың рухы о дүниеде де қызмет ететініне сенген (Clark, M.M., 1907). Бұдан олардың өлімнен кейінгі ана дүниелік өмірге сенгендігін көреміз. Осылайша, одүниелік болған әр жауынгер бақиға барар жолында өзі өлтірген адамдарды кездестіретіні хақ және жәбірленуші жауынгердің жүгін көтеріп, оған сол «Өлілер еліндегі» сапарында адал қызмет етеді-мыс (Mills, J.P., 2003).

The interview data presented in this paper show the impact of Japan’s soft power in Central Asian countries, which leads to the popularity of Japanese culture and language education. As the relationship between Japan and Central Asia deepens, the benefits of receiving education in Japan are expected to increase. Still, at present, students who have studied in Japan are mainly employed at translation companies or travel agencies. In particular, in the case of Kazakhstan and Kyrgyzstan, there were many female students in the Japanese language departments, and many of the survey participants were female. One reason for such gender imbalances is future career opportunities, which discourage male students from studying Japanese studies majors.

We see the lack of access to resources and available networks as the biggest impediments to academic and scientific/industry collaborations between Japan and the Central Asian countries, which leads to a lack of knowledge and few mutual research explorations. Furthermore, despite the popularity of Japanese studies and Japanese language

majors in Central Asia, they tend to be heavily focused on language and linguistics. Such bias is both a cause and a result of the lack of specialists to deliver up-to-date knowledge and research focused on Japanese society, culture, science, and other subjects in universities there. On the other hand, the lack of networks with Central Asian researchers and universities makes it harder for (young) Japanese researchers to approach the region's topics and conduct their empirical research in Central Asia. As a result, there are mostly no publications in Uzbek, Kazakh, Kyrgyz, Tajik, and even Russian languages in Central Asia about Japan and a limited number of publications on Central Asia in Japanese or English languages by Japanese researchers.

Moreover, the lack of experienced researchers on Japan and research collaborations with Japanese academics makes it harder to promote graduate degrees in Japanese studies majors in Central Asian universities. The overwhelming focus on the Japanese language without specialists and lecturers providing any other skills besides language leads to scarce employment opportunities for their graduates, requiring them to acquire other professions and academic degrees after graduating from Japanese studies majors. This is essentially a "waste" of skilled resources, as many students eventually do not relate their careers to Japan and the Japanese language, preventing the deepening of ties between the Central Asian region and Japan.

Funding

This research was funded byThe Murata Science Foundation Research Grant 2015 (Heisei 27), "Comparative Analysis of Higher Education Towards International Career Development in Asia in the Globalizing Era" (P.I.: Junko Otani).

References

Altbach, P. G., & McGill Peterson, P. (2008). Higher Education as a Projection of America's Soft Power. In Y. Watanabe & D.L. McConnell (Eds.), Soft Power Superpowers: Cultural and National Assets of Japan and the United States (pp. 37-53). New York: An East Gate Book.

Babb, J. (2015). Introduction. In J. Babb (Ed.), The Sage Handbook of Modern Japanese Studies (pp. XX-XXII). London: Sage Publications.

Dadabaev, T. (2018). Discourses of Rivalry or Rivalry of Discourses: Discursive Strategies and Framing of Chinese and Japanese Foreign Policies in Central Asia. The Pacific Review. DOI: 10.1080/09512748.2018.1539026.

Dadabaev, T. (2019). Central Asia: Japan's New 'Old' Frontier. East-West Center, 136. (http://www.jstor.com/stable/resrep21456). Accessed on July 31, 2021.

Dore, R. (1997). The Diploma Disease: Education, Qualification and Development. 2nd Edition. London: Institute of Education, University of London.

E-Stat. (2021). Zairyū gaikokujin tōkei (kyū tōroku gaikokujin tōkei) [Statistical Data on Foreign Residents (Former Statistical Data of Aliens)]. (https://www.e-stat.go.jp/statistics/00250012). Accessed on July 31, 2021.

McGray, D. (2002). Japan's Gross National Cool. Foreign Policy, 44-54.

Ministry of Foreign Affairs. (2016). Statistics of Registered Foreigners. (http://www.moj.go.jp/housei/toukei/toukei_ichiran_touroku.html). Accessed on January 31, 2017.

Ministry of Foreign Affairs of Japan. (2021). Japan-Europe Relations. (https://www.mofa.go.jp/region/europe/). Accessed on July 25, 2021.

Nurgaliev, M., & Shaymergenov, T. (2007). Japanese Diplomacy Makes New Headway in Central Asia: Its Problems, Expectations and Prospects. Central Asia and the Caucasus 6 (48), 125-135.

Nye, J. S., Jr. (2004). Soft Power: The Means to Success in World Politics. New York: Public Affairs.

Rakhimov, M. (2014). Central Asia and Japan: Bilateral and Multilateral Relations. Journal of Eurasian Studies 5, 77-87.

Unipage. (2012). Major Tendencies of Educationin the Contemporary World. (https://www.unipage.net/ru/student_statistics#Статистика_граждан_Кыргызстана_обучающихся_за_границей). Accessed on January 25, 2017.

Walton, D. (2010). Japan and Central Asia. In E. Kavalski (Ed.), The New Central Asia: The Regional Impact of International Actors (pp. 261-277). Singapore: World Scientific.

Watanabe, Y., & McConnell, D.L. (2008).Introduction. In Y.D. Watanabe, McConnell (Eds.), Soft Power Superpowers: Cultural and National Assets of Japan and the United States(pp. xvii-xxxii). New York: An East Gate Book.

Watanabe, Y., & McConnell, D. (Eds.). (2008). Soft Power Superpowers: Cultural and National Assets of Japan and the United States. New York: An East Gate Book.

Yonezawa, A. (2008). Facing Crisis: Soft Power and Japanese Education in a Global Context. In Y. Watanabe & D.L. McConnell (Eds.), Soft Power Superpowers: Cultural and National Assets of Japan and the United States (pp. 54-74). NewYork: AnEastGateBook.

ҒТАМР 03.29.00 https://doi.org/10.26577/JOS.2022.v100.i1.12

О. Қабадайы

Қыршехир Ахи Эвран университеті, Түркия, Қыршехир қ.
e-mail: kabadayiosman@yandex.com

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ТҮРКОЛОГИЯДАҒЫ ОРНЫ ЖӘНЕ ТҮРКИЯДА «АХМЕТТАНУ»

ХХ-ғасырдың басында қазақтың зиялы-ағарту өмірінде маңызды орынға ие болған Ахмет Байтұрсынұлы өз зерттеулерін оқу-ағарту саласына бағыттап, қазақ оқу-ағарту жүйесін қайта құруға ықпал етті. Сонымен қатар, қазақ тілін жазба тілге айналдыруға күш салған Байтұрсынұлы мектептегі балалар үшін әліпби зерттеулерін жүргізіп, оқулықтар дайындап, оқу-ағарту туралы мақалалар жазды. Қазақ грамматикасы бойынша да еңбектер жазған Байтұрсынұлы қазақ терминологиясы мен де қызығушылық танытты. 1926 жылы Бакуде өткен түркология құрылтайына да қатысып, әліпби туралы пікірін білдірген Байтұрсынұлының қазақ түркологиясында алатын орны зор. Араб әліпбиін қазақтың дыбыстық ерекшеліктеріне қарай өзгерту арқылы жаңа әліпби жасауы оның қазақ түркологиясына сіңірген ең үлкен еңбегі деп бағаланады. Байтұрсынұлы әліпбиі 1912 жылдан таралып, 1913 жылдан кейін медреселер мен қазақ-орыс мектептерінде қолданыла бастады, ал 1929 жылы қазақ тілінің латын әліпбиімен жазылуына байланысты қолданылмайды. Бүгінде Қазақстанда ұмытылып кеткен бұл әліпбиді Шығыс Түркістандағы қазақтар әлі де қолданады. Ахмет Байтұрсынұлының түркологиядағы орны туралы зерттеулер 1919 жылдан бастау алады. Алғашқы зерттеулерді Ресей ғалымдары жүргізді, бірақ Қазақстанда да Байтұрсынұлы бойынша маңызды зерттеулер жүргізіліп Ахметтану қалыптасты. Ахмет Байтұрсынұлы туралы Түркия Республикасында да маңызды зерттеулер жүргізіліп жатыр. Түркияда Байтұрсынұлы туралы зерттеулерді таныстыру осы мақаланы жазу мақсаттарының бірі болып табылады.

Түйін сөздер: Ахмет Байтұрсынұлы, Түркітану, Ахметтану, Алаш Орда.

O. Kabadayi

Kirsehir Ahi Evran University, Turkey, Kirsehir
e-mail: kabadayiosman@yandex.com

The place of Akhmet Baıtursynov ın turcology and studıes on Akhmet Baıtursynov ın Turkey*

Akhmet Baitursynov, who had an important place in Kazakh intellectual and educational life at the beginning of the 20th century, focused his studies in the field of education and was influential in the restructuring of the Kazakh education system. In addition, Baitursynov, who made efforts to make Kazakh a writing language, studied the alphabet for illiterate people in this direction, prepared textbooks and wrote articles about education. Baytursınulı, who also wrote books on the grammar of Kazakh, was also interested in the topic of Kazakh term derivation. Baitursynov, who also participated in the Turcology Congress held in Baku in 1926 and gave his opinion on the alphabet, has an important place in Kazakh Turcology. The fact that he created a new alphabet by changing the Arabic alphabet according to the sound characteristics of Kazakh is considered to be his greatest service to Kazakh Turkology. The Baitursynov alphabet spread from 1912 onwards, began to be used in madrasas and Kazakh-Russian schools after 1913, and in 1929 it fell out of use due to the fact that Kazakh was written in the Latin alphabet. Today, this alphabet, which was forgotten in Kazakhstan, is still used by Kazakhs in East Turkestan. The studies on the place of Akhmet Baitursynov in Turkology can be taken back to 1919. Although the first studies were conducted by Russian scientists, important studies on Baitursynov were also revealed in Kazakhstan and a discipline was established. Important studies have been carried out on Akhmet Baitursynov in Turkey as well. It is among the purposes of writing this article to introduce studies on Baitursynov in Turkey.

Key words: Akhmet Baitursynov, Turcology, Studies on Baitursynov in Turkey, Alash Orda.

 © 2022 Al-Farabi Kazakh National University

О. Қабадайы
Университет Кыршехир Ахи Эвран, Турция, г. Кыршехир
e-mail: kabadayiosman@yandex.com

Место Ахмета Байтурсынова в тюркологии и «ахметоведение» в Турции

В начале XX в. Ахмет Байтурсынов олицетворял казахскую сущность в области образования, сконцентрировав в себе всю многогранную работу по преодолению трудностей в сфере просвещения и образовательной системы. Играл важную роль в реконструкции и адаптации системы образования к новым реалиям, писал книги, научные статьи и составил азбуку для тех, кто не умел читать и писать. Внес неоценимый вклад в составлении научных терминологий по грамматике казахского языка, став основоположником казахской лингвистической науки.

А. Байтурсынов, во время участия в конгрессе тюркологов, состоявщегося в Баку в 1926 году, выступил по проблемам казахской графики, орфографии и в особенности заинтересовал присутствующих новым арабографическим казахским алфавитом. Создание нового письма, путем изменения арабского алфавита в соответствии с фонетическими особенностями казахского языка, считается великой заслугой, которую он оказал казахскому языку и тюркологии в целом.

Алфавит Ахмета Байтурсынова начали использовать в 1912 году, а через год стал основным письмом в медресе и казахско-русских школах, а с 1929 казахский алфавит стал записываться латиницей. Забытый сегодня арабографический алфавит А. Байтурсынова, до сих пор используется казахами в Восточном Туркестане.

Исследования творчества Ахмета Байтурсынова в тюркологии были начаты в 1919 годах. Первые исследования проводились русскими учеными, но особо значимые исследования были представлены в Казахстане, и была создана отдельная научная дисциплина.

Важные научные исследования имеются и в Турции. В статье сделана попытка изложить основные направления исследования творчества А. Байтурсынова, которые проводятся турецкмими учеными.

Ключевые слова: Ахмет Байтурсынов, тюркология, ахметоведение, Алаш Орда.

Кіріспе

Бар ғұмырын өз халқына шын құштарлықпен қызмет ету жолына бағыштаған, бақыты мен қуанышын сол еңбектен тапқан табиғаты бөлек жандар болады. Ахмет Байтұрсынұлы сондай адамдар қатарындағы ғибраты мол тұлға. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ мәдениеті мен ғылымына қалтқысыз қызмет еткен, таланты мен тағдыры, жан дауасын тек сол мақсаттан тапқан адам. Алаштың көрнекті қайраткері, ағартушы-ғалым 1872 жылы Торғайдың Аққөл жағасындағы Сарытүбек деген жерде дүниеге келген. 1884 жылы ауыл мектебін, 1891 жылы Торғайдағы орыс-қырғыз училищесін, 1895 жылы Орынбордағы мұғалімдер мектебін бітіріп, өз бетінше көп білім жиған. 1895-1909 жылдары Ақтөбе, Қостанай, Торғай уездерінің мектептері мен училищелерінде мұғалім болады. 1909 жылы патша өкіметінің шет ұлттарға қарсы әрекетіне көзқарасын білдіргені үшін Семей абақтысына жабылады. Мұнда ол 1910 жылдың басына дейін қамауда болады. 1910-1913 жылдары ағартушы қатаң бақылауға алынады. 1913-1917 жылдары әйгілі «Қазақ» газетінің редакторы қызметін атқарады. Осы шақта ағартушы ұлттық Алаш қозғалысын жандандыруға атсалысады. Алаш партиясы құрылатын I жалпықазақ съезі мен Алаш автономиясы жарияланатын II жалпықазақ съезінің ұйымдастыру және өткізу жұмысына белсене араласады. 1917 жылы 14 желтоқсанда Орынборда Алаш партиясының Торғай облыстық комитеті ашылып, қайраткер төраға орынбасары болып сайланады. 1920 жылы басында «Ұшқын» газетінің, кейіннен аты «Еңбек туы» боп өзгерген осы басылымның алқа мүшесі болды. Осы жылы желтоқсанда Әлихан, Смағұл, Жүсіпбек, Хайретдиндермен бірге «Қазақстан» мемлекеттік баспасының сарапшылар алқасына енді (Тұрғараева 2015). 1921-1922 жылдары Қазақ халыққа білім беру институтында ұстаздық етеді. 1922-1925 жылдары ХАК Ғылым комиссиясын басқарады. 1926-1929 жылдары Ташкенттегі Қазақ педагогика институтында, Алматыдағы Қазақ мемлекеттік педагогика институтында қызмет атқарады. Ағартушы қайраткер ғалым, жаңа отандық ғылымның көшбасшысы ретінде қалыптасты. Филологиялық ғылымдағы қызметі саяси-қоғамдық қайраткерлігімен біртұтасып кеткен.

1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген «Қырық мысал», 1911 жылы жарияланған «Маса» жинақтары халықты оятуға себепші болды. Ғалымның «Оқу құрал» (1912), «Тіл құрал» (1914), «Әліпби» (1924), «Әдебиет танытқыш» (1926), «Баяншы» (1926) еңбектері қазақ ұлттық филология ғылымының негізін қалады. Ол 1926 жылы Бакуде өткен Түріктану съезіне қатысты. Саяси себеппен 1929 жылы тұтқындалып, жер аударылды. 1937 жылдың 8 октябрінде екінші рет ұсталып, 1938 жылы нақақ атылды (Сыздықова 1990: 4-18).

Шағын мақаламызда Ахмет Байтұрсынұлының түркітанудағы орны мен ролі және Түркиядағы «Ахметтану» зерттеулері қолға алынады.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақаланың мақсаты мен міндеттері

Түркітанушы, лингвист, ақын, педагог, аудармашы және қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы өз зерттеулерін оқу-ағарту саласына бағыттап, қазақ оқу-ағарту жүйесін қайта құруға атсалысты. Сонымен қатар, қазақ тілін жазба тілге айналдыруға күш салған Байтұрсынұлы мектептегі балалар үшін әліпби және оқулықтар дайындап, оқу-ағарту туралы мақалалар жазды. Қазақ тілі грамматикасын түрлендірген ғалым, қазақ терминологиясымен де айналысты. Байтұрсынұлының тіл мен білімге деген көзқарасының арқасында қазақ ағартушылығы ірі жетістіктерге жетті. Мақаланың негізгі мақсаты қазақтың мәдени өмірінде өшпес із қалдырған Байтұрсынұлының түркологиядағы орны туралы баяндап, Түркия Республикасындағы Байтұрсынұлы зерттеулерімен таныстыру болып табылады.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Мақала жазу барысында қажетті деректерді дайындау үшін тақырыптың көлеміне, өзектілігіне және мәліметтердің әралуандылығына баса назар аударылды. Сонымен қатар тақырыпқа қатысты отандық және қазақ тілінде жазылған мәліметтерді жинақтау, сараптау, салыстыру, жүйелеу сияқты жалпығылыми әдістермен қатар, пәнаралық әдістер де қолданылды. Тақырыпқа қатысты әдебиеттердің басты және негізгі бөлігін түрік және қазақ ғалымдарының іргелі зерттеулері құрады. Оларды мақала жазу барысында ғылыми талдаудан өткізу, – зерттеудің басты міндеттерінің бірі болды. Сондай-ақ ғылыми мақаланы жазуда ғалымдардың іргелі теориялық пікірлері мен тұжырымдары көрініс берді. Зерттеу жұмысын ұйымдастыруда тақырыптың өзекті мәселелерін объективті түрде шешуге талпыныс жасалды.

Талқылаулар мен нәтижелер

А. Байтұрсынұлы және Түркітану

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің көрнекті өкілдерінің бірі. Қазақ ұлтының ана тіліне ғылыми жүйеде түрен салып, негізін қалаған, айдай әлемге танытқан тұлға. XIX ғасырдың аяғында қазақ тіл біліміне реформаторлық өзгеріс әкелген танымал есімдердің бірі. Ол қазақ қоғамының сауатты да білімді болуын қалап осы жолда қажырлы еңбек еткен ағартушы-ғалым. Қазақ тілі мен әдебиетінің тарихы, қазақ ауыз әдебиетін зерттеу, мектеп оқулықтарын дайындау, тіл білімі саласы бойынша теориялық ізденістер – негізгі зерттеу бағыттары болған. Ахмет Байтұрсынұлының еңбектерін негізгі бес тақырыпта қарастыруға болады:

а) Тіл білімі зерттеулері, мектеп оқулықтары,
ә) Әдеби мақалалары,
б) Өлеңдері,
в) Фольклортану еңбектері,
г) Басқа тілдерден жасаған аудармалары.

Байтұрсынұлы, қазақ тіліндігі білім беруді жүйелі түрде жолға қою үшін «Әліпби», «Тіл құрал», «Әдебиет танытқыш» сияқты аса құнды әдістемелік құралдарын дайындады. Белгілі орыс түркітанушысы Андрей Николаевич Кононов, Байтұрсынұлының грамматикалық кітаптарын жоғары деңгейде бағалап, оны әйгілі түркітанушылардың қатарына қосқан (Biray 1999: 11).

Байтұрсынұлы, 1913 жылдан бастап негізінен тілдік мәселелерге арналған мақалалар жазды. Қазақ жастарының ана тілінде оқып-жазуды білуі керек екендігін терең түсініп, бұл идеясын өзінің «Қазақ» газетінде насихаттады. Қазақ жазба тілінің дамуында және қазақ әдеби тілінің қалыптасуында Байтұрсынұлы басқарған «Қазақ» газетінің рөлі зор (Hüseyin 2002: 224). Оны қазақ жазу жүйесі де қызықтырды. Бай-

тұрсынұлы араб графикасы мен қазақ орфографиясын қайта құрды, қазақ тілінің фонетикалық құрылымына сәйкес араб әріптерін жасады. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынұлы жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзді. Бұл бағытта ол 1912 жылы бастауыш мектептерде қазақша білім беруге арналған «Әліпби» кітабын жазды.

А.Байтұрсынұлы әліпбиі, яғни төте жазудың ең басты ерекшелігі мыналар еді:

- Қазақ тіліне сәйкес келмейтін басы артық әріптерді әліпби құрамынан алып тастады;
- Араб жазу заңдылығына тән диакритикалық белгілерді қолданбады;
- Дауыстылар жүйесі қазақ тілінің үндестік заңына сәйкес таңбаланды.

А. Байтұрсынұлы әліпбиінде 24 әріп, 1 дәйекше белгісі болды. Дәйекше қойылмаған сөз жуан, дәйекше қойылған сөз жіңішке болып оқылды (Тұрғараева 2015: 219-220).

Сол жылдардан бастап мектептерге қазақ тілін оқытуға арналған оқулықтар жарық көре бастады. «Тіл құрал» – қазақ тілінінің тұңғыш оқулығы болып табылады (Ісімақова т.б. 2013: 11-14). Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ ұлттық тіл білімін қалыптастырушы ғана емес, тіл біліміндегі жаңа бағыттардың да негізін салушы (Жұбаева 2017: 11). Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдістемелік ғылымның да алғашқы бастаушысы болды. “Баяншы”, “Әліппе астары”, “Нұсқаушы”, “Тіл жұмсар” әдістемелік еңбектері мен “Баулу мектебі”, “Жалқылау”, “Қай әдіс жақсы”, “Дыбыстарды жіктеу” атты мақалалары осының айғағы болса керек. Ғалым өзінің оқулықтарында әріптерді балаларға тез әрі оңай үйрету үшін көптеген әдістерді пайдаланған. Ол өзі жасаған әліпбидегі әріптерді үйрету үшін, ең алдымен, оны жазып үйрену үшін, тілдегі дыбыстарды тани білу керектігіне назар аударады (Салқынбай және Көккөзова 2006: 21).

Байтұрсынұлы, терминология мәселесімен де айналысқан. Қазіргі қазақ мәдени өмірінде қолданылатын терминдердің көпшілігі Байтұрсынұлының қаламынан шыққан. Мысалы *зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз* деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы – ғалымның жазып кеткен мұрасы. 1924 жылы 12-18 мамыр аралығында Орынборда өткен «Бірінші ұлттық ғылыми конференцияда» Байтұрсынұлы ұсынған кейбір терминология ережелері сол кезде сынға алынса да бұл ережелер кейінгі кезеңдерде қабылданды (Кахраман 2010: 14). Аты аталған конференция қазақ тіліндегі терминдердің ғылыми деңгейде талқыланған алғашқы іс-шара болып табылады (Қайдар 1998: 171). Одан кейін 1926 жылы Бакуде өткен Түркология құрылтайында әліпби, орфография, терминология сияқты тақырыптар талқыланды. Ұлттық жазба тіл мен ұлттық терминология жасауға бел буған Ахмет Байтұрсынұлының терминология тақырыбы бойынша идеясы мынадай тармақтарды қамтыды:

а) Біріншіден, термин ретінде қолданылатын сөздер қазақ тілінде болуы керек. Бұл мәселенің қазақ тілінің дамуы үшін маңызы зор.

ә) Егер термин ретінде қолданылатын ұғым қазақ тілінде табылмаса, оны басқа түрік диалектілерінен алу керек. Өйткені түрік диалектілерінің қолданушылары мен сөздік қоры біркелкі болмаса да, олардың тамыры ортақ. Осы ортақ тамырлардан алынатын терминдерді шет тілінен алынған терминдерге қарағанда түсіну оңай. Себебі, түрік халықтары әрқашан әлеуметтік және тұрмыс-тіршілік бағытында байланыста болған.

б) Әлемде кеңінен қолданылатын шетелдік (еуропалық) терминдерді қабылдауға болады; бірақ бұл терминдерді қазақ тілінің дыбыс жүйесіне сәйкес келтіру қажет.

в) Қазақ тіліне сәйкес келмейтін басқа тілдерден алынған сөздердің де қазақ тілінің ережелеріне бейімделуі керек. Ең алдымен, қазақ тілінде кездеспейтін шетелдік сөздердегі дыбыстар мен жұрнақтарды қазақша дыбыстар мен жұрнақтарға ауыстыру қажет. Мысалы Оренбург – Орынбор, Адемовский – Адамау т.б. (Құрманбайұлы 2008: 48-49).

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілінің лингвистикалық терминдерінің негізін қалаған және терминжасам принциптерін жүйелеген тіл маманы. Сонымен қатар халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап жарыққа шығаруға зор үлес қосты, «Ер Сайын» эпостық жырына алғы сөз бен түсініктемелер жазды, оны 1923 жылы Мәскеуде жариялады. Бұдан бөлек, қазақ ауыз әдебиетінде молынан сақталған жоқтау-жырларын арнайы жүйелеп, 1926 жылы «23 жоқтау» деген атпен жеке кітап түрінде шығарды. Қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет тарихы жөніндегі тұңғыш

көлемді еңбегі 1926 жылы шыққан— «Әдебиет танытқыш». Ғалым әдебиет тарихына, теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасады (Имаханбетова 2010: 194). Сондай-ақ Байтұрсынұлы қазақ тіліне А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, Ф. Вольтер, С.Я. Надсон өлеңдерін аударды.

Саналы және қысқа өмірінде құнды еңбектер қалдырған Ахмет Байтұрсынұлының түркология ғылымындағы алатын орны аса зор.

Түркия Республикасында «Ахметтану» ғылымы

Ахметтанудың ғылыми тұжырымдалуы – 1919-шы жылдан бастап келе жатыр. А.Н. Самойловичтің 1919-шы жылы жазған «Байтұрсынов Ахмет Байтұрсынұлы» деген ғылыми мақаласы кейін 1930-шы жылы Мәскеудің «Литературная энциклопедия» атты жинағының 1-томына енген. 1924-ші жылы Е.Д. Поливанов «Қазақ-қырғыздың жаңа (Байтұрсынов) орфографиясы», 1928-ші жылы Н.Ф. Яковлев «Әліпби құрылымының математикалық жүйесі» туралы ғылыми мақалалар жазды (Имаханбетова 2010: 103-104). Бұл ғалымдар Ахметтанудың негізін салушылар болып табылады.

Ахмет Байтұрсынұлыны Түркия түркітану ғылымы да жақсы біледі. Оның өмірі, қазақ халқы мен қазақ тілі үшін сіңірген еңбегі Түркияда әртүрлі нысан мен тақырыптағы диссертацияларға, кітаптар мен мақалаларға арқау болды. Түркиядағы Байтұрсынұлы зерттеулерін ғылыми могография мен диссертациялық еңбектер, мақалалар мен баяндамалар деп жіктеп қарауға болады.

Төменде көрсетілген еңбектердің толық библиографиясы түрік тілінде, ал тақырыптары қазақ тілінде беріліп отыр. Түркияда А.Байтұрсынұлы туралы зерттеулерге қарайтын болсақ;

Диссертацсиялар

1. Sertan ALİBEKİROĞLU, Kazak Âlimi Ahmet Baytursunoğlu`nun Hayatı ve Eserleri, Gaziantep Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, Yüksek Lisans Tezi, 2005.

Қазақ ғалымы Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы

Бұл диссертация Түркиядағы Ахмет Байтұрсынұлы туралы дайындалған алғашғы магистрлік диссертация болып табылады. Диссертацияда Байтұрсынұлының өмірі мен ортасы, шығармашылығы, журналистика және тіл білімі саласы бойынша еңбектері, саяси қызметі сияқты тақырыптар зерттелген. Зерттеудің соныа Байтұрсынұлының кейбір мақалалары және өлеңдерінің түрік тіліне аудармасы енгізілген.

2. Gülnar KOKYBASSOVA, Ahmet Baytursınov (Hayatı, Dilciliği ve Edebiyat Araştırmacılığı), Ege Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, Doktora Tezi, 2009.

Ахмет Байтұрсынов (өмірі, тілшілігі және әдебиет зерттеушілігі)

Бұл еңбек Түркиядағы Ахмет Байтұрсынұлы тақырыбында дайындалған алғашқы докторлық диссертация болып табылады. Осы зерттеуде А.Байтұрсынұлының өмірі, шығармалары, қазақ әдебиеті мен қазақ тіліндегі орны мен маңызы, өзі қатысқан съездер сияқты тақырыптар қарастырылып Байтұрсынұлының «Маса» шығармасына тілдік талдау жасалған.

3. Hilal ŞEN, Ahmet Baytursınov “Edebiyat Tanıtkış” (Dil İncelemesi-Metin-Dizin), Atatürk Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, Yüksek Lisans Tezi, 2014.

Ахмет Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» (зерттеу-мәтін-көрсеткіш)

Бұл зерттеуде оның «Әдебиет танытқыш» еңбегінің тілі граматикалық тұрғыдан қарастырылған. Сондай-ақ мәтіндегі сөздердің көрсеткіші де берілген.

4. M. Buğra KALP, Ahmet Baytursınulı’nın Cağa Mektep Dergisindeki Eğitim Öğretim ve Dil Yazıları, Gazi Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü, Yüksek Lisans Tezi, 2019.

Ахмет Байтұрсынұлының «Жаңа Мектеп» журналында жарияланған білім және тіл туралы мақалалары

Зерттеуде Байтұрсынұлының «Жаңа Мектеп» журналындағы педагогика және тіл біліміне қатысты мақалалары түрік тіліне аударылып талқыланған. Соңындағы қосымшаға мақалалардың түпнұсқалары енгізілген.

Монография

1. Nergis Biray (2011). Ahmet Baytursınulı Şiirleri Üzerinde Dil ve Üslup İncelemesi, İstanbul, Bilge-Oğuz Yayınları.

Ахмет Байтұрсынұлы өлеңдерінің тілі – стилисткалық зерттеу

Монографияда ақынның өлеңдері тақырыптық тұрғыдан жіктеліп өлеңдерінің тілі стилистикалық және граматикалық жағынан зерттелген. Сонымен қатар Байтұрсынұлының өлеңдері түрік тіліне аударылған. Бұл еңбек Түркияда Байтұрсынұлының өлеңдері туралы дайындалған алғашқы және осы уақыттағы тек нұсқадағы монография болып табылады.

Мақала және баяндамалар

1. Dinara Düysebayeva (1994). Bir Kazak Şairi: Ahmet Baytursınoğlu, Kardaş Edebiyatlar Dergisi, 27: 9-11.

Қазақтың бір ақыны: Ахмет Байтұрсынұлы

Бұл Түркиядағы Байтұрсынұлы туралы жарияланған алғашқы зерттеу мақала, сонында Байтұрсынұлының «Шал мен ажал» поемасының түрік тіліндегі аудармасы берілген.

2. Emel Aşa ve Roza Bakbergenova (1996). Kazak Türklerinin İlk Lengüist ve Metodist Bilgini Olan Ahmet Baytursunoğlu Hakkında Birkaç Söz, Türk Dünyası Dil ve Edebiyat Dergisi, 2: 374-377.

Қазақтың тұңғыш лингвист-әдіскер ғалымы Ахмет Байтұрсынұлы туралы бірнеше сөз

Мақалада Байтұрсынұлының қысқаша өмірбаяны берілгеннен кейін кейбір шығармалары туралы шағын ақпарат орын алған.

3. Ahmet Baytursınulı (1996). Kazakların Başşairi. (Akt. Mustafa Öner). Türk Dünyası Dil ve Edebiyat Dergisi 2: 378-385.

Қазақтың бас ақыны

А.Байтұрсынұлының 1913 ж. жазып «Қазақ» газетінде жариялаған Абай туралы мақаласының түрік тіліне аудармасы.

4. Totı Köşenova (1996). Yüceler Ahengi Abay ile Ahmet Baytursınov'un Şiirlerindeki Uyum. (Akt. Banu Mukayeva-Mine Baykal), Bilig, 2: 182-186.

Ұлы ақындардың үйлесімі Абай және Ахмет Байтұрсынұлының өлеңдеріндегі үндестік

Осы мақалада қазақтың ұлы ақыны Абай және Байтұрсынұлының өлеңдері салыстырылып отыр. Абайдың «Сегіз Аяқ» атты өлеңінде қолданылған тақырып және идеяның Байтұрсынұлы тарапынан қайталанғаны сипатталған.

5. Nurcamal Oralbayeva (1998). Ahmet Baytursunulı. Türk Lehçeleri ve Edebiyatları Dergisi, 21: 90-96.

Ахмет Байтұрсынұлы

Мақалада А.Байтұрсынұлының өмірі, шығармалары, қазақ тіл білімі саласына сіңірген еңбегі жайында баяндалған.

6. Ferhat Tamir (1999). Ahmet Baytursınoğlu ve 1926 Bakü Türkoloji Kongresi. *1926 Bakü Türkoloji Kongresinin 70. Yıl Dönümü Toplantısı (29-30 Kasım 1996)*, Türk Dil Kurumu Yayınları, Ankara.

Ахмет Байтұрсынұлы және 1926 ж. Баку Түріктану съезі

Бұл баяндамада А.Байтұрсынұлының 1926 жылы Бакуде өткен Түріктану съезінде ұсынған әліпби туралы пікірлері талқыланған.

7. Nergis Biray (1999). Ahmet Baytursunoğlu ve Eserleri (1873/1937). PAÜ Eğitim Fakültesi Dergisi, 5: 10-16.

Ахмет Байтұрсынұлы және шығармалары (1873/1937)

Мақалада А.Байтұрсынұлының өмірі және шығармалары туралы қысқаша мәлімет берілген. Мақала сонында Байтұрсынұлының таңдамалы еңбектерінің түрік тіліндегі аудармасы қосылған.

8. Mehmet İsmail ve Vahit Türk (1999). Birinci Türkoloji Kurultayı'nda Ahmet Baytursunulı'nın Bildirisi ve Bir Değerlendirme, Türk Dünyası Dil ve Edebiyat Dergisi, 8: 407-425.

Бірінші түркология съезінде Ахмет Байтұрсынұлының баяндамасы және бір сараптау

Мақалада 1926 жылы Бакуде өткен Түріктану съезінде А. Байтұрсынұлы баяндамасы мен Байтұрсынұлының съез туралы пікірлері түрік тіліне аударылып отыр.

9. Vahit Türk (2002). "Kazak Aydınlanma Hareketi İçerisinde Ahmet Baytursınov ve Çalışmaları", Türkler Ansiklopedisi, Ankara, C. 18, s.665–673.

Қазақ ағартушылық әрекеті аясында Ахмет Байтұрсынов және оның еңбектері

«Түріктер» атты көп томдық энциклопедияда жарияланған осы мақалада қазақтардың жалпы тарихи процестері мен *усули жәдит* мектептері туралы мәлімет беріліп, А. Байтұрсынұлы және оның еңбектері туралы баяндалған.

10. Köbey Hüseyin (2002). Kazak Dil Bilgini Ahmet Baytursınov. (Akt. Ali Abbas Çınar). Türk Dünyası Dil ve Edebiyat Dergisi, 14: 223-233.

Қазақ лингвист Ахмет Байтұрсынов

Көбей Шахметұлы Құсайыновтың түрік тіліне аударылған бір мақаласы. Мақалада А.Байтұрсынұлының қысқаша өмірбаяны қарастырылып тіл туралы еңбектері сипатталған.

11. Nergis Biray (2005). Ahmet Baytursınulı'na Göre Kazak Türkleri Yazılı Edebiyatının Dönemleri ve Türleri. Milli Folklor, 68: 67-77.

Ахмет Байтұрсынұлының айтуы бойынша қазақ жазба әдебиетінің кезеңдері мен түрлері

Бұл еңбекте Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» шығармасында айтылған қазақ жазба әдебиетінің кезеңдері туралы пікірлер талқыланған. Байтұрсынұлының айтуынша

қазақ жазба әдебиеті екі кезеңге бөлінеді: діндар дәуір және ділмар дәуір. Мақалада осы кезеңдерде жазылған әдеби жанрлардың үлгілері орын алған.

12. Karboz Diykanov (2005). Baytursunov'un 125. Yıldönümüne Armağan Kırgız Dili ve Akmat Baytursunov. (Akt. Ulanbek Alimov – Cıldız Alimova). Türk Dünyası İncelemeleri Dergisi V/2: 325-334.

Байтұрсыновтың 125 мерейтойына орай қырғыз тілі және Ахмет Байтұрсынұлы

1925 жылы 25 мамырда Бішкекте Қара қырғыз автономиялық облысының педагогикалық съезі болған. Бұл съезге Орынбор қаласынан Ахмет Байтұрсынұлы шақырылып, қырғыз тілінде баяндама жасаған. Мақала Байтұрсынұлының баяндамасына арналған.

13. Gülnar Kokybassova (2007). Kazakistan'da Yapılan Ahmet Baytursınoğlu'yla İlgili Çalışmalar, Türk Dünyası Araştırmaları Dergisi 169: 221-229.

Қазақстанда Ахмет Байтұрсынұлы туралы зерттеулер

Мақала Қазақстанда жүргізілген Байтұрсынұлы зерттеулеріне арналған. Мақаланың негізгі мақсаты Түркиядағы оқырмандарға Қазақстандағы Байтұрсынұлы туралы ғылыми зерттеулерді таныстыру.

14. Emin Özdemir (2008). Ahmet Baytursunov'un Hayatı ve 20. Yüzyılın Başında Kazakistan'da Eğitim Faaliyetleri İçindeki Yeri. Dumlupınar Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi, 22: 56-87.

Ахмет Байтұрсыновтың өмірі және 20 ғасырдың басындағы Қазақстанда оқу-ағарту ісіндегі орны

20-ғасырдың басында Қазақстандағы оқу-ағарту жұмыстары дәстүрлі медреселерде, орыс тілінде білім беретін қазақ-орыс мектептерінде, татар жәдитшілерінің ықпалымен ашылған *усули жәдит* мектептерінде жүргізілген. Сол кезде Байтұрсынұлы бірнеше мектепте оқутышылық қызмет атқарған. Мақалада Байтұрсынұлының педагогикалық қызметіне шағын шолу жасалған.

15. Nergis Biray, Rayhan İymahanbetova (2013). Ahmet Baytursınulı'nın Yirmi Üç Coqtavı (Ağıdı), Prof. Dr. Önder Göçgün'e Armağan (Editör: Mithat Aydın), Pamukkale Üniversitesi Yayınları, Denizli, s. 235-250.

Ахмет Байтұрсынұлының 23 жоқтауы

Қайтыс болған адамның артынан айтылаталын азалы өлеңдер қазақ тілінде *жоқтау* деп аталады. Байтұрсынұлы, қазақ ауыз әдебиетіндегі 23 жоқтауды құрастырып, қазақ фольклортану ғылымына да үлес қосты. Мақалада Байтұрсынұлы құрастырған жоқтаулар орын алған.

16. Gülnar Bozımbaykızı SAİGY (2015). Ahmet Baytursınoğlu ve Kazak Ceditçiliği. Uluslararası Türkçe Edebiyat Kültür Eğitim Dergisi Sayı: 4/1: 189-193.

Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ жәдитшілдігі

Мақалада қазақ зиялылары мен Ахмет Байтұрсынұлының жәдитшілдік, яғни реформаторлық әрекеттері туралы ақпарат орын алған. Қазақстандағы жәдитшілдік қозғалысы Исмаил Гаспринскийдің «Тәржіман» газетінің арқасында танып-білінген. Жәдитшіл білім беруді қолдау мақсатында Байтұрсынұлы қазақ зиялыларымен бірге оқулық дайындаған. Байтұрсынұлы жәдит тақырыбын тек оқулықтарда ғана емес, газет-журналдарда да жариялап, оқырмандарымен пікір алмасып отырған. Мақалада Байтұрсынұлының жәдитшілдікке қатысты іс-әрекеттері баяндалған.

17. Nergis Biray, Sema Eynel (2015). Kazak Türkçesinde Terim Yapma Yolları -Ahmet Baytursınulı Örneği ile-, VII. Uluslararası Dünya Dili Türkçe Sempozyumu Bildirileri (Editörler: A. Buran, E. Alkaya, F. Özek, S.K. Yalçın), Fırat Üniversitesi Basımevi, Elazığ, s. 473-498.

Ахмет Байтұрсынұлы қолдаған принциптер негізінде қазақ тілінде термин жасау тәсілдері

19 ғасырдың екінші жартысында басталған қазақ тіліндегі терминжасам жұмыстары калька тәсілімен болуымен қатар ұлттық лексика төңірегінде өрбіту әдісімен іске асты. Қазақ зиялылары салалық, мамандық термин жасауда қазақ тілінің ішкі және сыртқы көздерін ұрымтал пайдаланды. Байтұрсынұлы қазақ тілінің лексикалық қорын пайдалана отырып, терминдерді ұлттық деңгейде жасау принциптерін алғашқы рет баяндап берді. Мақалада Ахмет Байтұрсынұлы принциптері негізінде қазақ тілінде термин жасау тәсілдері сипатталған.

18. Nergis Biray (2015). Kazak Bozkırında Başkaldırı ve İsyanın Sesi: Ahmet Baytursınulı. Gazi Türkiyat, 16: 1-14.

Қазақ даласындағы азаттық қозғалысы пен көтерілістің үні: Ахмет Байтұрсынұлы

Мақалада Ахмет Байтұрсынұлының өмірі және оның 20 ғасырдың басында Патшалық Ресейдің қазақ халықына қысымшылық жасауына қарсы іс-әрекеттері туралы баяндалған.

Байтұрсынұлының «Маса» атты кітабында Патшалық Ресей жүйесін сынға алуы осы мақаланың негізгі тақырыбын құраған.

19. Nergis Biray (2016). Ahmet Baytursınulı Kazak Dilbilimi ve Terim Dünyasındaki Yeri, Köroğlu Aylık Dil, Kültür ve Edebiyat Dergisi, 7: 31-35.

Ахмет Байтұрсынұлы, Қазақ тіл білімі және оның терминологиядағы орны

Мақалада Ахмет Байтұрсынұлы туралы мәлімет берілгеннен кейін Байтұрсынұлының қазақ терминологиясының қалыптасып дамуына қосқан үлесі туралы баяндалған.

20. Nergis Biray (2017). Kazak Edibi Ahmet Baytursınulı'nın Şiirlerindeki Deyimler Üzerinde Bir İnceleme, Modern Türklük Araştırmaları Dergisi 14/3: 44-82.

Қазақ ақыны Ахмет Байтұрсынұлының өлеңдеріндегі тұрақты тіркестерді талдау

Фразеологиялық тіркестер тілдің сөздік құрамының маңызды бөлігін құрайды. Фразеологиялық тіркестер әлеуметтік құрылымның да көрсеткіші болып табылады. Бұл мақалада А.Байтұрсынұлы қолданған тұрақты сөз тіркестері лексикалық мағыналарына қарай жіктеледі.

21. Shynar Seyitova, Nergis Biray, Serikkul Satenova (2018). Ahmet Baytursınulı: Millî Üstat, Türk Düşüncesi Yolunda Mehmet Akgün'e Armağan (Editör: F. Karahan, F. Gül, M. Köktürk), Aktif Düşünce Yayınlar, Ankara, s. 613-620.

Ұлт Ұстазы – Ахмет Байтұрсынұлы

Мақаланың тақырыбы – ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының ұлттық білім негізінде қазақ тіл білімінің теориялық негізін қалағаны туралы. Мақалада Байтұрсынұлының қазақ халқын дамыған, іргелі халықтар деңгейіне жеткізу жолындағы талпыныстары баяндалған.

22. Nergis Biray (2018). Kazak'ın İrge Taşı, Alaş'ın Sesi: Ahmet Baytursınulı, Bilim ve İnsan Şahsiyetini İnşa Edenler (Editörler: Z. B. Özer, F. Yapıcı, Ş. Aktay), Gazi Kitabevi, Ankara, s. 159-176.

Қазақтың іргетасы Алаштың үні – Ахмет Байтұрсынұлы

Бұл мақалада лингвист, ақын, педагог және түркітанушы А.Байтұрсынұлының өмірі, еңбектері мен Алаш Орда қозғалысы аясындағы орны мен қызметі сипатталған.

23. Nergis Biray (2019). Alaş'ın Aydınlatıcı Önderi Ahmet Baytursınulı, Türk Edebiyatı Aylık Fikir ve Sanat Dergisi, Kazak Edebiyatı Özel Sayısı, 549: 58-62.

Алаштың ағартушы көсемі Ахмет Байтұрсынұлы

XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы – Ахмет Байтұрсынұлы. Ол Алаш партиясы бағдарламасын даярлаған ұжымның құрамында болды. 1919 жылы Ахмет Байтұрсынұлы Алаш Орда үкіметі атынан Мәскеуге Кеңес үкіметімен келіссөзге аттанды. 1920 жылы Ленинге жолдаған хатында Қазақстанды басқару ісіндегі қадамдарын қатаң сынға алды. Мақалада Байтұрсынұлының Алаш Орда қозғалысы ішіндегі ролі сипатталған.

24. Nergis Biray (2019). Ahmet Baytursınulı, Türkiye Dışındaki Türk Dünyası Türkologları -Dilciler- (Editör: Ahmet Buran), Akçağ Yayınları, Ankara, s. 275-286.

Ахмет Байтұрсынұлы

«Түркиядан баска түркі әлемінің тіл маманы түркологтары» атты екі томдық бұл кітаптың Қазақстандық ғалымдар бөлімінде А.Байтұрсынұлының өмірі және шығармалары туралы мәлімет берілген.

Осы мақалада қарастырылған Түркиядағы Ахмет Байтұрсынұлы туралы зерттеулердің жалпы саны 29 болып табылады.

Диссертацсиялар	Монографиялар	Мақалалар	Жалпы
4	1	24	29

Қорытынды

Түркітанушы, лингвист, ақын, педагог және аудармашы Ахмет Байтұрсынұлының түркологиядағы орны мен ролі ерекше маңызға ие. Байтұрсынұлы тіл мен білімге деген көзқарасының арқасында қазақ ағартушылығына жаңаша үдеріс әкелді. Байтұрсынұлы қазақ терминологиясының негізін қалаған, алғашқы қазақ оқулықтарын дайындаған, қазақ емлесін түзген тілші болып өз ғасырында тілтанушы-ғалым ретінде өшпестей із қалдырды. 1920 жылдан бастап, А. Байтұрсынұлы ғылыми-педогогикалық жұмыспен айналысты, *Тіл құралы* атты қазақ грамматикасын жазды. Үш кітаптан тұратын бұл еңбегінде қазақ тіл білімінің қазіргі кезде қолданыста жүрген көптеген терминдерін сол дәуірде қалыптастырып үлгерді.

Бастауыш, баяндауыш, шылау, зат есім, етістік терминдерді; ана тілі, жабық мәсіліс, ашық хат сияқты номинацияланған қолданыстарды дүниеге келтірді. Әдебиет, мәдениет, тарихқа байланысты жазғандары мен «Қазақ» газетін шығарудағы еңбегі қазақ халқының мәдени өміріндегі баға жетпес рухани байлық. Ахмет Байтұрсынұлы араб графикасына негізделген қазақ алфавитін түзіп-түрлендірді. Ол түрлендірген алфавитті белгілі түрколог Поливанов ұлы жаңалықтардың қатарынан көрді. Яковлев, Менгес, Комри сияқты шетелдік ғалымдар «Байтұрсынұлы алфавитінің» жетілген алфавит екенін мойындады.

Ахметтанудың ғылыми тұжырымдалуы – 1919-шы жылдан бастап келе жатқаны белгілі, мұндай іргелі зерттеу Түркияда да жалғасын таппақ. Осы зерттеу нысанын 6 тақырыптық мазмұнда жіктей аламыз:

Өмірі мен шығармашылығы	31%
Байтұрсынұлыдан аударма	15%
Өлеңдері	12%
Педагогикалық қызметі	12%
Лингвистикалық еңбектері	12%
Алаш ордадағы қызметі (ролі)	9%
Емле	6%
Ауыз әдебиеті	3%

Диаграммалық процеттік үлес бойынша көрінісі:

Осы диаграммада көрініп тұрғандай, Ахмет Байтұрсынұлы туралы Түркияда ең көп зерттелгені өмірі мен шығармашылығы болып табылады. Байтұрсынұлының шығармаларының ішінде түрік тіліне ең көп аударылғаны – өлеңдері. «Жаңа Мектеп» журналындағы педагогика және тіл біліміне қатысты мақалалары мен Абай Құнанбайұлы туралы бір мақаласы түрік тілінде ғылыми айналымға енген. Бірақ тіл біліміне қатысты «Тіл құрал», «Оқу құралы», «Тіл жұмсар» сияқты аса құнды еңбектері осы күнге дейін аударылған жоқ. Болашақта Ахаңның бүкіл еңбектері түрік тіліне аударылып, Түркия Республикасында Ахметтану ғылымы одан әрі дами түседі деген үміттеміз.

Әдебиеттер

Biray, N. (1999). Ahmet Baytursunoğlu ve Eserleri (1873/1937). PAÜ Eğitim Fakültesi Dergisi, 5: 10-16.

Hüseyin, K. (2002). Kazak Dil Bilgini Ahmet Baytursınov. (Translator: Ali Abbas Çınar). Türk Dünyası Dil ve Edebiyat Dergisi, 14: 223-233.

Жұбаева, О. (2017). Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. Астана: Алашорда қоғамдық қоры.

Имаханбетова Р.С. (2010). Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының ғұмырбаяны (мұрағат деректері негізінде). Астана: Педагогика ПРЕСС.

Ісімақова А.С., Мұстафаева К., Хаван А., Имаханбет Р. (2013). Байтұрсынұлы Ахмет, Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл құрал (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). Алматы: Ел-шежіре.

Кахраман М. (2010). Түрік, қазақ тілдері терминологиясының даму жолдары және лингвистикалық терминдер. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттик университеті жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасы, Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферат. Астана.

Қайдар, Ә. (1998). Казахская терминология. Актуальные вопросы Казахского языка. Алматы: Ана тілі.

Құрманбайұлы, Ш. (2008). Алаш және терминтану. Алматы: Ел-шежіре.

Салқынбай А.Б., Көккөзова М.Б. (2006). Қазақтың тілші-әдіскер тұлғалары. Алматы: Нұр-пресс.

Сыздықова, Р. (1990). Ахмет Байтұрсынов. Алматы: Қазақ ССР білім қоғамы.

Тұрғараева, Г.М. (2015). Ахмет Байтұрсыновтың қоғамдық – саяси және мемлекеттік қызметі (1872-1937 жж.). Алматы: Нур-принт.

References

Biray, N. (1999). Ahmet Baytursunoğlu ve Eserleri (1873/1937). [Akhmet Baitursynov and His Works (1873/1937)]. PAÜ Eğitim Fakültesi Dergisi, 5: 10-16.

Hüseyin, K. (2002). Kazak Dil Bilgini Ahmet Baytursınov. [Kazakh Linguist Akhmet Baitursynov]. (Translator: Ali Abbas Çınar). Türk Dünyası Dil ve Edebiyat Dergisi, 14: 223-233.

Imahanbetova, R.S. (2010). Ğasır Saŋlağı: Ahmet Baytursınulınıŋ Ğumırbayanı. [Biography of Akhmet Baitursynov]. Astana: Pedagogika Press.

Isimakova A.S, Mustafayeva K., Havan A., Imakhanbet R. (2013). Baytursınulı Ahmet, Altı tomdıq şığarmalar jiynağı, Til Qural. [Akhmet Baitursynov: His Six-Volume Works]. Almatı: El-şejire.

Jubayeva, O. (2017). Ahmet Baytursınulınıŋ tiltanımdıq murası. [Linguistic heritage of Akhmet Baitursynov]. Astana: Alashorda qoğamdıq qorı.

Kahraman, M. (2010). Türik, Kazak tilderi terminolojiyasınıŋ damuw joldarı jane lingvistikalıq terminder. [Ways of development of terminology of Turkic and Kazakh languages and linguistic terms]. L.N.Gumilyov Eurasian National University, doctoral thesis, Astana.

Kaydar, A. (1998). Kazahskaya Terminologiya. [Kazakh terminology]. Aktualnıye vaprosı Kazahskogo yazıka. Almatı: Ana tili.

Kurmanbayulı, Sh. (2008). Alash jane termintanuw. [Alash and terminology]. Almatı: El-şejire.

Salkınbay A.B., Kökközova, M. B. (2006). Kazaktıŋ tilşi-adisker tulğaları. [Kazakh Linguistic methodologists]. Almatı: Nur-press.

Sızdıkova, R. (1990). Ahmet Baytursınov [Akhmet Baitursynov]. Almatı: Kazak SSR.

Turğarayeva, G.M. (2015). Ahmet Baytursınovtıŋ qoğamdıq-sayasi jane memlekettik qızmeti (1872-1937). [Socio-political and public activity of Akhmet Baitursynov (1872-1937)]. Almatı: Nur-print.

МАЗМҰНЫ – CONTENTS – СОДЕРЖАНИЕ

1-бөлім
Шығыс филологиясы

Section 1
Oriental philology

Раздел 1
Восточная филология

Z. Haji Shahkaram
Al-Farabi and philosophical analysis of language 4

А.Р. Ибраимова
Қазақ және қытай тілдеріндегі «сәлемдесу» этикетінің лингвомәдени ерекшеліктері 14

2-бөлім
Шығыс деректануы

Section 2
Oriental source studies

Раздел 2
Восточное источниковедение

Р.С. Мухитдинов
Әл-Фарабидің «Усул ъилм ат-Табиъа» трактатына теолингвистикалық талдау (еңбектегі «рух» бөлімі негізінде) 24

M.A. Kassymova
Features of the 14th Century Dictionary "Kitab Bulgat Al-Mushtaq" And Its Thematic Composition 33

Ғ.Ә. Қамбарбекова, Г.М. Әбикова
Алматы кітапхана қорларындағы Әлішер Науаидың қолжазбалары мен көне басылымдары 40

3-бөлім
Азия мен Африка елдерінің саясаты және халықаралық қатынастары

Section 3
Politics and international relations of the countries of Asia and Africa

Раздел 3
Политика и международные отношения стран Азии и Африки

А. Ақылбай
Сингапурдың экономикалық дамуындағы үкіметтің рөлі 54

S. Kondapalli, L.F. Delovarova, A.B. Yermekov
SCO enlargement: problems and prospects in the context of Iran's accession 63

A.S. Turar
Social transformation paradigm: paradoxes between traditionalism and modernism in Pakistan and India 73

4-бөлім
Шығыс елдері тарихы

Section 4
History of the countries of the East

Раздел 4
История стран Востока

Р. Пандей, С. Исмагулова
Ежелгі АО Нагалары қоғамындағы «бас алу» түсінігі 80

Е.А. Ефремов
Американские корейцы: генезис диаспорной и этнической идентичностей 89

V. Kim, N. Yem
Globalizing Central Asian human resources and soft power of Japanese education 102

О. Қабадайы
Ахмет Байтұрсынұлының түркологиядағы орны және Түркияда «Ахметтану» 111